

ЖҰМАҒАЛИ  
САИИ

1965D



# ЖҰМАҒАЛИ САИН

## ШЫҒАРМАЛАР

ҮШ ТОМДЫҚ

ТОМ II



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ  
А Л М А Т Ы — 1978

Редакция алкасы:

ҒАЛИ ОРМАНОВ, ӘДИ ШӘРІПОВ,  
СЕРІК ҚИРАБАЕВ,  
СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ, ЕСЕТ ӘУКЕБАЕВ,  
САҒИ ЖИЕНБАЕВ.

Құрастырған АЛДАН САИН

С  $\frac{70403-173}{402(07)78}$  доп.— 78

012.

# ӨЛЕҢДЕР

## АТТАНАЙЫҚ МАЙДАНҒА

Телегей-теңіз қан майдан,  
Тебіренді қыз бен ұл,  
Зеңбіректер аңырады,  
Тігіренді ой мен қыр.  
Мен де аттандым жорыққа,  
Бір жүрейік кел,

достар.

Жау алғанда жағадан,  
Жарақтанбай кім тұрар.  
Арқыра тұлпар аттарым,  
Ауыздығың қаршылдап,  
Аттанайық майданға  
Қызыл жабу жамшылап.

Тебінгімнен тер ақсын,  
Теңселме сонда теңбіл көк,  
Қанжығамнан қан ақсын,  
Қатарласа қусын оқ.  
Қажыма сонда, жануар,  
Қабағымды мен шытпан,  
Қарайламан артыма,  
Шүберекте шыбын жан.  
Күркіреп жаңбыр орнына  
Оқ жауса да аспаннан,  
Кескілермін дұшпанды,  
Қылыш түспес қолымнан.  
Аттанайық,

достарым,

Қару-жарақ тағынып,  
Кімді намыс кернемес,  
Жау тұрғанда қағынып.  
Тұлпарлардың жібектей  
Кекілдері таралсын,  
Маңдайына меруерттен  
Қызыл жұлдыз қадалсын.

*1941 жыл, июнь.*

\* \* \*

Есіне ал мені, есіне ал  
Дауылды күнде бұрқанған,  
Жаны бір сұлу сүйген жар,  
Табармын деме жиһаннан,

## АТТАНАРДА

Кәрі дүние шайқалды тағы да бір,  
Торлады бұлт күн көзін, басты ауыр зіл.  
Жаракты жау жалмауыз ажал-сынды  
«Келсін маған» деп менің алдымда тұр.

Кеттім. Қауіп дүниесі еншім менің,  
Садағыңмын, қасиетті Отан, сенің.  
Қанды жорық жолына бірге аттаншы,  
Жарып шығар кеудемді өлендерім!

Нығыз баса табанды, сұр шинельмен,  
Шықтым жолға достар көп қасыма ерген.  
Сенің Шолпан жұлдызың сөнбесін деп,  
Қысқа ғана қоштастым туған елмен.

Жеткіз жылдам. Майданның даласына,  
Оқ пен оттың қаулаған арасына!  
Ақса қаным, анямдай мені өсірген  
Шипа болар Отанның жарасына.

Жеткіз мені! Қарсы алсын өрт пен жалын!  
Саған, жолдас қолбасшы, жалынамын,  
Кескілескен айқаста бір сынайын  
Кердең басқан көшеде ақын жаның.

Жеткіз!  
Отан қауіпте, тез барайын,  
Тез барайын, фашистен кек алайын.  
Түңдей қара жүрегін тура тіліп,  
Қанжарымды қанына бір малайын.

Қас жауымды мұқатпай қарсы шауып,  
Тоғыз ажал, тұрса да тоқсан қауіп,  
Жанды азаға, жүректі жауға тоспай,  
Жата алмаспын үйімде ләззат тауып.

Қош, туған жер! Көрермін келсем тірі,  
Жүзің ыстық, не деген қойның жылы!  
Топырағыңмен жабарсың жас денемді,  
Болсам егер құрбанның мен де бірі.

Қош, достарым! Ұяда жастан өскен,  
Кездесерміз майданда бел-белестен.  
Қош, елдегі замандас, үлкен-кіші,  
Не жақсы, не бір кезде жаман дескен.

Ер партиям, ана боп сен тербеттің,  
Білім бердің, өсірдің, мен ер жеттім.  
Саған төнген қауіпке қарсы аттанып,  
Ақ жолыңда өлуді арман еттім.

*1941*



\* \* \*

Шайқасқа кеттім ел үшін,  
Шарт сынау болат салты деп .  
Шабуылға сан кірдім,  
Артылсын Отан даңқы деп,

*1941*

## **ЖАБЫҒА БЕРМЕ, ЖАН СӘУЛЕМ**

Жабыға берме, жан сәулем,  
Жарқылда гауһар тасындай.  
Қамыққанмен қайтпаспын,  
Қанды майдан басылмай.

— Ей, аждаға!  
Мыстан кемпір  
Кейпіне  
Түскен залым!  
Екі көзің,  
Екі ұртың қан,  
Жеген етің  
Жас баланың.  
Сен, сұм Гитлер!  
Көзің салшы  
Алдындағы  
Табағыңа!  
Қолыңдағы  
Тамағыңа!  
— Не қолыңда?  
Жасырма, азғын.  
Қорегің мен  
Ішкен асың,  
Жеген наның,  
Шайнағаның:  
Француздардың  
Бауыр еті,  
Голландықтың  
Сауыр еті,  
Гректердің жүрегі,  
Немістердің  
Бүйрегі...  
Осы — сенің  
Ішкен асың,  
Осы сенің  
Жеген наның.  
Сен — аждаға,  
Жан — тамағың,  
Сен мыстансың,  
Қан — шарабың.  
Қап-қараңғы  
Төсегіңнен  
Оқтын-оқтын  
Түрегеліп,  
Кейде қорқау,  
Кейде жылан

Бейне адамның  
Түсіне еніп.  
Немістердің  
Жас баласын  
Жанған отқа  
Шыжғыртасың,  
Уыт басып,  
Оны жейсің.  
Сонсын тығып  
Қойдыртасың.

\* \* \*

Сенің байың —  
Жуһа жылан,  
Ол да адамның  
Етін жеген,  
Бір күн қансыз  
Тұра алмаған,  
Қап ішпесе,  
Еңіреген.  
Содан бала  
Бітіп саған,  
Гитлер «ханым»!  
Болдың талғақ,  
Жерігіңді  
Басамын деп,  
Талай елді  
Жұттың жалмап.  
Поляқ, грек,  
Голландықты.  
Белгияны,  
Норвегтерді  
Шауып алдың  
Қанға бояп,  
Қақтап етін  
Қойдың орап.  
Қанын ішіп,  
Етін жедің.  
Талғағыңды  
Баса алмады,  
Не қақалып  
Сен өлмедің.  
Араныңды

Аштың тағы.  
Тағы жерік  
Бола бердің.  
Ей, аждаһа —  
Гитлер залым!  
Маскүнемдік  
Әдетіне  
Шарап еттің  
Адам қанын.  
Гестапоңа  
Бауыздатып  
Күнде адамды  
Сойдырасың.  
Геринг пен  
Геббельсті  
Жарылғанша  
Тойдырасың.  
Адамдардың  
Тұтас етін  
Алдарына  
Қоясыңдар,  
Құлақтарын  
Отап алып,  
Сонсын көзін  
Оясыңдар.  
Сен Гитлерсің!  
Сен — аждаһа  
Мыстан кемпір  
Түріне енген!  
Жуһа жылан —  
Сенің байың,  
Тек адамша  
Түсі өзгерген.  
Ей, Аждаһа —  
Мыстан кемпір!  
Жерігіңді  
Баса алмай сен,  
Жалмаймын деп  
Алыстың ғой  
Байтақ совет  
Халқыменен.  
Жемейсің сен  
Бізден етті,

Іше алмайсың,  
Қанымызды,  
Шыққан күнді,  
Жоя алмайсың,  
Құрта алмайсың,  
Таңымызды!  
Ет орнына  
Оқ береміз,  
Қабырғанды  
Сөгетұғын,  
Май орнына  
Алмас қылыш,  
Қаның судай  
Төгетұғын.  
Ішіндегі  
Жыландарды  
Ақтарармыз  
Жарып қана.  
Құртармыз біз  
Аждаһаны,  
Жанған отқа  
Қарып қана.  
Тиген — өзің!  
Жерге қақпай,  
Талқан етпей,  
Қоймаймыз біз!  
Көрсіз қалдың,  
Көмуің жоқ,  
Бұл дүниені  
Көруің жоқ,  
Ей, аждаһа —  
Гитлер залым!  
Үкімі осы  
Бұқараның!  
Осы болса  
Сағынғаның  
Шықты жаның  
Шықты жаның!

## МАҒАН КҮШ БЕР

(Иван Франкодап)

Туғызған бар әлемді анамсын, жер,  
Майданда қайыспайтын болайын ер.  
Күшіңнен көлдей болған түбіндегі,  
Ей, ана, бір тамшысын маған да бер.

Жылылық бер кеудемді кернегендей,  
Қан тасып, сезім көкке өрлегендей,  
Адалдық, туысқандық бер адамға  
Өмірде тасқындай боп кеулегендей.

Дүниені нажағайдай тітірентер,  
Ұлы әмір, жалындаған өткір сөз бер.  
Қайрат бер зұлымдықты жеміргендей  
Мәңгілік әділдікті аңыз етер.

Қолға күш бер бұғауды талқандарлық,  
Ойға ізгілік, жүрекке түссін жарық.  
Бер еңбекті, өлсек те соныменен  
Сол еңбекпен ілгері ұмтылалық!

## МОЙСЕЯ

(Иван Франкодан)

Азаптан, халқым менің, мехнаттан  
Күйзеліп, жын соққандай селкілдедің.  
Ұялып келешектен, жас ұрпақтан,  
Келмейді түні бойы ұйқым менің.

Жазып па өмір бойы маңдайыңа  
Көршінің құлақ кесті құлы болу,  
Күштінің жүре беру ыңғайына,  
Ызаны іште сақтау, азап шегу.

Неліктен, ащы күлкі, мұңды қайғы  
Әніңнен төгіледі сенің салған.  
Күшті сөз, жалынды ой, ұлы сенім  
Тіліңнен төгіледі талай арман.

Жоқ, саған қайғыменен жасты төгу  
Мәңгіге маңдайыңа жазылған жоқ.  
Сенемін, аттанарсың көтеріп шу,  
Қиратар залымдарды езілген көп.



## ҚАЙРАТҚА ЖЕҢДІР ҚАЙҒЫҢДЫ

Қамқадан қара тон киіп,  
Қабағың қарыс жапқанмен,  
Қайғыны жасың жуа алмас.  
Қақ айрылып жүрегің,  
Қасіретке қалың батқанмен,  
Қара бір көзің суалмас.  
Қас қаруын аямас,  
Қасиетің өшер басыңнан.  
Қаралы қатын орны деп,  
Қарындас кетер қасыңнан.  
Қайратқа жеңдір қайғыңды,  
Қамықпа, ерім, жас төгіп,  
Қап-қара тұман қаптасын,  
Жарқыра күндей бір сөгіп.

Алтыны бар да түгі жоқ,  
Аптығы бар да сыры жоқ,  
Жүректен елге не пайда,  
Сәулесі бар да нұры жоқ,  
Сыбыры бар да шыны жоқ,  
Тілектен елге не пайда.  
Сенгені бар да серті жоқ,  
Семсері бар да еркі жоқ,  
«Серіден» елге не пайда.  
Сүрлеуі бар да жолы жоқ,  
Сүңгісі бар да қолы жоқ,  
«Ерінен» елге не пайда.

Қулығың ба айтып тұрған,  
Шын ойыңды жасырып.  
Бал дегенің у ма ұсынған,  
Іштен қанжар асынып!

Ойнақы көз, ақ сұр бетің  
Ардан бұрын туып па ед?  
Тілің майда, сұм ниетің,  
Ішің мұздан суық па ед?

Қасқыр мұндас, қап-қара түн,  
Арсыз жүрек, азғын жол —  
Ақ тілеулі адамға мін.  
Жалғыз-ақ сен пенде бол!

1942

## ӨЗГЕДЕН ЕРЕК ШЫН АДАМ

Ақиқат ерге ар қымбат  
Андыздап өрген малдан да.  
Ақ өлім болар мінәжат  
Аһ ұрып шығар жаннан да.

Жаутаң жок, көзде жалын бар,  
Жанары күндей жайнаған.  
Жарқырап туған жұлдызды  
Жақсы деп айтпас қай надан?

Қасірет қумас қайғы жеп,  
Қаралы күйден зар тартса.  
Қаңқу етпес «менмін» деп,  
Қан кешіп ауыр түн қатса.

Өтірік күлкі, жалған сөз  
Өмірде сайқал жанға тән.  
Өзгермес ойшыл бір мінез —  
Өзгеден ерек шын адам.

## АЛТЫ СӨЗ

«Мағынасы жоқ» кейбір сөздің.  
Қара тастай зілі бар,  
Көзге ілінбес кейбір жанның  
Таң-тамаша сыры бар.

Адам нанбас өтіріктің  
Әлденендей шыны бар,  
«Алпыс құлаш» нар кескеннің  
Алты қарыс қыны бар.

Ерге біткен ет жүректің  
Алуан-асыр түрі бар,  
Томсырайғаң тас түнектің  
Бір жарқ етер күні бар.

## ТҮН ҚАТАДЫ ПАРТИЗАН

Қаңтар күйі қарт боран,  
Жынданады айғай сап,  
Аш арыстан сымбатты  
Азу тісі сақылдап.

Абыржымай, ақырын.  
Теңселеді қара орман,  
Мұздай темір құрсанып  
Түн қатады партизан.

Түн қатады партизан,  
Қар құшады, мұз жайлап,  
Қалтырамас біреуі,  
Көр қылсаң да ойбайлап.

Қатал, қайсар жүрегі  
Қайтпас боран кәрінен,  
Қымбат елдің намысы  
Партизанға бәрінен.

Жүрегінде тулаған  
Намысы бар, ары бар,  
Жауда қалған елі бар  
Қайғысы бар, зары бар.

Қан жас аққан көзінен  
Ыза менен мұң батып,  
Қатың, бала кегі үшін  
Жүрген жандар түн қатып.

Ауыр қолы бұлардың  
Қарулары алмастан,  
Қалтырайды фашистер  
Маңайына бармастан.

Қатал, қатал партизан!  
Қаңтардан да алды тар,  
Қатал бол деп үйреткен  
Туған бала, сүйген жар.

Бұрқылда боран жындана!  
Кең даланы қар бассын,

Кегін алсын партизан.  
Фашистерді қан бассын!

Қара орманды шайқалтып,  
Кәрі еменнің басын ій!  
Қан жорықтан оралып,  
Партизандар тартсын сый.

1943

Иә

## СЕНДЕРДІ ТЕРЕҢ ОЙҒА АЛСАМ

(Мәлік Ғабдуллинге)

Қасқая қара тон киіп,  
Қаусыра түйме тағынған,  
Қаңтарда кірпік қақпаған,  
Қанды айқаста сабылған.  
Қалтырамас ажалдан  
Қиядан тілеп өзі ұшқан,  
Қырғында Отан атымен  
Қамалға шауып отқа ұшқан.  
Қыран бүркіт сипатты  
Қияғы болат қайрылмас,  
Құрыштан сомдап суарған  
Құзға шапсан майрылмас,  
Қайратына көркі сай,  
Қапысы жоқ сөзінде.  
Қадалса бейне нажағай  
От жайнаған көзінде.  
Қадірлі құрбы, қайран дос.  
Езгі бір күні, еске алдым  
Қаусырма жақтан сөз шықты,  
Ақ жүректен толғандым.  
Сом сомдап қару асынып  
Соқтығыста бір жүрген,  
Сом темірдей шыңдалып,  
Сағасы өткір сүңгіден —  
Сөйлеспей-ақ сыр ұққан,  
Күнінде жаумен қырқысып,  
Оқ түкіріп, қан жұтқан.  
Семсердің жүзі секілді  
Сілтесе, қиғыр — нар кескен  
Серкесі адам ұлының,  
Сертіне жетіп бел шешкен,  
Серігін жауға алдырмас  
Сенімді құздың түлегі.  
Себелеп тұрса жолында оқ,  
Селт етпеген жүрегі.  
Сауғасы жоқ серті бар,  
Сау басы жоқ, еркі бар —  
Сендерді терең ойға алсам,  
Тебіренер де тұла бой,  
Теңіздей дүнием шайқалар.



Сарғая батқан күндейін  
Сан жарықтың сөнгенін,  
Сапырлысқан майданда  
Сақылдап ажал төнгенін,  
Сапыдан қандар сорғалап  
Сағасынан кіргенін,  
Сабында жүріп өткізген  
Сақадайын сан боздақ,  
Сағындырдың сен мені.  
Сабында неге болмадым,  
Жау қарасы батқанша.  
Жаныңда неге өлмедім,  
Жаралы жан боп жатқанша.  
Жай алмаймын есіме,  
Жабығып алам бұл күйді,  
Жар тәттінің сүйегі  
Жар қасында қалар деп,  
Қамығып алам бұл күйді.

1943

## САҒЫНДЫМ СЕНІ, ДОСТАРЫМ

Сағындым сені, достарым,  
Жапаңды кезген партизан,  
Жолбарыстай жортқан түн,  
Жер астында жанған шам...  
Арқырай ұшқан алаурап  
Пулеметтен атқан оқ,  
Жабықсам, жалғыз сырласып,  
Жадыратар сен де жоқ.  
Жапаңда жалғыз бір қала  
Жаныма менің «тас қорған».  
Жақында еді ол мана,  
Жан досыма не болған?..  
Жатырмын мұнда мен неге,  
Жарағым қайда бес қару?!  
Жалынбас ғұмыр пендеге  
Жалынды жүрек болдың у.

Қасыма келші біреуін,  
Қанжарым қайда... автомат?  
Қанды кешер кезімде  
Қайдан тап болған кровать?..  
Қамқорым менің жас қана,  
Украин қызы қарындас,  
Қамықтырма ағанды,  
Бер тілегін, қақпаңды аш!..

Уа, партизан, партизан!  
Жау жүрек сендер арыстан,  
Жойқын жорық болсын қан,  
Сен ыстықсың жалыннан.  
Сен қымбатсың жарымнан.  
Сағындым сені, достарым!  
Сағындым сені, партизан!  
Сәні жоқ жатқан өмірдің,  
Сауығар жарам... аққан қан...  
Сабыңа қайта тұрармын.  
Саусылдап қару бойымда.  
Сан қамалды бұзармын,  
Сабылып түннің қойнында.

*1943 жыл, январь,  
Партизан өлкесі*

## I

Біздер жаттық шеру тартып  
 Украинаның даласында,  
 Кременнойдың ағашында,  
 Ұлы Донец жағасында.  
 Мұнда жатқан партизандар,  
 Ақжүректер, ұлы жандар,  
 Адамдығын сақтағандар,  
 Ана сүтін ақтағандар.  
 Мен де бірге болдым сонда,  
 Бәрі кәзір көз алдымда,  
 Міне Яша отряды,  
 Бізге серік ұзақ жолда!  
 Әне! Изотов, Патерайло,  
 Өз қолымен олар жатыр.  
 Әне олардың оң жағында,  
 Агафонов құрған «шатыр».  
 Одан әрі екі отряд  
 Жақын қонғай бізге қарай,  
 Бәрі ретті, бәрі даяр,  
 Әр минутта ұрысқа сай.

## II

Тоқта, достар, мен айтайын  
 Бәріңізге ерлер жайын.  
 Сағынамын мен оларды,  
 Ұзап күндер өткен сайын.  
 Олар маған тым ардақты,  
 Достар еді бал жаласқан  
 Ел жолында жан беріскен,  
 Сан майданға араласқан.

## III

Көз алдымда жауған оқтай,  
 Кірпік қақпай атқан тандар,  
 Суық аяз... төнген қауіп...  
 Арыстандар — партизандар.  
 Көз алдымда жендет тобы,  
 Жоям деген ұры — фашист.  
 Қан-сел болған қатты соғыс,

Қысылшаң кез... біздің жеңіс...  
Көз алдымда Торскиде,  
Сонау Солдат хуторында,  
Полицейлер біздің қолдан  
Жаһаннамға жан тапсырған...  
Көз алдымда жауған оқтар,  
Кірпік қақпай атқан таңдар,  
Қауіп, ажал, қан кешулер...  
Қаһармандар — партизандар.

#### IV

Олар қазір жорықта жүр,  
Мен отырмын өлең жазып,  
Бірге өткізген күндерді ауыр,  
Әңгіме ғып — етіп азық.  
— Мен кім қазір?— Жаралы жан.  
Сынған сұңқар қанатынан!  
Қалған достар санатынан,  
Жәй бір өмір тербеушісі,  
Жаны нәзік жаратылған,  
Ұйықтап жатыр міне балам,  
Өзім үйім... жағылған шам,  
Еш дыбыс жоқ, ұстап қалам,  
Толғанамын өлең жазам...  
Кеше дауыл ішінде едім,  
Қан мен жалын араласқан,  
Кешегі ажал қайда кеткен  
Маған қарап аузын ашқан?  
— Жоқ, жоқ олар кетті алысқа,  
Мен жарымжан қалдым кейін,  
Бола алмадым достарменен  
Соңғы жеңіс күнге дейін.  
Әрине бұл маған ауыр,  
Көндім бірақ шара қандай,  
Сағынамын достарымды,  
Сүйгенімнен айрылғандай.

\* \* \*

Сендер жоқсын, балаң жатыр,  
Ақ нәресте... қандай ғажап!  
Жарың отыр сүйіп беттен,  
Туғансың деп «папаңа ұсап».  
Бәріңнің де күткен үйін,

Жас нәрестен, сүйген жарын,  
Ілулі әне киімдерің,  
Терезенде жанған шамын...  
Ертең ғана сен келесің,  
Сен келесің жел ескендей,  
Күлер дүние бар адамзат,  
Арманымен тілдескендей.  
Сен келесің алшаң басып,  
Жау қарасы батты дейсің,  
Елімізге туды бақыт,  
Алтын шапақ атты дейсің.  
Сен баланды, жан жарыңды,  
Бәрімізден кеш сүйесің,  
Кеш сүйсең де, ұзақ, рахат...  
Той үстінде дес сүйесің.

## V

Көз алдымда қалың орман,  
Жер астынан салынған үй.  
Сығырайған білте, майшам,  
Ұйқысыз түн, өткен ылғи...  
Қан жорықтан алған олжа,  
Неміс, Румын, сорлы Поляк.  
Тұтқын болып біздің қолда,  
Отырушы ед сасып арақ.  
Көз алдымда үстімізден.  
Күндіз-түні зырлаған оқ  
Қаптаушы еді қарателдер  
Мың да, мың боп, еш тыным жоқ...  
Қанды күндер, қара түндер.  
Өткен талай біздің бастан.  
Ажалды оқпен,  
ер жүрекпен  
Қарсы алғанбыз тапжылмастан.  
Шіркін сабаз, тар кезенде  
Өзін елдің еткен ері,  
Сан жорыққа бірге аттанған,  
Қайда ұмытсын қазақ сені.  
Көз алдымда қалың орман...  
Ұзақ түндер... суық таңдар...  
Елдің кегін қанмен жуған  
Қаһармандар — партизандар!

1943

## АЙТЫЛМАЙ КЕТКЕН АМАНАТ

(Жаудың оғынан қаза тапқан партизандар:  
Әбдеш Ғабдолов пен Василий Шербаковқа ескерткіш)

### I

Ауыр бір минут басталды,  
Айта алмас адам тіл жетіп,  
Ат қойдық фашист қолына,  
Күн андысқан түн бекіп.  
Дірілдеп кетті жер мен көк,  
Дүмпуге ұлы шыдамай.  
Дүниеге қайран еттім мен,  
Қалайша тұр деп құламай.  
Жер бауырлай жөңкіле  
Танкі ұмтылды, қызды айқас.  
Салмағына шыдамай,  
Қақ жарылды қара тас.  
Сүзгілесті көк темір,  
Жекпе-жекте екі дай,  
Дірілдеп жер құйқасы,  
Жарқылдады нажағай!  
Жалынменен аралас,  
Ер ұмтылды із қалды,  
Ебелек өмір ұшқыны,  
Бір басылды, бір жанды.  
Қарқылдап күлді сұм ажал,  
Қабырға тартып қан жұтып!  
Қаусады гүлдей сан боздақ,  
Жау андыған, жан күтіп.  
Жаңбырдай жерге оқ жауды,  
Серейді өлік... ақты сел...  
Жарасын баса қолымен,  
Ызалы алға жүгірді ер.  
Қамалды мұндай кім көрген,  
Қан сасыды жер мен көк.  
Қадамың апат бір төнген,  
Артың жалын, алдың шоқ.  
Қара күрең жер-дағы,  
Қан тамырын өрт шалған.  
Қазылып жатыр топырағы  
Қатерде тұр бұл жалған.  
Қарсы ұмтылған ажалға

Ар, адамдық, намыс шам.  
Қайран ел, сенің жолыңда,  
Жар садаға, жан құрбан.

## II

Күшейе түсті бұл шайқас,  
Серігім кетті оққа ұшып.  
Көзіме қанды жас алдым,  
Қапсыра оны мен құшып,  
Қайран өмір, қайран ер,  
Қалайша кеттің сен тастап.  
Ажалға қарсы аттанған,  
От жамылып, оқ жастап,  
Өмірдің уыз бағыланы,  
Жас нәресте кейпінде,  
Жабығу деген бар ма еді,  
Жалынды сенің көркіңде?!  
Уа, дариға, жастық шақ,  
Жаңа бір атқан қызғалдақ.  
Жабылмай шоғың тұрса ұзақ,  
Жалығар ма еді-ау жан қарап!  
Ұштың ба оққа серігім,  
Кеттің бе солай тіл қатпай?  
Жұмылды-ау көзің тас болып,  
Қараңғы тартқан бейуақтай.

## III

Күбірлеп сонда сөйледі ол,  
Қолымды қатты бір қысып;  
Жас жаны сая тапқандай,  
Құтыдан жұтым суды ішіп:  
— Анам бар еді алпыста,  
Аппақ шашын күн сүйген,  
Асыл еді жүрегі,  
Айнымаған бір күйден.  
Бесігіме телміріп,  
Ай батқанша қараған.  
Ақ үлдір бөбегін  
Асқарлы шыңға санаған.  
Айбарлы туын, ақ балаң  
Алысқа кетті дегейсің,

Ажалменен айқасқан,  
Шабыста кетті дегейсің.  
Жауар күндей күркіреп,  
Жауға төнді дегейсің.  
Адам жегіш жендетті  
Жаншып өлді дегейсің.  
Он фашисті бір өзі  
Қанға малды дегейсің.  
Қайрылуға тынысы  
Жетпей қалды дегейсің.  
Ана, сенің атыңды,  
Ақтап өлді дегейсің,  
Жүрегінде имандай  
Сақтап өлді дегейсің!

\* \* \*

Қара көзі от жанған,  
Ақ жүзінен нұр тамған.  
Қарындасым Қарлығаш,  
Айта гөр соған, ағажан;  
Екі көзден жас төгіп,  
Қамықпасын дегейсің,  
Қайғы бұлтын жамылып,  
Зарықпасын дегейсің,  
Ертелі-кеш егілген  
Ел болмайды дегейсің!  
Ер намысын қумаған  
Жан оңбайды дегейсің!  
Аға жаудан өлгенде,  
Іні қалар дегейсің!  
Ақ найзаның ұшымен  
Кегін алар дегейсің!  
Жас орнына намыстың,  
Отын жақсын дегейсің!  
Шинель киіп үстіне,  
Қылыш тақсын дегейсің!  
Қас жауынан есесін,  
Қанмен алсын дегейсің!  
Ер майданда айқасып,  
Ұрыс салсын дегейсің!



#### IV

Егіле сөзін тыңдадым,  
Езгі өмірден ер кетті.  
Еліне сәлем жолдады.  
Енді аттанар кез жетті.  
Ернімді қатты тістедім,  
Етімді жара жапқандай!  
Тұңғыық ойға қамалдым,  
Төбемде күнім батқандай.  
Қайта міндім атыма,  
Қалшылдап бойда кекті ашу.  
Ішімде жалын лапылдап,  
Булығып сыртқа тепті ашу.  
Жау тобына айқастым,  
Домалады талай бас.  
Турады баудай зұлымды  
Нар кескен қиғыр ақ алмас.  
Жусады неміс солдатты,  
Жайнады көзім жалындай!  
Жалт берді бір кез жас үміт,  
Жалғаншы бейне сағымдай...  
Жығылдым аттан... жер тартты,  
Жетті деп кезің көз жұмар,  
Үлпілдеп тосты мамығын  
Аппақ жон сұлу ақша қар  
Асау бір менің жүрегім,  
Алқына соқты «Ар! Ар!» деп,  
Етектен өлім жабысты,  
Енді сен ұйықта. «Қал! Қал!» деп.  
Қаламсыз жаздым сонда мен,  
Қаныммен аққан жер сызып.  
Қалаулы өмір кезеңін  
Көзімнен бір-бір өткізіп.  
— «Қадырлы едің, туған жер,  
Қасиетті еді сенде өмір.  
Қолымнан ұшқан құс болды  
Қайрылмас маған енді о бір.  
Қарағай, қайың, тау, орман,  
Құрбыжай дүние кең сарай,  
Жарасып әзіл, қалжыным,  
Өткіздім жасты бірталай.  
Таусылды дәмің мен татар,  
Тағдырға көнді ер жүрек,

Қабырға келер сүйген жар,  
Қарақат көзі мөлдіреп.  
Кешіндер мені, жас құрбым,  
Кей кезде қатты күлсем мен,  
Кес-кестей алдын тобыңның,  
Кекжие қарап жүрсем мен.  
Кеудеме біткен ұлы күш,  
Көлеңке тартпай көкке асса,  
Көнбеймін өмір десе де,  
Көндірем деп айқасса,  
Кешіндер мені сонда да,  
Мен кешермін бәріңді,  
Кешпесін жалғыз сұңғыла  
Жалған дос, жады, залымды.  
Қадырлым менің Украина,  
Қабырым сенде салынар,  
Көмірдей қара топырағың,  
Кебінім болды жамылар.  
Туған жерден сен қымбат,  
Жүрегімнен қан тамған,  
Өн бойымды оқ шарлап,  
Мандайымды күн шалған.  
Айқасқан құшақ айрылмас,  
Айғағы болсын осы жер.  
Әділет пенен зұлымдық  
Майданы болған осы жер»  
Жан тапсырар кезімде,  
Жалпыға арнай жаздым хат,  
Жаныма қатты батқан соң,  
Жан досым айтқан аманат.  
Тауып оқыр достарым,  
Жерде қалмас осы хат,  
Ел аузында жыр болар,  
Айтылмай кеткен аманат.

## КАЗАК ЖЫРЫ

(Сибирь казактарының өлені)

Жиналайық, жас казактар,  
Бір араға топталып.  
Қызыл гүлді қыз туралы  
Жіберейік ән салып.  
Шіркін, жастық, сен тұрақсыз,  
Соққан желдей ағылған.  
Шіркін, сұлу қара қас қыз  
Жібек шәлі жамылған.  
Келеді әне аппақ сұлу,  
Тал шыбықтай бұралады,  
Әшекейлі орамалдын  
Шеті жерге шұбалады.  
Келеді ару әсемденіп,  
Ерні қызыл қандай болып,  
Жүздеп жігіт соңына еріп,  
Беті аппақ қардай болып.  
Тықыршыды барлық казак.  
Ару ойын біле алмайды.  
Дейді кімге көзін қадап,  
Қайсымызды қыз таңдайды.  
Қайда жарым, қайда жаным  
Деген дауыс топты жарды.  
Оқталмаған карабинді  
Бір жасауыл қызға апарды.  
Бір сұлу ат тағы әкелді  
Тұяқтан шаң бұрқыратып,  
— Бұл немене, не үшін, деді  
Казактарға, қыз тіл қатып.  
«Сотня, смирно» деп жасауыл  
Қарап қойды қызға терең...  
«Қабылданыз,— деді,— ару!  
Алдыменен, бірден, сәлем  
Қан майданда жұмған көзін  
Біздер сүйген елдің ұлы.  
Жас жарыма апар деген  
Мынау соның карабині.  
Алтындаған қынабымен,  
Қылышын да беріп еді.  
Тобылғысын күмістеген  
Қамшысын да беріп еді.  
Астындағы мынау ері

Оның қалған бір мұрасы.  
Міне оның сізден алған  
Тірідегі сақинасы...  
Сенің қара шашыңменен,  
Сенің сұлу көркің үшін,  
Сенің жібек мінезіңмен,  
Сенің ыстық еркің үшін,  
Бар жиһазын — мәртебесін  
Бұйырып ед бер деп сізге.  
Алдан, ару, соныменен,  
Разы бол сен енді бізге.  
Елжіремес жас жүрегі,  
Енді сізге ол жолыға алмас.  
Желбіремес кекілдері,  
Қара көзі отша жанбас,  
Сыпыра соққан қатты боран  
Оны қармен көміп кеткен.  
Қан майданда тапсырған жан,  
Қанды айқаста өліп кеткен...  
Жатыр жалғыз, жынды боран  
Айсыз түнде тек ұлыған.  
Маңайында еш адам жоқ,  
Еш адам жоқ достарынан...  
Қайғылы сөз жеткізгенге,  
Зарлы сұлу, сөкпе бізді.  
Ақтық рет көріп тұрмыз  
Сіздің сұлу жүзіңізді.  
Өйткені біз таң сәріден  
Тағы майдан жолындамыз.  
Ащы өмірін казактардың  
Жоғалтудың соңындамыз.  
Көрікті едің тым ұнаған  
Бітті біздің бұл махаббат.  
Кешір, кешір, ей, Сәулежан.  
Көрісерміз сау-саламат...»  
Кетті полк қалды ару қыз,  
Тұман басты көзінің алдын,  
Нажағайдан от шашырап,  
Атылғандай оғы ажалдың.  
Тұр әнекей қайғылы жан.  
Еріндері діріл қағып,  
Көздерінен маржан жасы  
Тырс-тырс етіп құмға тамып...

Жалынып қана сөз айтпа  
Сырлас та болса досыңа.  
Суық бір хабар аларсың.

Ермін деп жалғыз түн қатпа,  
Ерегісер күн туса,  
Егіліп жерге қарарсың.

Ізгілік жөні осы деп.  
Еңкейе берме әркімге,  
Маңдайың жерге басылар.

Үндемейді екен деп,  
Бұқтыра берме біреуді.  
Ол-дағы бір күн ашынар.

*1943*

## УКРАИНА ҚЫZYНА

Жайланып, қару, жарақсыз,  
Жатырмын, мұнда мен неге?  
Өр жүрегім тағатсыз,  
Жабырқау тарттын сен неге?

Майдандас достан айырып,  
«Жан сауға ма» мені алған.  
Сәулетсіз қара тіршілік,  
Еттім қашан сені арман!

Төсекке тарттың тән-дене,  
Қалды жорық... қалды ду...  
Жалынбас ғұмыр пендеге,  
Жалынды жүрек, болдың у...

Босатшы мені, қарағым,  
Украина қызы, қарындас.  
Қайда екен қару-жарағым;  
Қайда майдан, қайда айқас.

Жорыққа мен де енейін,  
Оқ жаудыра түн бойлап,  
Жаралы жанмын демейін,  
Отанды ойлап, елді ойлап.

Фашисте өшпес кегім бар,  
Өлтірмей оны жай таппан.  
Тұтанып санам, толып ар,  
Қысады мені жан-жақтан.

Бер қаруды, бер майдан.  
Күреспен өмір артықсын.  
Телміріп мұнда жатқаннан,  
Тең ұрыста жан шықсын.

Ағалап бір кез жалынды  
Қадірлі сұлу қара көз.  
Көрсетіп аққан қанымды,  
Күңірене маған айтты сөз.

— Токта, жолдас, тоқта дос,  
Жаралы денең жай тапқыз,

Жабырқап неге сөз қаттын,  
Жат па едік сірә сіз бен біз.

Қайратты туған қандасым,  
Тулама асау теңіздей.  
Ағызды анам көз жасын,  
Емшегін емген егіздей.  
Долданды тағы Украина,  
Суырды қыннан семсерін.  
Атпанды кегің жоқтауға  
Ерім деп сүйген ел сенің.  
«Мен де кеттім, тос, бауыр»  
Деді көзі жарқ етті.  
Қимадым қызды жолға ауыр,  
«Қош» деп даусы саңқ етті.  
Жарқырап достық шолпаны,  
Аспанға тағы бір шықты.  
Дірілдеп фашист қорқауы,  
Қорғалап түнге тұншықты.  
Айбатты асыл Украина,  
Сүйдім батыр қызынды.  
Сүйдім шалқар ойыңды,  
Сүйдім жарқын жүзіңді.  
Сүйдім кекшіл дәстүрін  
Ер партизан қолының.  
Сүйдім ерлер жүрегін,  
Сүйдім ұлы жорығын.

1943

## ДОНЕЦ

Бұрканып, тулап жаттың сен.  
Ақ көбігін жарқылдап.  
Оқтар ұшты үстіңнен,  
Мылтық даусы саңқылдап.

Долдана қақты таңдайын,  
Ысылдап сол күн жел-дағы.  
Қанды кегің бардайын  
Қатуландың сен-дағы.

Жар қабағың шыңылдап  
Кешті мөлдір суынды оқ.  
Ашулы ернің қыбырлап:  
«Жоқ, жоқ!— дедің.—  
Өткел жоқ!»

Гранаттар жарылды,  
Діріл қақты басқан жер.  
Жан сауғалап жалынды  
Қан тілеген жендеттер.

Өлім жанмен ойнады,  
Кескілесті екі жақ.  
Ер жұлдызы жайнады,  
Ез жүрегі қалтырап.

Бір жағынан сен қыстың,  
Бір жағынан партизан.  
Есі кетті фашистің,  
Ел қолына берді жан...

Жау жаншылды... бітті айқас.  
Шеру тартты біздің қол.  
Ашуыңды сен де бас,  
Шіркін, Донец, есен бол!

*1943*



## Е. М. МАСЛОВАҒА

(Жаралы партизан кезімде үйіне жасырып,  
ажалдан құтқарған украинна қызы)

### Б і р і н ш і ж ы р

Сені ойласам тербеледі жүрегім,  
Сені ойласам келер көзден ыстық жас.  
Сені өмірімнің тәнірісі деп білемін,  
Саған мәңгі борыштымын, қарындас.

Тар кезеңде қара түнді жамылып  
Әлсіз ғана соққан кезде жүрегім,  
Іздеген жау қанды тырнақ сабылып  
Сен панаңда сақтағансың... білемін.

Ажал жетіп көз жұмылар күн болса,  
Суық көрге сен деп қане енермін.  
Жүрегімді жарып шығар жыр болса,  
Сені көктің жұлдызына теңермін.

### Е к і н ш і ж ы р

Тәтті қиял тағы есіме салды да,  
Өткен күндер уақиғасын санадым.  
Суретінді оймен әкеп алдыма,  
Ақ жүзіңе мен тесіле қарадым.

Ұқтым одан терең сырды тағы да,  
Адам атты зор атақтың бағасын.  
Теңеп жалғыз жүректегі жаныма,  
Сүйдім ізгі Россияның даласын.

Ерлігіңмен ел деп туған ер жетер,  
«Ана» деген асыл атақ ақталған.  
Естігенде жан жүйесін тербетер  
Достық кілті ең биікте сақталған.

Бүгін тудым — сен туғыздың қайтадан.  
Сен арысын, адамшылық таңының,  
Коммунизм анасындай сен маған,  
Символысың бүкіл совет жанының.

**Мөлдір судың түбіндегі гәуһардай,  
Сенің таза жүрегінді жырладым.  
Қасиетінді еш жеткізіп айта алмай,  
Мен өзімді талай-талай қинадым.**

## ШЫН АЛТЫНДАР ЖАРҚЫРАР

Жауыз беттің жалған кебін  
Майдан жыртар, оқ тесер,  
Жан беріскен жағаласта  
Алдамыштың аты өшер.

Бар адамның шын тұлғасын  
Сонда көзің бір шалар,  
Жалған нұрдың бәрі сөнер,  
Намыс жанар, ар жанар.

Сұмдық қашар бұл өмірден  
Сұрқиялар қалтырар,  
Шығып сырлы дүниеден  
Шын алтындар жарқырар.

1943

## ӨМІРДЕН ӨКСІП СЕН КЕТТІҢ

(Отан соғысы үстінде ерлікпен қаза тапқан үш орденді капитан Әбікей Жанұзақұлына арнаймы).

Әбікей, сені жоқ дейді,  
Әділ ме, тегі, осы сөз!  
Ақ жарқын, албырт, асылым,  
Өмірден кеттің қалай тез?!  
Айтуға аузым бармайды,  
Ақиқат түбі қайғы-зар,  
Аһ ұрып достар естіген,  
Ал қара көзден жас тамар.

Есімде әлі ізгі өмір,  
Екеуміз бірге жүрген шақ.  
Ертегі болды енді о бір,  
Қасымнан кетті алыстап.  
Қорғасыннан салмақты,  
Құбыла білмес жан едің,  
Құрбына қымбат-ардақты,  
Қатарыңның сәні едің.  
Қан майданда қол бастап,  
Ер аруағын тербеттің,  
Емірене сүйіп еліңді,  
Өмір деп өксіп сен кеттің.  
Семсердей асыл — шын болат  
Серт үстінде шарт сынған.  
«Серкем» деп саған сиынбай,  
«Сол кім?» деп айтар  
Қандай жан!  
Серігім едің сен менің  
Егіздің бейне сыңары,  
Есінен елдің шығар ма,  
Адамның биік шынары?  
Ертегі өмір үстінен  
Ертеден талай ел көшті,  
«Естірту» болды-ау саған да  
«Өліпті» деген сөз ескі.

1944

\* \* \*

Сияменен жазылған жоқ бұл сөзім,  
Жүрегімнің қаныменен жазылды.  
Ұлы айқаста құрбан болған ерлердің,  
Атыменен, арыменен жазылды.

*1944*

## ҚАНЖАР

Өткір жүзі тұңғыық сырға батқан,  
Батыр қолда қан кешіп кекке шапқан,  
Арсыз ажал тәңірісі ақ қанжарды  
Тұрды солдат көтеріп жерде жатқан.

Күміс сабын, сағасын саспай қарап,  
Екі жүзін қиялай бір сығалап,  
Сілтесімнен жаңылар ма екенсін деп  
Маңындағы ағашқа көрді қадап...

Содан кейін солдаттың күшті қолы  
Сарт еткізіп қынапқа сұқты оны.  
Ерлік, ажал ойқастап, көз алдында,  
Елестеді қауіпті жорық жолы.

1944

## УРЫСТАН КЕЙІН

Қабақ қатқан сұрланып,  
Үнсіз...

Айқас басталды.  
Жосыды оқтар зыр қағып,  
Екі жақ та бас салды.

Ажал ашып аранын,  
Жұтты жанды талғамай.  
Қолда қару-жарағын  
Қалған кім бар қандамай?

Өтті нөсер...

Тынды айқас  
Бір тұңғыық сыр тастап,  
Тұрды солдат бір жап-жас  
Қыр басында ойқастап...

Өлік жатты қасында.  
Көк шинельге оранған,  
Ызғарлы еді басында,  
Түсі суық бораннан.

Езу тартты жас солдат,  
Автоматын асынып.  
Болса-дағы өлік жат,  
Кетті бетін жасырып...

1944

## МАЙДАНДА КЕЗДЕСУ

Таң атып, талай батты күн  
Сағынғам досты көре алмай,  
Кездестім қалай мен бүгін.  
Отырдым бірден сене алмай.

Жыр етсем бәрін, тым ұзақ,  
Бір дастан, солдат өмірі.  
Денеге түскен алты дақ...  
Жыртылған шинель өңірі...

Қолында оның автомат,  
Алдымда тілсіз тұрды жай...  
Жан қияр достық... өткен шақ,  
Жарық етті бейне нажағай,

Жабыса қалдық сол кезде,  
Үн қатпай жүрек сырласты,  
Білмеймін қайтар ел өзге  
Мөлдіреп төкті көз жасты.

Жазылды құшақ... біз қатар  
Атыс пен бастық алға адым.  
Жан үнсіз... зырлап жауды оқтар,  
Күшейді майдан... қызды күн...

1944



Томырық өмір мінезі  
 Тосқауылға алған шақ,  
 Төтелеп талай тар кезең,  
 Төніп ед өлім жақындап,  
 Тоқайласа мен шаптым,  
 Тоспада ажал тұрғанда.  
 Тып-типыл боп жан-жақтың,  
 Тынысы құрып тұрғанда...  
 Тойтармай бетін қойғам жоқ,  
 Топырлап фашист қаптасын,  
 Төңкерілді дзоттар,  
 Төндіре мылтық атқасын.  
 Тоқсан кірдім қамалға  
 «Тоба деп көңілім басылмай»,  
 Тұнжырап тұрды көкте бұлт,  
 Тولاптап күнім ашылмай.  
 Тоң мойын фашист жүрегін  
 Туралап қанжар сұғымдым.  
 Толарсақтан қан кештім,  
 Тобылғы жастай жүгірдім.  
 Тоғыз рет оқ өтті,  
 Тал бойымды аралап.  
 Тағы да жау мақтанды,  
 Тартыста мені жаралап.  
 Табанды тіреп зорландым,  
 Теріме сыймай кетті ашу.  
 Терістен шыққан бұлттай,  
 Теңізге селін төкті ашу.  
 Түйілдім қайта қат-қабат,  
 Тұнжырап өмір тұлданды,  
 Тобымен фашист баспалап,  
 Төбемде бұлт сұрланды.  
 «Аламыз» деп ұмтылды ол,  
 «Алмайсың» деп мен жаттым,  
 Айбынды «Максим» жалынын,  
 Ақырып жауға аңыраттым.  
 Жаралы жаным сау тартып,  
 Жарқылдап көзім от шашты,  
 Жазасын залым жау тартып,  
 «Жан сауғаға» жармасты.  
 Жабырқау тартқан көңілім



## ДНЕПРГЕ ҚАРАДЫ

Ұрыстан кейін бір солдат  
Днепрге қарады.  
Сүйгісі келді құшақтап  
Өзі отырған жағаны.  
Бұрқанды асау Днепр,  
Толқынды беті шымырлап.  
Секілді терең бейне өмір  
Солдатқа бір сөз сыбырлап...  
Үзіліп солдат үн қатты  
Сезімнің тоқсан тілімен.  
Минуттер өтті тым тәтті  
Бара-бар ғашық сырымен...  
Құшағын жаза, емірене,  
Тақады суға маңдайын.  
Балқыды мүлде ер дене,  
Жібiттi қатқан таңдайын.  
Көтердi басын... көп тұрды  
Дарияға түпсіз үңіліп.  
Қызғаныш тартты бір түрлі,  
Көңілі мыңға құбылып.  
Тынымсыз соққан өмірдей,  
Днепр суы зыр қақты.  
Толқынмен көзге көрінбей,  
Солдат ойы бірге ақты...  
Ашулы беті жыбырлап,  
«Ием» деді су-дағы.  
Өзіне өзі сыбырлап,  
«Сүйем» деді бұл-дағы.

1944

## БИІК ШЫҢ

Көкке бойлап тәкаппар  
Жағада тұрды биік шын.  
Ақпанда борап соқты қар,  
Шілдеде қайнап төнді күн.

Сәуірде торлап көк тұман  
Сәуледен бойын жасырды.  
Сонда да тіп-тік қиядан  
Мұнар боп көзге басылды.

Құтырған теңіз шу басып  
Жарына соқты күндіз-түн,  
Асау күз бұлтпен айқасып,  
Айбатпен жанға қатпады үн.

Маңында гүлдеп бәйшешек,  
Бас иді миуа ағашы.  
Таласа өскен көкке өрлеп  
Күн сүйді кербез шың басы.

1944

Сыртын сенің жылтырар, ішің мұздап,  
Сөз айтасың әркімге сен жалғыздап.  
Бітеу жара секілді тырс-тырс етіп,  
Жұмбақ денен тұрады әр күн сыздап.

Сен күлмейсің өмірде кеуден жарып,  
Өз үйіңе қайтпайсың соны із салып,  
Ескі заман шырмауық соқпағымен,  
Әлденені іздейсің панар жағып.

Өзің шешен көрініп, өзің мұнар,  
Баяғыдан келесің сен кубас шал,  
Сатылған ар, сарғайған санаң сенің,  
Сайқал әйел секілді мінезің бар.

Сабырың жоқ нәпсіңнің құрты жылан,  
Берілгенсің жаныңмен жалғыз соған.  
Тірлігінде жылтырап жүрсен-дағы,  
Сен өлерсің,.. құмайтта қалар молаң.

Мен, сен емес оны да ойлап қара!  
Бөтен жүрек толғауын ұқсақ шала.  
Өзіндікін әкеліп маған артпа,  
Осы алтыным десең де қандай ғана...

Менің ойым бәрі бір сенен басым,  
Жарып шыққан жүректің қайнар тасын.  
Зұлымдықтан көңліңді аулақ салып,  
Маған келсең мәнімді сонда ұғасың.

Менің өзім секілді сөзім де асау,  
Бірақ, сайқал сыры жоқ адамға жау,  
Өзіме де, өзгеге қатал бимін,  
Әдетімде болмайды құр жылпылдау.

Менің сөзім сыбырсыз көпке арналған,  
Менің күлкім тым ащы құлақ жарған,  
Қызғанарлық өмірден дәнемем жоқ,  
Бойда барым жария елден алған.

1944

## БІР АҚЫНҒА

Екінші түрі

Сыртың сенің жылтырар, ішің мұздап,  
Сөз айтасың әркімге сен жалғыздап,  
Бітеу жара секілді тырыс-тырыс етіп,  
Жұмбақ денен тұрады әр күн сыздап.

Өз бөркінді қолыңа өзің алып —  
Көтересің қоям деп бұлтқа апарып,  
Бос бөшкедей жел үрген даурығасың,  
Жын қаққандай жүресің жалаң қағып...

Кейде тұман, сағымдай, кейде мұнар,  
Секілді булы бұлау шақтарың бар.  
Сайқалдықпен безейсің тіл-жағынды,  
Бір жансың атақ құмар  
нәпсі құмар...

Не бердің?! Қандай пайда көрді халық?!  
Сезілмейді. Жатырсың өзің алып...  
Тау дегенің жылтырақ құм төбесі,  
Байқа, шырақ, Шөлейтте жүрме қалып.

\* \* \*

Елді сүйсен, беріле жүрекпен сүй,  
Бірге қуан, онымен бірге отқа күй!  
Тағдырыңның қожасы жалғыз халық,  
Әрқашан да ойыңа сен мықтап түй!

1945

Б і р і н ш і ж ы р

Таң қалдым міне бір көріп,  
Тағдырың маған тым жақып.  
Тар кезең өтті, төбеңде  
Тамылжып туды күн жарқын.

Таласа кіргем талай мен,  
Жауыңа оқпен тіл қатып.  
Сан жорықтар өткізгем  
Тар қақпанда түн қатып.

Көшенде өтті қан майдан,  
Қуә оған жас пен кәріңіз.  
Күбірлеп сөйлер кім қалды?  
Күресте болдық бәріміз.

Балам деп сонда сен құштың,  
Бауырың ыстық, көзің жас.  
Басымды тіге ант еттім,  
Бағына апа-қарыңдас.

Туысқан қала, туған жер,  
Топырағың сүйген сан қазақ.  
Толғана өткен сол күндер  
Түнеріп ажал тұрған шақ.

Тоспаған кім бар маңдайың  
Кең байтақ совет елінде.  
Бойыма біткен ардайың,  
Қымбаттым енді менің де.

Тағы да келдім оралып,  
Тамаша жеңіс күнінде.  
Тойлайық бірге ән салып,  
Күлімде, достар, күлімде!

Айрылмас достық ақ ниет,  
Қуәсі — құрбан көп сандақ.  
Қуәсі — өшпес далаңда  
Қаныма шыққан қызғалдақ.



## Екінші жыр

Көкірегімді оқ тескенде,  
Маңдайым саған тиген жер,  
Талықсып үнім өшкенде,  
Өзегім деп сүйген жер.

Шалың әкем болған жер,  
Бейнетіме көнген жер.  
Кемпірің анам болған жер,  
Көбіңнен құрмет көрген жер.

Тамшылап қаным аққан жер,  
Тар кезеңде жау қамап.  
Қайғыма бірге батқан жер,  
Тағдырымды арқалап...

Кегімді менің алған жер,  
Кескілескен жауды атып.  
Бақытқа мені малған жер,  
Кеудемде жалын лаулатып.

*1945*

## МЕН КЕЛДІМ

Алыстан аңсап мен келдім,  
Азат киіп қолымды ал!!  
Туғаныңмын өмірлік,  
Сен үшін аққан қаным бар.

Қаралы күнде жау басқан  
Қайғынды бірге бөлгем мен,  
Қатарында партизан  
Қан жорыққа енгем мен...

Орыс, қазақ ұлы боп,  
Жауына ойран салғам мен,  
Жан досыңның бірі боп,  
Сырына әбден қанғам мен.

Жүзінді сенің көргенде,  
Елестер маған өз қалам.  
Елінді сенің көргенде,  
Еміренер анам, өз далам.

## СЕН ҚОЖА

Қоқ киімді көп неміс  
Кеше — «қожа», бүгін — құл;  
Өңірі жыртық, көзі жас  
Көшеңде кірпіш тасып жүр.

Автомат жоқ қолында,  
Бал жинамайды — жан атып,  
Біздің күш басын идірген,  
Өлер күнін санатып.

Ол жеңілген, сен — қожа,  
Киев — совет қаласы.  
Азат мәңгі, мәңгі азат,  
Украина даласы.

Оқ тескенде көкірегімді қан талап,  
Украин шал сені таптым әкелеп.  
Ессіз жаттым, топырағынды қалқалап,  
Қызың бақты жан жарасын мәпелеп.

Соғыс зары талай саған төгілді,  
Бірге шектім қатерлі ауыр сапарды.  
Қарсы ал мені солдатдыңмын, ұлынмын  
Канды айкаста берген өзің батанды.

\* \* \*

Бақыт деген немене — Бастан кешкен күн емей!  
Уайым деген немене — Сәулесіз қара түн емей!  
Сағыну деген немене — Сайранды дария көл емей!  
Сарғаю деген немене — Сарша тамыз шөл емей!

Сен айтпа менің жайымды!  
Сұрасаң сұра өзімнен.  
Іздеме күн мен айымды,  
Ұға алмасаң сөзімнен.

Шаршама, ойың жетпесе,  
Арығыңды қамшылап.  
Сауда емес өтер ептесе...  
Өлеңде нең бар нан сұрап!!

Әуреге салма, жас құрбым!  
Азапқа жаным төзе алмас.  
Тоқсаң дау... зая тоғыз сын,  
Бергенін өмір өзі алмас.

1945

## ЖЕҢІС КҮНІ

Сарғая күткен ұлы күн  
Шұғыласы бүгін жарқ етті,  
Бағына талай миллионның  
Баянды жеңіс күн жетті.

Сүйінші елден сұрадық —  
Жұбайын күткен жар күлді.  
Жаным дер бауыры жауда  
өлген  
Жаркырап қайғы-зар күлді.

Сілкінді дүние қайратпен,  
Киімін шешіп қан басқан.  
Отырды солдат айбатпен,  
Етігін сүртіп шаң басқан.

Көңілді көктем шағындай,  
Құлпырды әлем со бір шак.  
Сүйісті ғашық жарындай  
Адамды өмір құшақтап.

Дүние махаббатымен  
Сұқтанды қызыл жұлдызға,  
Жеңімпаз Отан даңқы мен  
Жауынгер біздің ұл, қызға.

1945 — 48

Гүлжансың-ау, Гүлжансын,  
Тынымы жоқ бір жансын,  
Таңмен бірге сайрайсың,  
Егінде де, шөпте де,  
Гүлжансың-ау, Гүлжансын,  
Ойын-тойда думансын,  
Тым ерекше туғансың.





— Ей, туған жер, туған жер!  
Үкілі орман, асқар бел,  
Аққу қазды айдын көл,  
Көгілдір аспан жібек жел,  
Көрікті колхоз — туған ел.

— Е, туған жер, сен рақат.  
Сенен өзге маған жат.  
Сенде ғана көңлім шат,  
Тілемен басқа марқабат,  
Сен қымбат маған, сен қымбат!

\* \* \*

Қарақат көз құралайым! Қуанышпен келерсің.  
Мені сүйген жүрегіңмен құшағыма енерсің.  
Мандайдағы бақытыма мен күлімдеп қарармын,  
Таңғы шолпан жұлдызына сені ғана балармын.

## МОСКВА

Ақыл, ойым, жүрегім, тіл мен жағым!  
Естір құлақ, көрер көз шамшырағым!  
Саған, саған ұлы Отан астанасы,  
Жүрегімнің түбінен жыр арпадым.

Мен де бүгін сенімен туған жанмын,  
Кремльдің ішінде тұрған жанмын.  
Қызыл алаң түбінде сан-сап болып,  
Сарайында салтанат құрған жанмын.

Маған артық еш жер жоқ Москвадан,  
Орыс, қазақ, бір туыс —

Біз —

Бір адам.

Сондықтан, қауіп төнген күндерінде,  
Бір сен үшін өлімге бас байлағам!

Міне отыз жыл күн болып енді жарық,  
СССР-ға нұр төкті Москва алып.  
Қадірлес достарымен қауышпаққа  
Кемпір-шалдар қайтады жылда барып.

Аспандай кең құшағын орыс жазып,  
Махаббатын ұсынар жаныма азық.  
Менің сонда иығыма ай орнайды,  
Мандайымда күлімдеп Темірқазық.

Қан тамырым секілді менің соққан —  
Кремілім — советтік ер Москвам.  
Сенің ыстық жүрегің анашымдай,  
Анасының ақ жүзін қияр ма жан.

Күндей маған тамылжыр жүзін нұрлы,  
Күнде көрсем тоймаймын сипатынды,  
Бере алмаспын бар әлем алтышына  
Сенің асыл бір уыс топырағынды.

Айтам қазақ атынан ұран салып!  
Біздің Отан жүрегі Москва алып.  
Соксын дауыл, нажағай жарқылдасың,  
Біз біргеміз — жандармыз москвалық.

1947

Айдар, Айдар, ақ Айдар!  
 Жағаң сурет, суың бал.  
 Өткіздім сенде көп айлар...  
 Қалдырдым сенде көп ойлар...  
 ...Ол майдан ед, ...ер жолы  
 Түн жамылған қан кешіп...  
 Зәр түкірген көк долы  
 Ажал менмін, мең десіп.  
 Айқара мылтық асынып,  
 Суыңды кештім мен талай  
 Бетімді толқын жасырып,  
 Өмірді шықтым арқалай.  
 Ақ көбігің... ақ жүзің  
 Айнам еді бір қарар.  
 Өткізген түнім... күндізім...  
 Тербетер мені, ой салар.  
 Қызыл арай жол салып  
 Түнде үстіннен оқ асқан.  
 Жан берісіп... жан алып...  
 Өткеліңе таласқам.  
 Сол майдандар... қатты айқас  
 Есіңде ме, өр Айдар?  
 Өшкен құрбан... аққан жас..  
 Өтті жылдар.. көп айлар...  
 Екі өлік жан — бір қабыр —  
 Қалған белгі шайқастан.  
 Орыс, қазақ — егіз ұл  
 Дос құшағы айқасқан.  
 Жатыр сенің бойыңда  
 Ел деп өскен екі гүл.  
 Күндей жанып, қойныңда  
 Ар, адамдық оты тұр.  
 Жаным сүйді, жарастым,  
 Жалпақ елің — қаным бір.  
 Жүрегіндей Тарастың  
 Таза суың көк мөлдір.  
 Сұлу Айдар, сырлы Айдар!  
 Украина жерінде.  
 Ақының бар, ұлын бар,  
 Мен қазақтың елінде.



Қадірлі Баян — жер Баян,  
Қайыңды Баян, көл Баян,  
Сенің жайың ерге аян...  
Менің өмірім елге аян...

Көрмегелі көп болды,  
Көркейіпсің сен-дағы.  
Байытыпты колхозды,  
Өзгеріпті ел-дағы.

...Жаз ед. Таңмен шамалас,  
Шығып қырға, көз салдым:  
Бидай, сұлы аралас  
Ырғалады, қарсы алдым.

Ақырын жел үрлейді,  
Толқиды бір көк теңіз.  
Жүрегімді билейді,  
Табиғат пен жан егіз.

Жайды төсек көк мамық,  
Сүйер жандай ұлым деп.  
Қарап көктен шаттанып.  
Күн де жүзді күлімдеп.

Тоя алмай наз көркіне,  
Мен отырдым қырында.  
Шын беріліп еркіне,  
Бұзбай күйін, жырын да.

Дөңгелек жүз ақ Баян  
Тартты сұлу сағымды.  
Мұнарымен ойнап таң,  
Кел деп маған жалынды...

Өскен жерім, кең далам,  
Құз, қарағай, шың биік.  
Сыбырлайды самсаған  
Сұлу құрақ бас иіп.

Айдынды Баян, көл Баян,  
Аянда тудым мен бір кез.  
Басылсын мауқым сағынған,  
Суыңнан ләззәт берші тез.

1947

## КОЛХОЗ ТҮНІ

Жел де тынған, бір жым-жырт  
Кең даланы ой басып.  
Жер шеңберін жапты ымырт,  
Теңіз көкпен жалғасып.

Кербез аспан шаттанды,  
Бетін жұлдыз жасырып.  
Көр деп мені мақтанды,  
Көзге оттай басылып.

Егінді жер, әсем қыр  
Түн сырымен жалғасты.  
Көкте жұлдыз, жерде гүл  
Бір-бірімен арбасты.

...Күзет. Қырман басында  
Ән шырқады Балтабай.  
Өзі сүйген жасында  
Күзеткені көп бидай.

Кұрдасым деп назданар  
Ұйқы-дағы бір жақтан,  
Барқыт көрпе жаз қарар,  
Жел сыбырлап қыр жақтан.

Күзетпенен күні өткеп  
Түнмен көптен бұл сырлас,  
Өз өмірін күзеткен  
Жүрегіндей бір тынбас.

Қырман басы тас қамал,  
Кірпік қақпас Балтабай,  
Ұшпас сабан жалғыз тал  
Қыбырламас бір бидай,

Күлімдейді сиқырлы  
Жеті жұлдыз жар таңдап.  
Ыстық дүние бір түрлі  
Кетсе зырлап ой шарлап...

Жайнар аспан бір мезгіл  
Күлім қағып туар ай.



Туар айды төгіп жыр  
Қарсы алады Балтабай.

— Ей, Балтабай, Балтабай!  
Заман қымбат, елің бай.  
Күзеткенің көп бидай,  
Тас төбеңде алтын ай.

*1947*

## КОЛХОЗ ТАҢЫ

Барқытқа қызыл малынып  
Жерге карап таң күлді,  
Қалғандай елді сағынып  
Бір күлмеді, сан күлді...

Қарсы алды колхоз ерлері  
Таңды еңбектің төрімен,  
«Кел сүйіктім, кел» делі,  
Күттім бір түн сені мен.

Қайтпай кеше үйіне  
Қалып еді қарындас.  
Қомбайнның биіне  
Соныменен бірге бас!

Жерде бидай, көкте күн,  
Таң қалдырсын көркімен,  
Қайсар қызы колхоздың  
Шықсын айтқан сертінен.

Қимылдады талай қол,  
Қырман басты даланы,  
Еңбек қызу, егін мол,  
Бакыт күле қарады.

Керуен тартты шұбалып,  
Астық тиеп күндіз-түн,  
Қарады әлем таң қалып  
Күдіретіне колхоздың.

Қоршама бұлт көгімді,  
Қалқып сұлу күн жүрсін.  
Орып піскен егінді  
Колхоз ісін тындырсын.

Қызыл арай, ақ таңдақ  
Күнде бірге қабыссын!  
Ер мен еңбек, таңғы шақ  
Ток басынан табыссын!

1947

## ТУҒАН ЖЕР

— Ей туған жер, туған жер!  
Туған жерде біздің ел.  
Анам да дер, атам дер,  
Сені сүймес қандай ер!

*1948*

Тұлпардың сыны толар ма?  
Тосыннан шауып, топта озбай,  
Сен де түс думан, сонарға!  
Қасында ешкім жоқта озбай.

1948

## СЫҒАЛАДЫ АЙ, КӨК ЖИЕГІ СӨГІЛІП

Мәлдір аспан көк торғындай төгілді,  
Бір тамаша күйге бөлеп өмірді,  
Қуандым да жас баладай шаттандым,  
Күлді жүрек, жан сырымды ақтардым.

Қолхозда едім. Жаздың сырлы түні еді,  
Көкте жұлдыз, жер жайнаған гүл еді.  
Тек қана өмір ток басында жайнады,  
Шырқап әнге ел бұлбұлы сайрады.

Менің жырым сол әнменен қабысты,  
Қолхозды елдің қырманында табысты.  
Сондықтан мен секірдім жас балаша,  
Билеп мені еңбек жыры тамаша.

Қанды мейрім еңбектің зор күйіне,  
Құмарланып қайтпадым мен үйіме.  
Қызыл бидай жерде алтындай көрініп,  
Сығалады ай, көк жиегі сөгіліп...

1948

## БАҚТАШЫ МЕН БҮЛБҮЛ

Талда бұлбұл, жерде гүл,  
Төгілді әсем ақты жыр.  
Толқыды үні терең сыр...  
Бөленді сазға ой мен қыр.

Құшақтап адам баласын,  
Тербелді дүние сол шақта.  
Қыдырып таудың арасын  
Бір күй шықты аулақта...

Құбылды сол кез кең дала,  
Жаркылдап барлық тіршілік.  
Сайрады орман, сай-сала,  
Құлақпен тыңда, жанмен ұқ!

Басталды сауық, қосты саз  
Талда бұлбұл, тауда шал.  
Гауһарлы қойнын ашты жаз,  
Бөктерде жатыр жусап мал.

Долы ашуын шарт тыйды,  
Күбірлеп ерні дауылдың...  
Ақ маңдайын күн сүйді,  
Әлпештеп ерін ауылдың.

Асқақтап ән, күй көкке асты,  
Айдында жүзген қаздайын.  
Жүрекке ыстық жармасты —  
Мұзды ерітер жаздайын...

Ұйытты елді осылай...  
Талда бұлбұл, тауда шал!  
Бақташы күйін ұққандай,  
Бөктерде жатты жусап мал.

Қызыл туы желбіреп,  
Қолхозды біздің ел тұрды.  
Күй сазына елжіреп,  
Бидайлы қалың бел тұрды.

1948

Күндер де өткен, талайдан жылдар да өткен,  
Қатал «тағдыр» жолымен ғасыр жылжып.  
Ақын мұра сөзімен маған жеткен,  
Елім сүйген көсемді айтам жыр ғып.

Өз балаңдай, жарыңдай; өміріңдей —  
Сақта ойыңда Отанды күннен нұрлы!  
Жанға балап, жүректің түкпірінен  
Мен жырлаймын өзіңнен туған ұлды.

Сүймейді ол мактауды, бірақ, маған  
Айт деп халық бұйырды — бағындым мен.  
Ақын тілі жете алмас сипатына,  
Тірі адам да — тап оған болмайды тен.

Төгіл, жырым! Ер заман дабылына!  
Өр даусыңды естісін жердің шары!  
Сен де әскерсің дүние тартысында,  
Қасарысқан жауың бар майдандағы.

Бұл жыр — халық тілегі, халық жыры,  
Бұл жыр — халық бақыты, халық сыры.  
Бұл жыр аты — данышпан ұлы Ленин,  
Ол біздің арамызда әлі тірі.

1949

Россия!  
     Сөз айтамын саған арнап.  
 Бүкіл әлем тыңдасын  
     Жүрек сырып!  
 Құшағыңды аш  
     Туысқан  
     Ұлы халық!  
 Күлім қағып қабылда  
     Ақын жырын.  
 Маған қазақ тапсырды  
     Айт деп саған!  
 Өз сәлемін,  
     Өз сөзін жүрегінің  
 Білсін деді,  
     Бар әлем,  
     Дос пен дұшпан,  
 Мәңгі  
     Орыспан  
     Бірлігін тілегінің.  
 Россия!  
     Арманы едің Шоқан, Абай,  
 Анасындай  
     Тербеткен қос жүрегің,  
 Суарсам деп  
     Нәріңмен сенің балдай,  
 Олар арман етіп  
     Ед қазақ елін.  
 Россия!  
     Сенсіз бар ма менде бақыт!  
 Сенде жарық жұлдызы  
     Адамдықтың.  
 Сен туғыздың  
     Күнімді жарқыратып.  
 Сен иесі  
     Кісілік  
     Адалдықтың.  
 Россия!  
     Бақыт туын көтердің сен,  
 Сен бірлік пен  
     Достықтың  
     Қайнар көзі.



Бар адамның,  
                     Бар ұлттын  
                                     Жер шарында,  
 Сенімен бір тілегі,  
                     Айтар сөзі.  
 Анау теніз  
                     Ар жағы  
                                     Діріл қағып,  
 Жасап атом бомбасын  
                                     Елді қырмақ.  
 Таңды өшіріп,  
                     Адамға ойран  
                                     салып,  
 Жауыз!  
                     Алтын несі  
                                     Өзі тұрмақ.  
 Өз қалтасы,  
                     Құлқыны  
                                     Онын баққан,  
 Қайтсін  
                     Адам қандарын селдей аққан!  
 Шықты қаптап  
                     Аспанды қоршамақ боп,  
 Реакция!  
                     Бұлты батыс  
                                     Жақтан.  
 Россия!  
                     Дәл өзіңе  
                                     Адам ұлы  
 Үмітпенен қарайды  
                                     Өміріндей,  
 Сенде бар шын махаббат  
                                     Оттай жылы,  
 Сен тіршілік туысың  
                                     Шыққан күндей.  
 Россия!  
                     Ұлы дана Лениндік  
 Ту сенде!  
                     Коммунизм — барар жолың.  
 Зор майданда  
                     Бекіткен  
                                     Пролетарлар,



Сен бірлік пен Достықтың қайнар көзі.  
Бар адамның, Бар ұлттың жер шарында  
Сенімен бір тілегі, Айтар сөзі.

*1949*

## А. С. ПУШКИН

Отты жүрек,  
Өткір сөз, ақыл кені,  
Сен өмірдің  
Тереңнен ұқтың тілін.  
Арман етіп  
Халықтың келешегін,  
Жырға қостың,  
Тербедің елдің сырын.  
Жеттің бізге  
Нажағай жарқылындай,  
Бұлтты күндер  
Көгінде ойран салған!  
Жеттің тотсыз.  
Өмірдің алтынындай,  
Жеттің бақыт күніне  
Еткен арман.  
Жеттің өткір қылыштай  
Тот баспаған —  
Тар қыспағын заманның  
Кесіп өтіп,  
Аллыстағы колхозшы  
Қазақ маған  
Баппен салар жырынды  
Өлендетіп.  
Ғасырларды  
Жырынмен басып өтіп.  
Бізбен бірге  
Аттандың болашаққа.  
Жүрдің  
Бейбіт мезгілде өлендетіп,  
Қан майданда —  
Қарулы тұрдың сапта.  
Өзің айтқан барлық ел —  
Барлық тілде,  
Айтты ардақты атынды  
Өз ұлындай.  
Тірі адамдай  
Сен жүрсің бізбен бірге,  
Сөнбес жарық  
Көктегі жұлдызымдай.

1949

## КҮЗДЕГІ КӨРІНІСТЕР

### I. Сәриден

Хабаршысы алдағы болар қыстың:—  
Аппақ қырау жауыпты жердің үстін,  
Үстімде бұлт, қасымда ызғарлы жел,  
Мен колхозды ауылға келіп түстім.

Жатыр екен қат-қабат еңбек қайнап,  
Біреу астық толтырып, біреу байлап,  
Зырыл қағып тынымсыз веялкалар  
Бидай ақты мекені желмен ойнап...

Жас қыз да, жас жігіт те, кәрі шал да,  
Сүйілген де, сырлас та, сүйген жар да  
Сол бір еңбек басынан табылғандай,  
Әнші де, ел еркесі ақындар да.—

Бәрін де қазір бір ән алған тартып,  
Сол әнге кеткен ұйып, бойы балқып.  
Әр адам өз орнында, өз ісінде,  
Біреу күреп, біреулер жатыр артып...

Колхозды-ауыл көлігі мінген жылда,  
Комбайн жүр егінді отап қырда.  
Әмірші адам қимылын сақ бағады,  
Астындағы атындай тындап бұл да.

Алыста... анау белде қараң-қараң,  
Машиналы шөп шапқан тағы да адам.  
Жаздай күткен жемісін шапшандықпен,  
Тынбай жинап жатқандар күзге таман.

Күз бір қатал тергеуші бейнесінде,  
Орнаған әр адамның кеудесінде.  
Жинап жатыр, зорлықпен алып жатыр,  
Берерін де, даланың бермесін де...

Әр адам өлшеп күшін алты ай қыспен,  
Дара балуан секілді топқа түскен:  
Бар жұмысын тойымсыз өндіреді,  
Машинамен, ақылмен, қайрат күшпен.

Үй, кора, шөп, тағы да керектерін:  
Суаттарын кішкене сенектерін  
Қадағалап тәртіппен түзетеді  
Құдықтарын, су алар шелектерін.

Сол жерде комбайнның рулінде,  
Қайраттың оты жайнап жүрегінде,  
Жүрді Асаубай егістің даласында,  
Мың аттың күші бардай білегінде.

Озық жүрді, қалды артта таласқандар,  
Өздерін жан озбас деп санасқандар.  
Асаубайдың алдына шыға алмады  
Талай орден еңбекпен қадасқандар.

Келеді ол жан-жағына көзін тастап,  
Зор болашақ алдында тұр ойқастап.  
Саналы жеңісті еңбек армиясын,  
Бұл майданда жүргендей өзі бастап.

Өз ұлы да бидайлы асқар белде:  
Мандайын тосып қойып соққан желге,  
Комбайнмен сырғытып келе жатыр,  
Алдына жан салмайтын ұқсап ерге.

Өмір, еңбек жарыспен тартып алға.  
Нұрлы шырай енгізіп әр адамға.  
Байсалды ұлы көшпен бара жатыр  
Коммунизм шыңына — ұлы таңға.

## II. Сол кеште

...Кеш, Асаубай үйінде жас пен қәрі,  
(Бәрі де сол колхоздың адамдары).  
Жиналды, отырысы әсем, сәнді.  
Қойылған алдарына тағамдары.

Асаубай салмақпенен тұрып сонда:  
Құйылған бокалдағы шарап қолда,  
Әлденендей халыққа сөз айтқалы,  
Өр шалқак кеудесімен бұрылды оңға.

— Балам, сен азамат боп жетіп жасың,  
Ертең таңнан әскерге аттанасың!

Шекарада тұрасын, борышыңды —  
Отан үшін, ел үшін атқарасын.

Қайда тұр, нені күзет, нені сақта,  
Советтің ұлы деген атыңды ақта!  
Жаудың барын есіңе ал әрқашан да,  
Қай қалада болсан да, қай тарапта.

Сақ күзет Октябрьді — өз жеріңді!  
Қалғыма, кірпік қақпа, бол сенімді!  
Ойла тұрған жеріңнен басталарын,  
Қолхозыңды, Отанды, өз еліңді. -

Ойла! Мыңдар төккенін кеше қанды  
Жаудан сақтау жолында Ұлы Отанды.  
Ойла! Әкең де қиғанын шыбын жанын,  
Ойла! Оқ тескен кеудемді, қабырғамды!

Лениндік партияны шығарма естен!  
(Күн шұғылалы панаң ғой өзің өскен).  
Ойла, жаным, солдаттық міндеттерің  
Басталарын осы үйден, осы кештен!—

Баласы қимылдамай тұрды қатып,  
Қалтқысыз әке сөзін қалды ұнатып.  
Ду көтерді құттықтап отырған ел,  
Қуанышпен баланы салды ұзатып...

1949

## ЛЕНИН

Ленин, Ленин! Осы есім талай жылдар  
Жырланды, жырланады сан ғасырлар.  
Бар адамның жүрегін тебіренерлік  
Ұлы Ленин атында сөнбес нұр бар.

Ленин біздің ғасырдың қайнар көзі,  
Ленин ісі — біздегі Ленин сөзі.  
Ол өлген жоқ: нық басып, көштің алдын  
Бара жатыр ілгері бастап өзі.

Болған бір кез: дұшпандар сыртта тұрып,  
«Өлді Ленин» деп еді, сақ-сақ күліп.  
Жеңілді олар, үміті сөне қалды.  
Тұрды Ленин ұйқыдан, кетті жүріп...

Ленинді сүйді бала, кәрі, жас та,  
Сүйді адамның барлығы, жаудан басқа.  
Оның өшпес бейнесін, сөнбес сөзін  
Білді жылдар бетінен дос та, қас та.

ССРО — Ленин құрған біздің бақыт  
Қызыл тулы шұғыласын жарқыратып.  
Қорғап адам баласын капиталдан  
Тұр өмірге сөнбейтін таң боп атып.

Ленин біздің ғасырдың қайнар көзі  
Ленин ісі — біздегі Ленин сөзі.  
Ол өлген жоқ: нық басып көштің алдын  
Бара жатыр ілгері бастап өзі.

1950



## ОРЫС ХАЛҚЫНА

Қанды майдан дауылдардан бірге өткен  
Аға халық, сенімен бір өмірім.  
Досқа күндей, жауар бұлттай жауға өктем  
Өз туысым деп атамас сені кім!

Орыс ұлы, сені қалай жырламан,  
Егер менде жүрек болса адамдық!  
Мен барыммен борыштымын бір саған,  
Сен туғыздың, қайта біздер жаралдық.

Коммунизм ұлы туын нық ұстап,  
Сен аттадың дауылдардан сүрінбей.  
Бастады алға лениндік ұлы штаб,  
Мен де сапта жүрдім батыр ініндей.

Бауырына құштың тонған шағымда  
Орыс ұлы, өз әкемдей, анамдай.  
Өстім жылы Россияның таңында,  
Бастым жерін ауылымдай, даламдай.

Бірге болдым майдандарда сенімен,  
Берік сертім, әрқашан да біргемін,  
Елім бірге Россияның елімен,  
Жерім бірге, жүрегіммен біргемін.

Ізгі досым орыс жұрты кеше гөр,  
Жүрегімді айта алмадым сөзбенен,  
Достық нұры жарқырайды жүректе,  
Әр ұлынды көрген сайын көзбенен.

1950

## СОВЕТ ХАЛҚЫНА

Сен сүйесің жаныңмен Отаныңды,  
Өзін өскен жерінді, совет елін,  
Сен сүйесің аспанда шыққан күнді,  
Сен сүйесің, еліңнің келешегін.

Сен сүйесің көсемді, алтын заңды  
Бақытың мен арыңдай адал сақтап.  
Сен әкем деп атайсың ұлы адамды,  
Ол сөзінді жаныңмен жүрсің ақтап.

Сен сүйесің коммунист партиясын  
Өз аңаңдай өзегін жарып шыққан,  
Адалдығын, ақылын қайыспайтын  
Талай өрт пен дауылдан алып шыққан.

Сен білесің, сан асу, дауылдардан  
Коммунизм төріне бастар көсем.  
Жеңіс пенен өткізіп майдандардан.  
Нысанаға жеткізер аман-есен.

Сен ұмытпа, сол өзің сүйген Отан  
Шақырғанын «сайлауға, дауыс бер!» деп.  
Сен ұмытпа, өз елің, өз партияң  
Шақырғанын құрметпен саған кел деп!

Сен ұмытпа, жүректе жанған нұрдың  
Құйыларын бір жерге бүгін елмен.  
Сен ұмытпа, жеңісі Октябрьдің  
Тағы да бір бекірін бюллетеньмен.

*1951*

## САЙЛАУ КҮНГІ ҚУАНЫШ

Бар жүректің бірдей соғып тынысы.  
Бар қуаныш құйылғандай бір көлге.  
Бар өмірдің зырыл қағып жүрісі,  
Барлық бақыт жиналғандай бір жерге.

Алматыда шаттық хабар тарады:  
Қанат берді әр адамның жанына,  
Екеу-екеу әне кетіп барады,  
Айтып барад — досына да, жарына.

Ана айтады баласына мақтанып:  
«Бірінші боп мен барамын бәріңнен!»  
Әлдеқалай мен озар деп сақтанып,  
Атаң-дағы ерте кетпек сәріден.

Тындап тұрған баласы да күледі,  
Қызғанышын анасынан жасырып,  
«Кім озырын сайлау күні біледі,  
Мүмкін сізден мен кетермін асырып!»

Осылайша әрбір үйде бұл хабар  
Қуаныштың жұлдызы боп жанады:  
Осылайша, үлкен, кіші балалар  
Күнді ұзатып, танды қарсы алады.

«Мен бірінші дауыс берем»,— дейді ұлы,  
«Жок, мен бұрын барам»,— дейді анасы,  
Осылайша сайлаушылар әр күні,  
Осылайша Алматының қаласы.

1950

## ОРМАН ТУРАЛЫ ЖЫР

Құлпырды құмайт, жапты орман  
Колхоздың еңбек даласын.  
Жарқылдап күлді бар адам,  
Аралап тоғай арасын.

Сасырды сусыз қаңсыған  
Тотыдай тоқсан түлеткен  
Жаудырды ел алғыс-алғыстан  
Көсемге, сүйген жүрекпен.

Аңызға соққан күндіз-түн,  
Шөлдерге бітті жаңа түр,  
Ырысы болды колхоздың,  
Құм сауырын басты гүл.

Тақырға ағаш ектіріп,  
Тотыдай құмды түлеткен;  
Алғысын айтты ел жеткізіп,  
Көсемге сүйген жүректен.

Табаның күйген, тас жанып,  
Елсізді бүгін басты орман.  
Толқыды бидай бас жарып,  
Еңбекке қойнын ашты орман.

Жаңғырды колхоз, жаңғырды ел,  
Өмірмен — жаңа тілекпен.  
Жолдады ыстық сәлемдер  
Көсемге сүйген жүрекпен.

1950

## АҚТА АТА-АНА БОРЫШЫН

Таң атты жарқын нұрымен,  
Кұшақтап біздің өмірді,  
Бөленіп қызыл арайға,  
Мектеп те көзге көрінді:

Бұрынғыдан өзгеше,  
Кербез, сұлу сыланған,  
Маңайын гүл басыпты,  
Балалар жүр қуанған.

Бөбек күйі, жан күйі,  
Ана баптап баласын.  
Шөп-шөп сүйді бетінен,  
— «Сен сабаққа барасын».

— Апа!— деді Гүлзада.  
— Айтшы, көзім қарасы!  
— Кітаптары қолында,  
Мынау үйдің баласы...

— Білдім, сәулем, назынды,  
Әне кітап, сен де ал!  
Ұқыпты бол, зерек бол!  
Қағаз да бар, қалам бар.

Мектеп білім ордасы,  
Сенің ұшар ұяң сол.  
Оқы, жаным саясы,  
Инженер бол, ғалым бол!

Мұғалімді қадір тұт,  
Айтқандарын ұғып ал.  
Тәртіпті бол қарғашым,  
Оқуыңа зейін сал.

— Апа,— деді тағы да  
Айдай нұрлы ақ Шолпан.—  
Ал, мектепке баралық,  
Ала жаздай сағынған.

Ақта ата-ана борышын,  
Мектебіңнің алды бол!  
Күнде қуант үй ішін,  
Үміт те сол, тілек сол!

1950

I

Қараңдаршы, жаңа тарих бетіне,  
Қараңдаршы, келбетіне заманның!  
Қараңдаршы, жер, суына елімнің,  
Қараңдаршы, тарихына адамның!

Барлық жайда, барлық істе өзінмен  
Бірге алдыңнан көрінеді ізгі дос!  
Ыстық дүние сәулесіндей көзіңнен  
Кетпейді ол. Онсыз сенде өмір бос.

Тарихының қайсы бетін ашсаң да,  
Оның ісі шыға келер біріндеп...  
Өмірінің қай торабын жазсаң да,  
Ол тұрады қарсы алдында күлімдеп,

Өткен жылдар... алдындағы кезеңдер...  
Сол досыңның шұғыласына малынған.  
Ел, бақыты, мендегі бұл өлеңдер  
Соның ыстық жүрегінен алынған.

Қамалдарды сеніменен бірге асып,  
Бақытыңа бірге қорған қалаған.  
Майдандарда сеніменен бір басып.  
Сені өзіне, өзін саған балаған.

Сені мен мен — барлық совет адамы  
Сол бір достың жүрегінен нәр алып,  
Әр сағатта, әр минутта шаттықпен  
Сүйсінеміз келбетіне қадалып.

Қамықсақ ол жадыратар көңілді,  
Жарқын ғана аяңдайын дем беріп.  
Тастамайды әрқашан да сенімді,  
Сенің панаң ең тамаша, ең берік.

Оған берік антымыздан танбаймыз,  
Сақтаймыз біз нақ жүректің басында.  
Жанымызды соған ғана арнаймыз,  
Болсақ, дейміз соның ғана қасында.

Баламыздың тілі шығар кезінде,  
Оның атын үйретеміз жабылып.  
Ол жүректен бірге біткен сезімге,  
Сағат сайын тұрамыз біз сағынып.

Оның аты компартия — дос, жолдас,  
Барлық совет адамына бақыт, күн.  
Бар тарихтан жалғыз нәтиже табылмас,  
Ол жарқырап түсірмеген шұғыласын.

## II

Зор майданда он жетінші жылдағы,  
«Патша тағын талқанда!»— деп пролетар.  
Құрап елді қала менен қырдағы,  
Кім бастады, кім жеңді!— деп салды жар!

Компартия!

Ең алдында шебімнің  
Тұрды берік намысындай адамның.  
Шықты дауысы штабынан Лениннің,  
Жаңа өмірдің — біздің жаңа заманның.

Бұл майданда бастады ол, біз жеңдік,  
Кәрі дүние талқан болды тағымен.  
Жер үстіне ғасыр келді Лениндік  
Шаруаларға, пролетариат табымен.

Содан бері өтті жылдар... өтті айлар...  
Совет елі

Жеңістерге бөленді.  
Содан бері Отаным бар, елім бар,  
Содан бері жаздым мен де өлеңді.

Біздің заман сағат санап, күн санап,  
Басты өткен ғасырлардың белінен,  
Күтті адамзат өз бақытын болашақ  
Жаңа өмірден — біздің совет елінен.

Біздің заман шыққан күндей жайнады,  
Бар әлемге алтын нұрын түсіріп.  
Капиталдың үстінде бұлт ойнады,  
Коммунизм зәрелерін ұшырып.

Өшікті олар, бізге тісін қайрады.  
Жанған өрттей қаулады жау жаласы.  
Екі өмірдің тағы ашылды майданы,  
Сапқа тұрды бүкіл совет даласы.

Компартия ең алдында шебімнің  
Жауға аттанды, еліме ұран тастады.  
Ер сабаздар штабынан Лениннің  
Жеңістерден жеңістерге бастады.

Біздің елдің туы көкте жайнады,  
Басып өтті фашизмнің белінен.  
Бар халықтың жүзінде нұр ойнады,  
Келешегін күтті совет елінен.

Содан бері тағы біраз жыл өтті,  
Ой салмағы ғасырлармен барабар.  
Елім жаудың зардабын тез түзетті.  
Туды тағы фабрикалар, қалалар.

Коммунизм құрылысы басталды,  
Түрікпеннен, ұлы Доннан, Волгадан  
Күнім менің жарқыратты аспанды  
Табыстармен еш тарихта болмаған.

Кел, жолдастар,  
Тездетейік өмірді,  
Сағат емес, секундтардың тіліндей!  
Жылдамырақ жеткізуге елімді  
Ұлы күнге — коммунизм күніндей!

**1950**



## КОМСОМОЛДАР

Сапта нығыз заманамен бір басқан,  
Ұлы Ленин ұрпақтары серігім!  
Жана өмірдің нұрлы есігін бірге ашқан  
Өз есінен шығарады сені кім!

Құрыш дене, мінсіз сұлу бетінді  
Күнде көрем қуанышпен, бауырым.  
Тұр келбетін — өз бейнесі секілді  
Отанымда мындаған жас-кәрінін.

Қарт большевик саған қарап қуанар  
«Өмірімнің жалғасы,— деп,— өлмейтін.»  
Бала менен жас біткендер қуанар  
Осы менің бағытым деп өрлейтін.

Комсомолдар — жас қайраты елімнің,  
Коммунизм жырын көкке шырқаған.  
Мандайыңнан көрем қолын Лениннің  
«Өс жастарым!» деп әкендей сипаған.

Қандай жақсы, қандай сұлу, көрікті,  
Біздің елдің бейбітшілік көктемі.  
Шат тұрмыста совет елі ерікті,  
Күндей күшті коммунизм мектебі.

Дәуіріме, еліме ұқсас келбетін  
Әрқашан жас, әрі сұлу сымбатты.  
Комсомолдар болашағым, зейнетім,  
Ұл мен қызы Отанымның қымбатты.

Барасындар аяғыңды нық басып,  
Құрыш-болат партияның соңында,  
Тұр алдында коммунизм нұр шашып,  
Тез адымда, қызыл туын қолында!

Адымдаңдар, табыстардың шынына  
Бақыт үшін, өмірі үшін адамның!  
Бөленсін ел сенің шаттық жырына,  
Комсомолдар сүйікті ұлы заманның.

1952

## ӨЛЕҢІМ МЕНІҢ

Өлең — маған сыр алғы достың бірі,  
Келген үні құлаққа туған күні.  
Адам ойы, ақылмен тізген сөздің  
Кейі қатал, келеді кейі жылы...

Менің көп өлеңдерім сөзбен тізген  
Кеткен шығып ежелгі сыпайы ізден.  
Ат қорада,  
Суықта, лайсанда,  
Жабайы жолдас болып жүрді бізбен.

Серігім деп соқашы бір жас жігіт  
Жастығының астына қойды тығып.  
Нәзік емес, жабайы өз тілінде  
Жазылған өлеңімнің сырын ұғып.

Жұмыскер қартаң орыс іздеп барып,  
Өлеңімді дүкеннен көрді алып,  
Тұрмысына бір керек бұйымындай,  
Жатсынбай, қалтасына кетті салып.

Білемін!  
Серік болды талай жанмен,  
Кеш жатып, бірге тұрды атар таңмен.  
Қатарлы күзетшінің бірі болып,  
Отарға кетті өлеңім малшылармен.

Кірді еркін бар өмірге есік ашып,  
Шахтада кен қазуға араласып,  
Заводта машинаның винтін бұрап,  
Күзетті шекараны алшақ басып.

Соғысқа меніменен бірге барды,  
Ұмтылды атақаға — айғай салды,  
Оған да жаудың атқан оғы тиді,  
Жыртылған денесінде ізі қалды.

Жазылды жарасынан. Жатпады ол,  
Солдаттай сапта бірге аттады ол.  
Отанның коммунистік қызыл туын  
Өзінің жүрегіндей сақтады ол.

Мансап жоқ өлеңімде жалғыз қуған,  
Таймайды кезі келсе оттан, судан.  
Жанындай совет халқын жырым сүйген —  
Ер жеткен соған еріп, сонан туған.

Жан сырым өлең анық, маңдай терім,  
Ол — тұтас — Мен.

Атым жоқ басқа менің.  
Сен деп қана дүниеге келген жырды  
Анамдай қамқор болып сына өздерің!

1952

## НИКОС БЕЛЛОЯНИСТИҢ ӨЛІМІНЕ

Атты жау,  
Алды өлім бүгін кімді?  
Қақ жарған ерді алды ма кара түнді!  
Кім жоймақ от жүректі,  
Ақыл, ойды,  
Кім жоймақ халық үшін туған ұлды?!

Оқ тиді.  
Құлады ер жерді күшты.  
Ұрыдай түнде жендет қанын ішті.  
Бірақ та өмірі онын үзілмеді,  
Жүрегі жалын болып аспанға ұшты.

Қақ жарып Греция кара түнін  
Жүрегі лаулап жанып тұрды мұнын.  
Кір шалмас коммунистік адал жаны  
Қаттырақ бұрынғыдан шығарды үнін.

Санк етті ол!  
Шақырды елін, сілтеді алға!  
Майданға! күрес пенен атар таңға!  
Жалғасып миллиондармен кетті өмірі —  
Өшпеді октан өзі жығылғанда.

Өлікке үнсіз ғана иіп-басын,  
Ызалы гректер тұр төкпей жасын.  
Солардың жүрегінде күндей жанған  
Кім жоймақ коммунизм шұғыласын!

1952

Таң бозарып атқан шақ,  
Әдемі салқын жел тұрды.  
Еркелеп желмен бірге ойнап,  
Үкілі бидай құлпырды.

Шақырып күнді боз төрғай  
Әдемі сазбен үн қатты,  
Құлпырды сұлу көк орай,  
Табиғат таңға тіл қатты.

Ормандар жайып жапырағын,  
Сыланып күстай таранды,  
Кідіріп шықпай, тұрды күн,  
Құрметпен күтіп адамды.

Төсектен тұрып киінді  
Құдіретті адам сол шақта,  
Өмірге «жүр!» деп бұйырды,  
Көз қырын тастап жан-жаққа.

Дүрілдеп кетті сол сағат  
Түндегі дүние тынысы.  
Қимылға басты қат-қабат,  
Асығып өмір жүрісі.

Заводтар салды қатты айғай,  
Адамның өктем күшімен.  
Тербелді теңіз өте жай,  
Қаймыққандай кісіден.

Әмір етті ми мен күш,  
Асау дүние жеңілді.  
Жасап жатты асығыс,  
Адам, еңбек өмірді.

Көк жиектен баспалап,  
Күн қарады адамға!  
Күн қарады адамға,  
Күн қарады заманға.

## БАҚЫТ ЗАҢЫ

Ұлы ойшыл партиямын қолымен  
Жазылған заң — халқымыздың бағына,  
Төкті күндей ленинизм жолымен  
Нұр шұғыласын гүлді болашағыма.

Бұл заң қайнар бұлағынан нәр алған  
Парасатты біздің жаңа заманның.  
Адам үшін, бақыт үшін жаралған  
Жүрегінен ұлы ойшыл данамның.

Әр сөзінде махаббатқа бөлеген,  
Адам, сені, сенің келешегінді.  
Шын әкелік қамқорлыққа кенеген  
Правонды, төккен маңдай терінді.

Оқы, дем ал! — Даңғыл жол бар, бәрі сай,  
ССРО-ның азаматы сен үшін.  
Алтынменен заңға жазған осылай,  
Деп барлығы ұрпақ үшін, ел үшін.

Бар әлемде адам ұлы күлімдеп,  
Бұрды бетін коммунизм таңына.  
Бақытым деп, нұрын шашар күнім деп,  
Қолын созды бақытты бұл заңыма.

1952

## ТАС БҰЛАҚ

Тау қойнауын қақ жарып  
Сарқырап аққан тас бұлақ.  
Суыңды жұтпай бір қанып,  
Қалайша тұрар жан шыдап!

Ернеуіңнен үнілдім,  
Сұқтана бір көз тастап.  
Кіршіксіз таза суыңның  
Аққанын көрдім ойқастап.

Құлаған құздан толқының  
Кенеттен тоқтай қалыпты.  
Сәні боп адам көркінің  
Жаңа арнамен ағыпты.

Күмбездеп кейбір жеріңді  
Атын да адам жазыпты.  
Күтсін деп суың егінді,  
Қасыңнан арық қазыпты.

Кідіріп асау толқындар  
Шым-шымдап қана ағып тұр,  
Жайдары мінез Нұржамал  
Жанында тұр, бағып тұр...

1952

## АШЫҒУДЫҢ БЕСІНШІ КҮНІНДЕ

(Назым Хикметтен)

Туыскандар!  
Айтар сөзді мен бүгін,  
Тапсам әрен.  
Актарар көңілдегі  
Бар сырымды,  
Қалдырмай баяндайтын  
Бар шынымды,  
Ұғарсындар себебін  
Оның неден?  
Бесінші күн тым ауыр  
Аштық деген,  
Менің басым ауырады.  
Азия, Америка, Европада  
Тілектес бостандыққа  
Туған — бауыр.  
Қаранғы түн ішінде  
Бәрінің де —  
Бас иген келбеттерің  
Алдымда тұр.  
Бәрінің көздерінде  
Жайнаған нұр,  
Жарқырап дүниеге  
Атар тандай.  
Сендердің колдарыңды  
Қыссам қазір,  
Бакытты болар едім  
Мен де қандай.  
Қолындай туған анамның  
Қолындай сүйген жарымның,  
Өзіндей нағыз өмірдің  
Қысар ем ұзақ босатпай.  
Туыскандар!  
Сендер бірге болдыңдар  
Осынау қиын жылдарда  
Менімен  
Менің атыммен,  
Менімен  
Менің халқыммен.  
Менімен  
Туған еліммен.



Менімен

Сүйген жеріммен,

(Кім айырап сендерден.)

Сүйемін мен бәріңді,

Сүйемін туған жеріңді,

Сүйемін өскен еліңді,

Сүйемін сенің халқыңды.

Мен разы сіздерге

Туысқандарым, достарым!

Соққыдан түрме ішінде

Өлімші етсін дұшпаным —

Мен өлмеймін бәрі-бір,

Ала алмайды, сұм тағдыр.

Өмір сүрем бәріңмен

Мен де бірге,

Сендерменен жасаймын

Мен де бірге,

Өлмеймін мен

Арагон жырларында,

Өлмеймін мен

Өзімнің ұлдарымда

Өмір сүрем Поль Робсон

Өмір сүрем

Өлеңінде,

Бостандық туларында,

Ақ кептермен

Әлемде мен де ұшармын,

Мен халықтық

Өмірде өлмес жанмын,

Мен тірімін, жердемін

Адам үшін

Арасында жасаймын адамдардың

Менің міне осында

Барлық күшім,

Менің міне осы ғой

Мақтанышым.

Уа, достарым,

Бақытым осы менің.

## ТРАКТОРШЫ

Қолхозға шықтым тағы да  
Көрейін деп аралап,  
Асықпай жүріп келемін,  
Егістік жерді жағалап.

Үстімдегі кең аспан  
Жерге нұрын шашып тұр,  
Жамырасып жан-жақтан  
Еңбек әнін басып тұр.

Топ-топ анау трактор  
Егіс жонын қаптаған.  
Қанша мыңдар болса да,  
Қалдырмайды аптадан...

Кейде қатар, кейде іркіс  
Жерге шимай салып жүр.  
Қол тимеген тың жондар  
Төңкеріліп қалып жүр.

Адам ғана әмірші  
Бұйырып жүр, мініп жүр,  
Күдіретіне мәз болып  
Миығынан күліп жүр.

Жақындап ем қасына  
Тракторшы біреудін,  
Көзіме оттай басылды,  
Өзі екен ғой Тілеудін.

— Базармысың?— деді ол  
Бетіне қан жүгіріп.  
Мен де қарсы ұмтылдым,  
Алқымға сөз тығылып.

Сағыныппыз тым қатты,  
Қөрмегелі қанша жыл...  
Бір кезде Отан солдаты  
Міне, алдымда Тілеу тұр.

Мандайында қос сызық,  
Майдан жолы — оқ жолы...

Сәл қисықтау бітіпті  
Сол иығы... сол қолы...

Сұрап едім хал-жайын,  
Жүзінде нұр ойнады  
Күнге тосты мандайын,  
Тез сөз айта қоймады...

— Халдің несін сұрайсың!  
Жақсы тұрмыс, жақсы күй,  
Міне астымда трактор,  
Әне, қырда біздің үй...

Көп құрбандар шалынып,  
Күшпен жауды жеңіп ек,  
Бейбітшілік ұрығын  
Сөйтіп елде егіп ек.

Сол ұрықтан мен бүгін  
Егіс сеуіп жатырмын,  
Қолхозды кең далама  
Жеңіс сеуіп жатырмын,

Қош!  
Кешке үйден күтемін!  
Сөйлеселік,  
Кел, Базар!  
Жарыстамын егісте,  
Жұмыс та көп, уақыт тар.

Трактормен жөнелді ол,  
Жерге тұқым себелеп,  
Арттан көріп карасын,  
Мен де келем жебелеп,

Көз алдымда көрінді —  
Тілеу жазғы көктемдей,  
Байлық, бақыт ұрығын  
Дүниеге сепкендей...

Бидай емес ұлы өмір  
Жерге егіліп жатқандай,  
Қүдіретті сұлу болашақ  
«Менмін!»— деп тіл қатқандай.

1952

## АЯЗ АТА

### I

Дала да аппақ, көк те аппақ  
Сықырлайды басқан жер.  
Ысқырады борандап,  
Қысқы ашуға мінген жел.

Қарлы құйын аралас,  
Құтырады, тынбайды.  
Арыстандай араны аш,  
Жата қап жер тырнайды.

Күндіз-түні сабылып,  
Кезеді елдің қырларын.  
Жел құсып, қар жамылып,  
Көрсетеді тырнағын.

Қайыстырып жер бетін  
Қармен аппақ көмеді,  
Көрсетем деп келбетін  
Аяз атаң келеді —

— Ей, балалар, балалар!  
Жылы киім киіңдер!  
Қардан қала соғындар,  
Қарлы аязды сүйіндер!

### II

Қараңдаршы, балалар,  
Аяз атаң түсіне,  
Сырттан тұлып жамылып,  
Тон киіпті ішіне.

Сақал, мұрты күмістей,  
Үстін де қар көміпті,  
Балаларын көрем деп,  
Тым алыстан келіпті.

Қидіндер ме, пима, тон,  
Бәрің жылы, бәрің сай!  
Шығып кетіп көйлекшен  
Деп жүрмендер: аяз-ай!

Конькийді қой! Шанғыны ал  
Кәне, қармен зырлайық!  
Келіп қалар Аяз шал  
Көп бөгеліп тұрмайық.  
Жиналындар тез, шапшаң!  
Кімде қандай сыйлық бар?  
Жыл айналып келді атаң,  
Кірпігі мұз, үсті қар.

— Қалай едің сабаққа?  
Нашар болсаң, бармайсың.  
Нұртай айтты Жанакқа:  
— Сен үйінде-ақ қалғайсың!

— Неге, — дедім мен күліп.  
Жанак ұңсиә томсарды.  
— Өзі, ағатай, түр біліп, —  
Деп Нұртайжан ой салды.

— Барсын, Нұртай, бөгемел  
Құшағыңа ал, серік бол!  
Көрсетіндер өнеге  
Жолдастыққа берік бол!

Жинап алып керегін  
Жөнелді олар зырғытып:  
Өзі өсірер бөбегін  
Мектебі де тұр күтіп.

Аяз атаң безенген  
Тағып сылдырмақтарын.  
Иә, осынау кезеңнен,  
Иә, алдынан қақпаның

Шыға келсе, өй, ғажап.  
Не демексің балалар?  
Қалармысың танырқап,  
Бұл кәдімгі Аяз шал.

### III

Мектеп толған балалар.  
Аяз атаң сәнденіп,  
Сөзін іркіп көпке айтар  
Аз кідіріп, мән беріп.

Балаларға қарады  
Қарады да не деді?  
Саусақтарын санады,  
Тамағын бір кенеді.

Таяғымен жер шұқып  
Сақалын да тарады,  
Балалар да қоршады,  
Бәрі ентелеп қамады.

— Тоқта,— деді,— достарым!  
Маған еріп жыл келді.  
Араладым жер шарын  
Көп сағындым сендерді.

Туғандарым — төлдерім,  
Бәрің ұл мен қызымсың,  
Бәрің менің жанымсың,  
Бәрің атқан таңымсың.

Бірге келді жаңа жыл  
Әрі әдемі, әрі жас.  
Еліндегі жаңа өмір!  
Жаңа таңмен аралас,

Құтты болсын жеріне  
Құтты болсын бәріңе!  
Жаңа таныс әкелсін  
Жастарын мен кәріңе,

Осылайша басталды  
Аяз ата жырлары.  
Елка биін биледі  
Балалар да тынбады.

«Алтын», «Күміс» тағынып  
Аяз ата мақтанды.  
Іздегені табылып  
Балалар да шаттанды.

Кен далаға қарандаршы, балалар!  
Ағаш көктеп, Май да бізге келіпті,  
Алатаудан басқа жерде қалмай қар,  
Жаз өмірден мықтап орын теуіпті.

Көктен нұрын күн тамылжып себеді,  
Дүниені махаббатпен құшқандай  
Майдың айын сүйе бергің келеді,  
Көңіл күйің көктен әрмен ұшқандай.

Табиғат та жадырап бір қарады,  
Ардақты адам дүниесіне сән беріп.  
Сай-саладан су сылдырап ағады  
Сұлу жердің тамырына қан беріп.

Біздің совет даласында нұр жайнап  
Батыр еңбек нақышына бөленген.  
Бейбітшілік аспанында құс сайрап,  
Бар адамның көзегесі көгерген.

Мақталы бел, бидайлы жер дәнімен,  
Өсемін деп көкке-назбен қарады,  
Тракторлар күшті моторларымен  
Әне, үздіксіз жерді жырттып барады.

Ән менен күй, еңбек пен жаз кайнады,  
Көкірегін адам үшін кең ашып,  
Жастық келді — өмір гүлдей жайнады,  
Осылайша кетті дүние жарасып.

Май киімін киінді әне бар адам,  
Май сазына бөленді әне бар өмір,  
Майдың гүлін жамылды әне бар ғалам,  
Май жүрегін тербетті әне біздің жыр.

1952

Сексенде дәл осы жыл Кәрібай шал.  
Ер еді тынысы кең, бейне бір нар.  
Бақытты бұл колхоздың қариясы,  
Не керектің үйінде бәрі де бар.

Түскен ақ сақал-мұртқа, анау шашка,  
Алтынмен жазылғандай бейне тасқа,  
Қайрат пенен енбектің айғағындай,  
Бір ғасыр үлгі болған талай жасқа.

Бір кезде балғын дене, албырт жанды  
Көрдім мен, көргенсің сен осы адамды.  
Ауылда совет құрған, колхоз ашып,  
Ұйқысыз өткізіп бұл талай таңды.

Лениндік біздің заман тартқанда ірге,  
Мұның адал жүрегі соққан бірге.  
Сауатсыз еді ол онда. Ақ жүрегі,  
Бір мықты кірпіш болған жаңа өмірге.

ВКП(б) билетін алғанда бұл  
Не оң тоғыз, болмаса, жиырманшы жыл.  
Ұққан сырын заманның, қатты ойлаған —  
Қандай бақыт, алдында не кезек тұр.

Партия кешкен талай жорықтарда  
Бұл солдаттай тынымсыз жүрген алда.  
Адал, шапшаң бар ісін орындаған  
Күз нөсерде, қыс қатал борандарда:

Ат үстінде күндіз, түн атой салып,  
Үйінде отырмайтын демін алып,  
Партияның елдегі жаршысындай  
Осы жанды ұмытар адам нағып.

Елімізде, колхозда болған жайды  
Әрқашан жүрегімен қабылдайды,  
Әлі де іске даяр, батыл, өктем,  
Партия үшін өз жанын аямайды.

Күндегі әдетінше ойлы, асқар,  
Балаларын жиып ап, деді — жастар!



Асқақтау, көтеріңкі ұстады өзін  
Анау бір кездеріндей іске бастар.

Қадала қарай қалды балалары  
«Неге бізге налиды әке жаны —  
Кімді сынар әрі әділ, әрі қатаң»  
Дегендей именеді түгел бәрі.

— Мен — деді — іске аттапам ертең таңнан,  
(Жайы бар колхозымның артта қалған...)  
Өзімнің үлесімді қосам колдан  
Коммунизм көшіне сендер барған.

Деді де қарт Кәрібай буды белін,  
Жас жігіттей сыбанды екі жеңін.  
Кәрі көзі жарқылдап жанған оттай,  
Қызыл күрең нұр басты тозған өңін...

Тұрды орнынан, салмақпен кетті басып  
Тысқа шықты қайратқа араласып,  
Елін сүйген еңбектің адал ұлын  
Сұлу күн де қарсы алды нұрын шашып.

...Жазғы таң қылаң бере қара жолды —  
Кернеді машиналар — астық төлды.  
Қызыл туды қолына мықтап ұстап,  
Кәрібай керуенге басшы болды.

Күндіз, түні дамылсыз егіс жақтан  
Колонналар қаптады астық артқан.  
Ер Кәрібай мындарға араласты,  
Еңбегімен Отанға сыйлық тартқан...

1952

## ДОСТЫҚ ТУЫ

Мен білемін. Кешегі майданда өткен.  
Достық туын Гитлер атқанда оқпен,  
Орыс, қазақ, белорусс, украин боп  
Сол туға жаудың оғын жолатқан жоқ.

Бірлік, достық бекіді төккен қанмен,  
Сіңді бойға адамдық ақыл, армен.  
Оны ешбір жау бұза алмас талпынса да —  
Бұзамын деп оқпенен, бомбалармен...

Сол бірлікпен мызғымас тастай берік —  
Сол достық туыменен жауды жеңіп,  
Сол туменен советтің халықтары  
Коммунизм төріне барады еніп.

Сол туменен топталып берік, нығыз! —  
Партияның мыңына сапта тығыз —  
Тұрмақ мәңгі, советтік байтақ елім.  
Берік достық, тап оған берік сенім.

1953

## ЖАҢЫРДЫ КҮНІ

Күркіреп күн, көктен жаңбыр құйылды,  
Жарқыл қақты нажағайын үйірді...  
Лезден-ақ даланы сел қаптады,  
Су кернеді сай-саланы, қиырды.

Үнсіз тұрған жыралар да тіл қатты,  
Жаңбыр селі жан бітірді — жырлатты...  
Жартастардан бұлқына су атылды,  
Дарияға шомылғандай қыр жатты...

Тына қалды, жауын кенет басылды,  
Жадырап бұлт көктің жүзі ашылды.  
Бір шағырмақ ыстық төнді аялап,  
Күн нұрына бөленбеді қай алап?..

Қолхозшылар далаға көз тастады,  
Дабыр қағып ешбірі сыр ашпады.  
Қырдан аққан суды көрді, шаттанды,  
Күлім қақты егін жайға аттанды...

1953

## ЖОЛЫҒАР КЕЗДІ МЕН КҮТТІМ

Жолығар кезді мен күттім,  
Жүректе асау тына алмай,  
Жарқ еткен алдан үміттің  
Отырдым тілін ұға алмай...

Тым қатал сол шақ дегбірсіз,  
Бар ойым: тез, тез, уақыт өт!  
Тулайды жүрек, мен үнсіз,  
Кешікпе, сәулем, бір минут.

Қинама ауыр ой салып,  
Келер де болмай, келмес те,  
Лап етті алдан бір жарық  
Сөнер де болмай, сөнбес те...

Кел, кел, жаным, тезірек,  
Жолығар, міне, болды шақ.  
Өмірдей ыстық күлімдеп,  
Бақыттай алдан жарқырап.

Осы бір сағат, осы кеш  
Түйіні талай сырлардың,  
Өзің айт жөнін, өзің шеш —  
Мен күткен ұзақ жылдардың.

1953

(Лермонтовтан)

Мені есіңе ал! Сен-дағы сол бір шақта,  
Кеткен кезде жазамды заңнан тартып.  
Қайғылы жүргенімде бөтен жақта,  
Қуғында қасіреттің жүгін артып.

Болар кез, ұйқы көрмей кейбір түнде  
Сен жалғыз отырарсың, май шам жағып...  
Ғашықтық оты лаулар жүрегінде,  
Көзіңнен кетер ыстық жастар тамып.

Дерсің сен: бір кездерде ол да осы үйде,  
Тап осы мезгіл еді, қайғы тартып  
Отырған, қасіретті ауыр күйде  
Шешуін өміріңнің тағдырға артып.

(Лермонтовтан)

Токта, жүрек, болды мезгіл,  
 Сабыр етер келді шак,  
 Неге жиі соғасың құр  
 Ол кеткесін алыстап.  
 Қалтырамай қайтсін ауыр  
 Есі кеткен сорлы жан,  
 Өтсе-дағы соққан дауыл  
 Теңіздейін бурқанған.

Сол сағатта айрыларда  
 Көрмедің бе, айтшы, жаным!  
 Төгілердей қарсы алдына,  
 Көзімде жас ойнағанын.  
 Қабылдамай, қақтың қатты,  
 Құрбан еткен көз жасымды,  
 Оятар деп махаббатты,  
 Аядың ба, өз басыңды?

Бүге алмады, бағындың сен  
 Ауыр дертті жүрек жалғыз,  
 Сүйемін мен, сүйесің сен,  
 Енді қалай ұмытармыз.  
 Күңіренді көк, отырдық біз,  
 Елестеді сонда маған,  
 Жағада өскен бір-екі күз  
 Тұрған мүлгіп талай заман.  
 Әлі өшпеген белгісі тұр.  
 Қарасаңыз қасына кеп.  
 Косса-дағы шіркін өмір,  
 Тағдыр қатал айырды деп.

Май!

Қала жоқ кетпеген адам кернеп,  
Жалынды сөз, күшті, ұран көшені өрлеп,  
Жер шарында адал жан үн косады  
Бірде туы көкке асып, бірде көлбеп.

Серпінді дауыстары өте қатты  
Шақырған бар әлемде адамзатты,  
Күреске топталуға бір адамдай  
Көтеріп бейбітшілік деген атты.

Бұл үндер төкпе дейді адам қанын.  
Кореядан қайт дейді янки залым.  
Соғыс емес тыныштық адал еңбек  
Өмірдің келтіреді дейді сәнін.

Бұл үндер жер шарында талай тілде,  
Сондай жылы жүрекке — ұқсас үнге.  
Өмір үшін туған сөз — күдіретті ұран  
Өмір барда жасамақ ол да бірге.

Сондықтан қатарлары оның мықты  
Май күні көшелерге тулар тікті.  
Бейбітшілік жасасын!— деп жар салып,  
Адам ұлы күреске тағы шықты.

Бұл күреске — тап осы шыққан үнге  
Қосылған ел дауысы жетіп-күнге —  
Қараңдаршы, әлемді қаптаған ту  
Желбірейді мың түрлі ұқсап гүлге.

Бар тулардың алдында шырқап биік,  
Қызыл ту тұр құлпырып көкке тиіп,  
Тыныштық,  
достық, бақыт жазылған сөз.  
Қуанып адал жандар оқиды ұйып.

ССРО —

бейбітшілік өмір таңы,  
Тек адамның бақытты — тұтқан заңы,  
Күнде жаңа құрылыс, күнде табыс,  
Жылда қайта келеді жастық шағы.

1953

## ЖАҢА ЖЫЛҒА ТАРТУ

Күн еді қарлы аяз,  
Борандап жел тұрды,  
Ескі жыл қарт ата  
Кетуге бел буды.

Сөйтті де салмақпен  
Артыңа ол қарады,  
Не тапты, не берді?  
Бәрін де санады...

Көзіне жарқ етті:  
Табыстар, жеңістер,  
Тізілді қалалар,  
Түрленді жемістер.

Біреуді күткендей,  
Аттанбай кідірді.  
Ақ боран бұрқады,  
Асау жел жүгірді.

Он екі... қақты есік  
Жайрандап жаңа жыл  
— Кіріңіз, кіріңіз,  
Міне төр, міне гүл—

Деді де құрметпен  
Қария қарсы алды.  
Тартулар ұсынды,  
Биледі, ән салды.

Тартумен алдында,  
Жас жігіт жаңа жыл!  
Қарсы алып, құттықтап  
Көр, міне, кімдер тұр:

Мын-мың тонна көмірлі,  
Мұнайлы мыс пен темірлі  
Жұмысшы тарту әкелді.  
Егінді, малды өсірген  
Нұра менен Есілден  
Қолхозшы тарту әкелді.



Ішсең де бал, жесең бал,  
Вагон-вагон қантым бар,  
Деп әнекей күліп тұр  
Қызылшашы Нұржамал.

Жаңа өсірген малы бар.  
Жаңа тапқан дәні бар,  
Тағы ашары тағы бар  
Тұр алдында ғалымдар.

Жүрегінді тербетер  
Жаңа роман, жаңа жыр,  
Сол еңбектің иесі  
Жазушы мен ақын тұр.

## КОЛХОЗ ҚЫЗЫ БИҒАЙША

Қолхоз қызы Биғайша!  
Жан екенсің қымбатты.  
Айрылармыз қалайша!  
Неге шапшаң күн батты?!

Қолхоз қызы Биғайша!  
Түнгі ұшқындай көздерің!  
Шеберлігің ерлігің  
Бірінде жоқ өзгенің.

Қолхоз қызы Биғайша!  
Сөзге сараң, ойға бай,  
Айрылармыз қалайша,  
Тұра тұршы азғантай!

1954



Достар еді екеуі: талай жылдар —  
Көрмеген; әрине көп, айтар сырлар,  
Еңбек бар, қуаныш бар, сағыныш бар,  
Құмға тоғай, шөлдерге еккен гүл бар...

Құмар қана сөйлесті, кімнің, қайда.  
Болғаның, іс еткенін қандай жайда.  
Не айтпақ, не сұрамақ сағынғандар,  
Ендігісін, оқушым, өзің ойла.

Кел, бауырым!

Орыс ұлы өзімсін.  
Ақыл, ойым, аузымдағы сөзімсін  
Шаршағанда сүйенетін тірегім,  
Әрқашан да жарық берер көзімсін.

Кел, бауырым!

Той, мереке жасайын,  
Саған ыстық құшағымды ашайын.  
Тың жерлерді сенімен бір жырттайын,  
Еңбек әнін сенімен бір шырқайын.

Кел, бауырым!

Партия ұран тастады,  
Тағы да зор игілікке бастады.  
Сол ұранға жұмылайық бірлікпен  
Орыс, казак, украина жастары.

Барлық алап астықпенен қайыссын!  
Әйел, ерлер ұлы еңбекте сайыссын!  
Баданадай бидай иық тірессін,  
Көтере алмай жердің белі майыссын.

Баста өздерің!

Ерсін бәрі соныңнан!  
Далаға орнат еңбек қосын қолыңнан!  
Көрсін әлем қаптағанын байлықтың  
Істеріңнен, басып кеткен жолыңнан.

Сәнді қала, зәулім үйлер құрылсын,  
Зор бірлікпен ауыл-қала жұмылсын.  
Жеңісіңнің таңғажайып көркіне,  
Сырт қараған дұшпан көзі сүрінсін.

Кел, бауырым!

Отыр менін төрімде,  
Игіліктің ырысы бол жерімде,  
Сендерді жан бауырындай көрмейтін,  
Сендіремін, бір казак жоқ елімде.

Кел, бауырым!

Келші, көзім қарасы!

Құшақ жайды Қазақстан даласы.

Достық әнін құшақтаса шырқайық.

Орыс, қазақ, украина баласы.

1954

Қайда естідім, сенің нәзік үніңді?  
Бар денемді билеп алып барады.  
Қайда көрдім, сенің бауырым, жүзіңді?  
Бір ыстық от жүрегімде жанады...

Бұл от көптен көкірегімде лапылдап  
Жанып тұрған махаббатым, қарағым,  
Қыздырды оны сенің даусың санқылдап,  
Дәл шағырмақ ыстығындай даланың.

Қайда көрдім, қайда естідім үніңді?  
Туысқаным, өзің айтшы қинамай!  
Бар келбетің көз алдымда бүгінгі...  
Токтамаймын сені білмей, жырламай...

Міне таптым!..

Сталинград маңында  
Көргем сені өрт ішінде, жалында...  
Қызыл крест ауыр сумқан қарында...  
Сен отырдың, қарындасым жанымда...

Осы даусың.

Тілің қандай тамаша,  
Көзің де сол...  
(Бойың сәлдеу аласа.)  
Мүмкін басқа біреуісің тым ұқсас!  
Неге сеніп кеттім  
сондай балаша.  
Жоқ ол емес.

Госпитальда көргемін.  
Нәзік бойың, сенің жұқа жүзіңді.  
Алғашқы рет мен есіме келгемін  
Күшағында... естігемін үніңді...

Туғаныңдай, кимасыңдай пана боп  
Мені күттің,  
күзетімде отырдың.  
Менің жарам саған да ауыр жара боп,  
Жасың төгіп өле ме деп өкіндің..

Кім еді деп, сұрамадың атымды  
Отандасым деген жалғыз сезіммен,  
Бек таныдым... қоштасқаның ақырғы —  
Міне есіме түсті сенің сөзіңнен...

Көрдім сені жау тылында жауынгер,  
Қан сұрапыл жорықтарда бір болдың,  
Украинда, тар қыспақта тұрғанда ел.  
Талмадың сен жалын болдың, жыр болдың.  
Нелер ауыр азаптарды бір көрдің.  
Борышынды ердей үздік өтедің  
Жауған оқтар арасынан күн болдың.  
Жайдары жүз украинка екеуің.

Жоқ, ол да емес.

Эшелонда келгемін,  
Шын құрметпен қолымнан гүл бергемін,  
Әр солдаттың махаббатпен осы қыз,  
Жарасын жүз байлағанын көргемін...  
Бүгін тағы көріп тұрмын жүзінді,  
Қуаныштан жаным төзбей барады.  
Өткен шақтар көз алдыма тізілді...  
Ұзақ ойлар жан-жағымды қамады...

Білем сені, қарындасым, қарағым!  
Барлық жерде,  
Барлық жайда көргемін.  
Қарындасым, туысқаным серігім!  
Отанымда шын сүймейді сені кім!  
Енді міне, келіп тұрсың көркіндей  
Гүлге оранар Қазақстан жерінің.  
Міне қазір тың жерлерді гүл етіп,  
Ен далама бидай егіп жатырсың.  
Мүлгіп жатқан кәрі тонды түлетіп —  
Жан бітірген, неткен ғажап батырсың!

Ресей қызы!

Зеңгер — ашық көзіндей —  
Жүрегің бар мөлдір — таза адамға.  
Табиғаттың жазғы сұлу кезіндей,  
Сырлы, әдемі нұр құясың заманға!



## ЖІГІТ ПЕН ҚЫЗ

Жігітке бір күн айтты қыз,  
Жұмбағым бар тапшы деп,  
Жігіт айтты: «сөзіңіз —  
Жұмбақсыз да жақсы»— деп.

— Жок, ойынды қойыңыз!  
Жұмбағымды шешесіз!  
Шын сөзімді неге сіз  
Бұлай қалжын етесіз!—

Жігіт күлді қарқылдап,  
Серігінің сөзіне.  
Шаңқай түсте жарқылдап,  
Кетті ол мұның көзіне...

— Айтшы, сәулем, тезірек,  
Жұмбағынды табайын,  
Анау тұрған гүлді әкеп,  
Көкірегіне қадайын...

— Албырт, асау жүрегім  
Асығады,— деді,— қыз.  
Қандай менің тілегім,  
Қайда барам осы күз?..

— Білем сенін ойынды...  
Еске салдың несіне!  
Өткізерміз тойынды,  
Октябрьдің кешіне.

— Жок, ол емес, таппадың,  
Айттың өзің ойынды.  
Басқа жолға аттадым,  
Кейін тастап тойымды.

Екі беті ду етті  
Әлде неге жігіттің..  
Күдік басты жүректі  
Сенеріндей үміттің..

Терең ойға қамалды,  
Қыз «жұмбағы» тапқызбай.

Біздей күдік қадалды,  
Жігітке тіл қатқызбай.

Отырды ол, күлді қыз.  
— Неге сонша қысылдың?  
— Тура айтсаңшы жұмбақсыз,  
Оспағына түсіндім...

— Түсінбедің, ұқтым мен —  
Сені уайым қаптады...  
Байқап тұрмын жүзіңнен,  
Айтқандарым жақпады.

Жолым менің ардақты,  
Қуанар жол, өсер жол,  
Міндет ауыр салмақты,  
Тілектес бол, есен бол!

Қолхоз — жерім тұрақты,  
Сонда ендігі мекенім.  
Шөлде ағызам бұлақты,  
Даланы гүл етемін.

Оқуыңды бітіріп,  
Келер жылы сен де кел!  
Керек онда агроном,  
Керек онда инженер.

Жігіт қызға қарады,  
Көзінен нұр тамғандай.  
Жаны төзбей барады,  
Жүрегінде от жанғандай...

Күлді екеуі мәз болып  
Жастық — болашағына.  
Бір сүйгені аз болып,  
Сүйді жігіт тағы да...



## ДАНАША

Данаша! Сәулем Данаша!  
Неткен жансың тамаша!..  
Мен жүрегің сұрасам,  
Сен күлесің балаша...

Данаша деймін, Данаша!  
Еркелейсің балаша,  
Сол мінезің тамаша!..  
Мен де сүйдім ағаша.

*1954*

## КӨЗ АЛДЫМА КЕЛТІРЕДІ АРҚАНЫ

Шіркін Айдар!

Ұштым саған қанатсыз,  
От жүрегім алқынады тағатсыз,  
Сағынғаннан талып еді өзегім,  
Сүйші құшып!

Қадірлі Айдар өзенім!  
Кең төсінді ащы маған, кірейін!  
Тұңғиықта балығың боп жүзейін.  
Толқындармен сақылдап бір күлейін,  
Жас баладай құлпырайын, түлейін.

Алдымда Айдар,  
алдымда Айдар көрінді,  
Нәрестедей көзімнен жас төгілді.  
Мен қуандым тапқан жандай анасын,  
Ол сүйгендей болды сәби баласын.

Толқын болып кете бардым бұрқанып,  
Құлағыма жетті алыстан жыр талып...  
Бар сезімді Айдар суы ұрлаған  
Біле алмадым, алыста кім жырлаған,

Жас тамшысы мөлдір суға құйылды,  
Тасқын айдап мені ұршықтай үйірді,  
Қақпақыл ғып бір-бірімен ойнады,  
Артты құмар,  
жас көңілім тоймады,

Сынайды өзен,  
Баласындай құшады,  
Тербетеді,  
Бауырына қысады.

Әр тамшыдан терең сырлар ұғамын,  
Талай қиын кезеңдерден шығамын...

Шулайды өзен,  
сағынышын төккендей,

Күледі өзен,  
Қатты қысып өпкендей,

Зырлайды өзен,  
мен де бірге зырлаймын,



## БІРЕУ

Біреу сырға,  
біреу жырға тоқтайды.  
Біреу сүйсе,  
біреу сені боқтайды.  
Біреу салқын  
Жаныменен келеді.  
Біреу жылмаң,—  
шек-бауырға енеді,  
Біреу таза,  
тәні болар адамның,  
Біреу қара,—  
орны болар жараңның.  
Біреу өзі  
алсам дейді дамылсыз.  
Біреу тоймас,—  
мансап қуар сабырсыз,  
Біреу саған  
ыржияды «Еркелеп»...  
Біреу жүрер  
қасында итін жетелеп...  
Біреу сырттан  
талай пәле құсады,  
Сені көрсе,  
жымып, артын қысады.  
Осы өмірде  
талай біреу жүреді,  
Сеніменен  
ойнап бірге күледі.  
Біреулер көп  
етегіңнен жабысқан.  
Әр кезеңде  
әр жолдармен табысқан.  
Қатты қақсаң,—  
олар шаңдай жоғалар.  
Үстіңді кір  
басса, қайта оралар.  
Біреу емес,  
мыңдар біздің досымыз,  
Мыңдар үшін  
жасаймыз ғой осы біз.





Таңқы мұрын кара қыз!  
Неге өмірден безесің!  
Не біліп, не сезесің,  
Неге көше кезесің!

Таңқы мұрын кара қыз!  
Намыс қайда, ар қайда?  
Кердең, кердең басқанша,  
Еңбек етсең болмай ма?

Япыр-ау, неткен жан едің!  
 Бір көрдім де от болдым.  
 Ағып бір түскен жұлдыздай  
 Көріндің де жоқ болдың!..

Денемде қалды шым-шымдап,  
 Тұтанар оттың шырағы.  
 Қызуы отыр тыншымды ап,  
 Күйдірмей қалай тынады...

Тас түйін болған көп жылдар,  
 Махаббат гүлім ашылды.  
 Япыр-ау, мұнда не сыр бар!  
 Шырмадың қалай басымды?

Өзің жоқ, қалды бір елес,  
 Іздеймін соны, таппаймын...  
 Таппасам да даттаймын,  
 Жүрегімде сақтаймын.

Үмітке арттым барымды,  
 Шыдармын, тағы жыл өтер.  
 Күйдірген менің жанымды  
 Көрісер алда күн жетер.

Кенеттен жанға бұл ұшқын,  
 От болар маздар, сақталар.  
 Махаббат атты зор күштің  
 Жырлары ұзақ жатталар...

*31. т. 1955*

## ТҮР, БӨЛЕШІМ

Қылаң етті,  
көкжиектен таң атты,  
Тұр, бөлешім!  
Терезеден қарайық!  
Күн шапағын жамылайық біз-дағы,  
Ертеменен таңды қарсы алайық!

Тұр, бөлешім!  
Төсегінде кешікпе!  
Қызыл арай шұғыла тұр есікте,  
Бүкшен қағып әжең де жүр далада,  
Гудок біткен айғайлайды қалада.

Тұр, бөлешім!  
Нұр қаптады күн жақты,  
Комбайнның моторлары зыр қақты.  
Тұр, сәулешім!  
Еркелеме тұр енді!  
Киінейік,  
жуынайық, жүр енді.

Тұр, бөлешім!  
Тыңда еңбек дабылын!  
Жүрші, жаным!  
Кетті менің сабырым.  
Адам үні, машина үні қаптаған,  
Саған таңның базарлығы сақтаған.

Тұр, бөлешім!  
Ойыншығың сайлашы!  
Зыр жүгіріп достарыңмен ойнашы.  
Жұмыскерше тұршы сен де нық басып,  
Есік алдын думандатшы жүк тасып...

Тұр, сәулешім!  
Әкең кетті қырманға,  
Еңбек етер жан қалмады бұл маңда.  
Ұят жаным! Сенің мұнша жатқаның,  
Қызықтамай сұлу таңның атқаның...

1955

## ШӘРБАНҒА

Жас едің сен!

Өстің күнге таласып,  
Гүл боп тұрдың,  
Шоқтарынды жаңа ашып,  
Күлсен-дағы, қабағынды жапсаң да,  
Тұрушы еді саған бәрі жарасып.

Нәзік, таза мінездерің, ойларың.  
Қарап, тындап қанбадым да, тоймадым...  
Жалғыз ғана жалыныңа баттым да,  
Тіл қатпадым...  
Сонда нені ойладым.

Илан, сәулем!

Сол бір бала шағымда.  
Шалдырсам да жүрегімді жалынға.  
Байқамаппын айырларын жолдардың.  
Өмір-бақи боламын деп жаныңда.

1956

## ҚАБЫЛДА, ОТАН

Туған елім,  
Өз Отаным, астанам,  
Талай биік жеңістерге бастаған,  
Қазақстан рапорт етті,  
қабыл ал,  
Рапортында миллиондаған астық бар.

Қазақ жері қырман толы қайысқан.  
Сол астықты көтере алмай майысқан;  
Бір миллиард  
Отанға арнап жөнелтті,  
Байыды елі, шаруаларын кенелтті.

Тау-тау болған астықтары елімнің,  
Нәтижесі сен көрсеткен сенімнің.  
Нәтижесі зор советтік бірліктің.  
Сыбағасы алтыншы бес жылдықтың.

Бұл астықта барлық совет елі бар,  
Бұл жеңісте миллиондардың тері бар.  
Орыс, қазақ украин, болгар да  
Түн ұйқысын бөлді, күзгі таңдарда.

Бір адамдай қимылдады, өрледі,  
Белін шешіп ешбір тыным көрмеді,  
Әрбір дәнді қарасындай көзінің  
Сақтады олар, қимасындай өзінің.

Қазақстан астық әнмен бөленді,  
Естіді жұрт естімеген өлеңді,  
Әндер төкті чехтар, венгер, гректер,  
Тыным таппай қимылдап сом білектер.

Түрленді жер,  
Түрленді елім,  
жаңғырды.

Қазақстан бар әлемді таң қылды.  
Совхоз келді, достар келді, дән келді,  
Завод келді — кең далаға сән келді.

Туған елім!

Компартиям,

астанам!

Сенсің мені жеңістерге бастаған.

Сенсің маған достық берген,

қол берген,

Қазақ елі құлпырсын деп жол берген.

Сен шақырдың,

ұл, қыздарың тізілді,

Ғасыр бойы жатқан тыңдар бұзылды.

Қала болды, егін болды, көл болды,

Ұшан-теңіз байлығы да мол болды.

Қабылда, Отан,

Алтын бидай дәндерін,

Ел сәлемін, елдің сұлу әндерін.

Сыйға тартты оттай ыстық жүрекпен,

Қымбат дәндер алтын менен жібектен.

Бұл миллиардты махаббаты елімнің,

Бірге оралған әр дәнімен егіннің.

Барлық ұлттар достығының айғағы

Гүл жайнаған Қазақстан аймағы.

1956

Қараштың бойы...  
Түн мөлдір.  
Бар ма еді жұлдыз?  
Жоқ па еді?  
Маздаған жалын...  
Ойда тұр.  
Жүректе ме еді?  
От па еді?

Ұмыттым.  
Ұзақ жылдардың  
Артында қалды көміліп.  
Тек қана маздап жанған от  
Әлі тұр көзге көрініп.

Әлі тұр Қараш бойында,  
Әлі тұр менің ойымда,  
Құлақта салған әнің тұр,  
Жүректе жанған жалын тұр.

1956

## ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ ЖАНАРҒА

(Хамар Құрбановадан)

Бармақ болып, достым Жанар, еліңе  
Тағат қылмай, саған сауқат іздедім,  
Оттай ыстық ақ жүзіңді көруге  
Минут сайын шыдамадым, төзбедім.

Жанар үшін деп едім мен, анталап  
Көктем гүлі алдыма кеп жиылды,  
Қиялыма қанат бітті сол сағат,  
Қуанышым дастан болып құйылды.

Сәнді сұлу ерке көктем гүлдерін  
Жидым тегіс, саған букет тандадым.  
Піскен анар, тәтті беһдин<sup>1</sup> түрлерін  
Жанарға деп, Жанарға деп арнадым.

Бұл ойымнан кенет тоқтай қалдым да,  
Көктем емес жүрегімді қармадым,  
Жанар досым, дүниедегі ең қымбат  
Махаббатым — соны саған арнадым.

Көкірек толы кең дүниедей шаттықпен  
Келдім жетіп ұйғыр қызы мен Хамар,  
Қатты құшып бір сүйейін ерніңнен,  
Құшағыңды аш, қазақ қызы, кел Жанар!

---

<sup>1</sup> Жеміс.



Ойна, ойна, Балдырған!  
Бидайың бар сан қырман,  
Күлсең өмір жаңғырған,  
Мінезің бар таң қылған...

Ойна, ойна, дөңгеле!  
Сақылдап күл, Балдырған,  
Он саусақтай пернеде  
Құбылтып күй шалдырған.

Ойна, ойна, Балдырған!  
Шықсын әнің жаңғырған.  
Осында анаң көтерген.  
Қос білегін талдырған...

Ойна, ойна, Балдырған!  
Сағым да бол, жалын бол!  
Жүрегімді жандырған  
Сырласым бол, жаным бол!

Шақыр, шақыр, Балдырған!  
Келсін бәрі, ойнасын,  
Тасқындаған сан қырман  
Астық тойын тойласын.

Ойна, ойна, Балдырған!  
Тоқтамашы, тынбашы!  
Жан сусынын қандырған  
Жырларыңды жырлашы!

Озам деген талай бар,  
Алдыңа жан салмашы!  
Еңбек тұрсын жырынмен,  
Ел жүрегін андашы...

Ойна, ойна, Балдырған!  
Өзің де бір өмірсін.  
Қырман басы — көк теңіз  
Күлкің асып төгілсін.

## ОЙЛАСАМ БАЛА КЕЗІМДІ

Балалық шағым, жас шағым,  
Тасыдым асық етектеп.  
Шандатып жердің топырағын,  
Жүгірдім кімдер жетед деп...

Орманның жасыл жапырағын  
Аялап талай тарадым,  
Мөп-мөлдір бұлтсыз түндерде  
Жұлдызды қанша санадым..

Күлімдеген көп жұлдыз  
Бір мен үшін туғандай  
Сол жұлдыздан бір жас қыз  
Маған қарап тұрғандай.

Ол да жетім — зарлаған.  
Мұңы бардай сөзінде.  
Оның-дағы парланған,  
Жасы бардай көзінде...

Дүние жұмбақ, жер жұмбақ,  
Ойландым талап, таппадым.  
Өзіме-өзім сыбырлап,  
Ойымды іште сақтадым.

Ғажайып сыры бар ма деп,  
Телмірдім көлдің бетіне...  
«Суымды, пері, алма!»— деп,  
Белгі қойдым шетіне.

Қопаны<sup>1</sup> кездім, су кештім,  
Шулады маған құрақтар.  
Еншісі дала елде өстім,  
Алдымда жатты бұлақтар.

Айдында аққу ән қосты,  
Етекте жырлап үйрек, қаз.  
Айдарлы қызғыш жол тосты,  
Абыржып соған болдым мәз.

---

<sup>1</sup> Қол аты.

Ұялар кездім. Етектеп  
Жұмыртқа тердім жағадан.  
Інімді қолдан жетектеп,  
Шеттедім басқа баладан.

Томарда аулақ отырып,  
«Табысымды» санадым.  
Қуандым ұзақ секіріп,  
Қайта-қайта қарадым...

Алдымда жатты ақ-шұбар  
Жұмыртқа толы көйлегім.  
Желіге түсті жан құмар,  
Такылдап тағы сөйледім.

Тасыды шалқып көңілім,  
Қопаның болдым иесі.  
Қонуға қорықтым, «перінің»  
Соғар ма деп «киесі».

Амалсыз... кешті жамылып,  
Ауылға қайта оралдым.  
Сәріден тағы сабылып,  
Зым-зия боп жоғалдым...

«Қасқыр жер, суға кетер»— деп,  
Ешкім де уайым жемеді.  
«Күзгі күн суық екен — деп,  
Сыз өтер саған»— демеді.

Жылы бір қабак таппадым,  
Бетімнен адам сүймеді,  
Талпындым, жұртқа жақпадым.  
«Қу жетім»— деп түйреді.

Жүрісім де жақпады,  
Күлкім де менің болды жат.  
Жақсылық іздеп таппады.  
Қайғыда жүрдім жабырқап.

Анасы сүйген баланы  
Көргенде жасым парлады.  
Қақсадым жандай жаралы,  
Жүрегім мұнды зарлады.

Еніредім де егілдім,  
«Анам қайда?»— дедім мен,  
Жас қабырғам, сөгілдің,—  
«Панам қайда?»— дедім мен..

Жалғыз-ақ жазғы даладан  
Қуаныш таптым, сыр таптым.  
Көкірегімді қамаған  
Қайғыны сонда шырқаттым.

Жидек деп кездім жынғылды,  
Ұмыттым қайғы, зарымды.  
Сұрашы жұрттан, кім білді,  
Дүниеде менің барымды?..

Осылай өткен бала шақ,  
Оралмас енді ол жылдар.  
Белгісіз еді болашақ,  
Жазы дауыл, қысы ызғар.  
Отырсын ба таңырқап,  
Қуғандай жазғы сағымды?  
Сендерге айттым, жас ұрпақ,  
Бакытсыз бала шағымды.

Әрине, саған бұл аңыз,  
Сонау бір өткен ғасырдай.  
Сонда да ойлап байқаныз,  
Барлығын айттым жасырмай.

## БҰЛАҚ СЫРЫ

Қырдан төмен ойнақшып,  
Ағып жатты бір бұлақ,  
Ағып жатты бір бұлақ,  
Күле, жырлап, сылдырап.

Сыңқылдайды, күледі,  
Тағаты жоқ, сабырсыз.  
Тағаты жоқ, сабырсыз,  
Тіл қатады дамылсыз...

Жарысады өзді-өзі,  
Жүгіреді зымырап.  
Жүгіреді жамырап,  
Ағын суға шығып ап...

Басылғандай желігі,  
Кейде тына қалады,  
Кейде тына қалады,  
Үнсіз... ойға салады.

Жағасында тұрам мен  
Қызығамын тіліне,  
Қызығамын тіліне.  
Үн қосамын үніне.

Лүпілдейді жүрегім,  
Бұзам ба деп жырларын.  
Бұзам ба деп жырларын,  
Жасырар деп сырларын.

Жасырмады су сырын:  
Ғажап!.. Маған тіл қатты.  
Маған рас тіл қатты,  
Маған сөзін тыңдатты:

«Тұрсың ба, адам, таңырқап  
Барады деп бұл қайда?  
Мен барамын қырманға,—  
Мен ғашықпын бидайға...»

Зыр жүгірді, асықты,  
Қалам ба деп кешігіп,  
Бағып сырттан ғашықты.  
Қарап тұрдым тесіліп

Тұр ғой күтіп ғашығы,  
Алтын шашақ жамылып,  
Бұлақ тартты асығып,  
Сүйген жарын сағынып!

*1956*

Ауыр, ұзақ жолдар өттім тамаша!  
Кейде еске алып қуанамын балаша.  
Ұлыңмын мен —

Анам Қазақстаным!  
Зәулім қала, кішкене үйлер қараша.  
Жұмыскермін,

Солдатынмын,  
Құлыңмын,  
Бақта өсірсен көрік болар гүліңмін,  
Жыр, думанда ақыныңмын — тіліңмін,  
Жайшылықта өздеріңнің біріңмін.





\* \* \*

Күлсаражан, Күлсара!  
Жүрек жара, жан жара...  
Өтті бір сәт тар ғана.  
Тілден шықты зар ғана.

Енді сырға қанып кет!  
Жүрегімді алып кет!

1957



Қарамашы, қадамашы көзіңді!  
(Ет жүрегім, темір емес төзімді)  
Ұшқын едім — жанып кетсем күйдірет  
Ая мені, ая, сәулем, өзінді?!

Ойлашы өзін, ойлашы өзін, ақылдым?!  
Үнсіз ғана мені қайда шақырдың?  
Терең сырлы көздеріңнің түбіне  
Бірте-бірте батып бара жатырмын...

Жаудыратпа мөлдір қара көзіңді?!  
Ая мені, ая, сәулем, өзінді!  
Жан түбінде ұйықтап жатқан арыстан,  
Боларсың мерт, оятпашы сезімді!

Ойлашы өзін, ойлашы өзін, ақылдым!  
Үнсіз ғана мені қайда шақырдың?  
Тыныш еді, неге дауыл тіледің,  
Неге мені тұңғыыққа батырдың!..

1957



Қарандаршы. Дәл өзiм гой жастағы.  
Тасты киял,  
шақырды өлен,  
бастады —

Келешектiң жазылмаған дастаны.

Қалың ұйқы,  
әне бiрi күледi,  
Мүмкiн оның түсiне ойын жiредi.  
Көргендерi карновалдың кешiнде,  
Қалды ма екен,  
қалды ма екен есiнде?

Балғын жүздер...  
Қуаныштар, мақтандар...  
Қарсы алдыма шырты ұйқыда жатқандар.  
Ұрпақтарым,  
терең жеткен тамырым,  
Жан тынысым,  
бойымдағы жалыным.

Ұзақ...  
Алыс...  
Талай ойлар ойладым.  
Неткен ғажап!  
Қарасам да тоймадым.  
Сағындым мен сонда бала кезiмдi,  
Қызық...  
Ауыр...  
Күйлер басты сезiмдi.

Маған жылы леп келедi маздаған,  
Маған жаңа жыр келедi жазбаған,  
Сол жырларды көкiрегiмде тоқимын.  
Төрт баламның жүздерiнен оқимын.

Қандай кiтап дәл осындай сымбатты!  
Қандай ақын бұдан артық жырлапты!  
Айтындаршы дүниеде не барын!  
Төрт жүректiң соғуынаң қымбатты!

1957



Ышқына бір соқты боран қуырып,  
Әлек салды жер өкпесін суырып.  
Діріл қақты, қалшылдады дүние  
Қыл тұзақта тұра қалды буынып...

Қысылды ауыл, жан қалмады саспаған,  
Қорықты күннен қабағын бір аспаған.  
Толған үрей кернеп кетті өмірді  
Сұп-суық боп тұрды жылы баспанаң.

Сонда тудым... Ызындап жел ойнады,  
Мен туды деп ашуын күн қоймады.  
Тарсылдатты терезе мен есікті,  
Солай күлді, солай тойын тойлады...

Боран айдап, жел сабалап, қар басты,  
Өмір, өлім арпалысты, арбасты.  
Шырылдаған жұтам деді мені де.  
Қанды тырнақ жас денеме жармасты.

«Шыр» еттім мен... Өмірімді қимадым.  
Жылай бердім жасымды бір тыймадым.  
Егілді елдің қатын менен баласы,  
Өксіді жер, өксіді орман, даласы.

Ашулы жұрт, жұдырықтар түйілді,  
Кек пен намыс көкірекке құйылды,  
Жол іздеді кешті боран күндерін,  
Кезді жонды, кезді алыс пен қиырды.

Жүрді солай, омбылады, адасты,  
Жөн таба алмай, бір-біріне қарасты,  
Сонда шықты революция дабылы  
Сапқа тұрды: күрес ұлы, тап ұлы.

Жарық түсті, жол табылды аңсаған,  
Азаттық деп басты ілгері барша жан.  
Ленин, Ленин деген таңмен үн келді,  
Сол үнменен жарқыраған күн келді.

Ленин деді, ерді қазақ даласы.  
Күрес қызды, батты түннің карасы.

Ашылды күн, тынды дауыл бораны  
Жазылды елдің жүректегі жарасы.

Мен де тыйдым көз жасымды парлаған,  
Тоқтады үндер азынаған, зарлаған.  
— Ленин, Ленин!— деді езілген қазақтар,  
Жүректерде тұрды алғыстар арналған.

Тәй-тәй бастым, Ленин болды тілімде.  
Бір қайталап, бір жаттады інім де.  
Өшпес атын көкірегімде сақтадым,  
Лениншіл боп өмірде алға аттадым.

Жау қолымен жердің үсті қайысқан  
Жендім талай күрестерде сайысқан.  
Жаңа өмірді күсті қолмен жасадым,  
Қарамадым қабырғама майысқан.

Айғайлады бар әлемге  
Жар салып,  
Кейі ашулы  
Кейі тұрды тамсанып,  
Жаңа дүние, жаңа адамның дауысын  
Қызыл арай  
Тандар атты қарсы алып.

Жасадым мен балғаменен, тіспенен,  
Тыным таппай жазбенен де қыспенен.  
Тапымады  
Капиталдар, таныттым:  
Өнерменен, өмірменен, күшпенен.

Жылдар өтті...  
Күш, қайратқа толықтым,  
Өткіздім мен не сандарын жорықтың,  
Жер жаңғыртты СССР-дің айбаты,  
Капиталмен қан майданда жолықтым.

Мен тигем жоқ,  
Өзі келді, басынды,  
Жоямын деп бар қаруын асынды.  
Жендім оны, армиясын күйреттім,  
Тоқтау сұрап аяғыма бас ұрды...



Асулармен, тар жолдармен келемін,  
Бейбіт, бақыт, болашаққа сенемін,  
Компартия штабы ғой Лениннің,  
Жол бастайды, мен сопынан еремін.

Жеңістер көп,  
Қиындықтар көп алда,  
Жолда шындар,  
Жолда шалшық, томар да.  
Жеңеміз біз еңбекпенен, ерлікпен.  
Сайрандаймыз күн астында, көгалда.

## ШЫҢ МЕН АДАМ

Тоғайда шын,  
                                  тау да шын,  
Жаңғырады күндіз, түн...  
Тоқтамайды,  
                                  тынбайды,  
Тек сол әнмен жырлайды.  
— Жаңғырады неге шын?  
Басылмайды неге ың-жың?  
— Адам келді, жол салды,  
Биік шыңға қол салды.  
Кет жолымнан,  
                                  кет деді,  
Шындар жолдан кетпеді.  
Ашуланды,  
                                  жайпады,  
Құзды ағаштай шайқады.  
Бір динамит байлады.  
Атар кезін сайлады,  
Құз, шындарға болды сын,  
Тау жаңғырды күндіз, түн...  
Бұйырды адам,  
                                  шын кетті,  
Тауды тесті,  
                                  жол жетті.  
Шындар шуы басылды,  
Адам күшін асырды.

1957

## МАЙ ЖЫРЫ

Құрыштай нық,  
Кеуделі тік,  
Ту ұстап  
Жұмысшы тұр:  
Сап-сап адам легінде.  
Қаптаған гүл  
Миллиондар бір,  
Бір штаб:  
Отанымда, біздің Совет елінде.

Жұмысшы тұр  
Көтеріп жыр,  
Тудай нұрлы,  
Кеудесі кең алып жас,  
Тұр жарқылдап,  
Үн саңқылдап:  
— Алға!  
Шапшаң!

Нығыз ата, нығыз бас!  
Адымда алға!  
Тың жолдармен  
Сүрінбе!  
Жас күнің бе!  
Жер түбінде болса да ал!  
Тартыспен кір  
Әлі талай асу бар.

Өнер, ақыл,  
Күш тұрғанда бірігіп,  
Баста батыл!  
Кетпе бірақ жүгіріп!  
Тұрмын міне,  
Еңбегіммен белді астым,  
Алпысыншы  
Жылдарменен жолдаспын,  
Неге десең,  
Бітті нормам биылғы,  
Алға кеттім,  
Өмір солай бұйырды.

Тағы бердім  
Алдағы он жыл жоспарын,  
Артта қалсаң,  
Сені тоқтап тоспадым.  
Күреспесен  
Өмір сыйын бере ме!  
Айкаспасан  
Жеңіс тегін келе ме!  
Күшің аспай  
Шіркін еңбек өне ме!  
Өнім қызбай  
Коммунизм жеңе ме!  
Дегендей-ақ  
Жұмысшылар келбеті,  
Түрленіп тұр,  
Тулар асты, жер беті.

Құбылып тұр  
Қызыл арай  
Көз тоймай,  
Тамылжып тұр,  
Маужырап тұр бүгін май.

\* \* \*

Тракторшы,  
Комбайншы,  
Шырқады ән,  
Май дабылын  
Бұл да аспанға көтерді,  
Көрікті таң,  
Безеулі сән,  
Ең сұлу шак:  
Ертеңді алға әкелді.

Дала,  
Егін,  
Жайқалған гүл,  
Астық селін,  
Мақтаған жыр,  
Бәрі осында  
Кернеп кеткен дүние.

Көкте бұлбұл,  
Жерде бұлбұл  
Тынбайды бір Әдемі әндер тізбегі.

• • •

Майға сыйлар  
Біздің елде  
Көп табыс,  
Жоқ қалтарыс,  
Жоқ жалтарыс,  
Зор жарыс.

Таңға қосқан  
Танды талай шахтердің,  
Бұрғысынан  
Комбайннан  
Ап келдім:  
Көмірлермен,  
Темірлерді  
Құрыштай,  
Құдіреттей,  
Айбарындай,  
Тыныстай!  
Құрамыз біз,  
Жасаймыз біз  
Жатпаймыз  
Еңбек, достық даңқын биік сақтаймыз,

\* \* \*

Ұран біреу:  
Бейбітшілік  
Маңына,  
Топталады  
Бір тілекпен  
Мыңдар!  
Мың!

Осы ұрапқа,  
Достық,  
Адам бағына

Шұғылалы нұр

Төгер қымбат

Бізде әр күн.

Тамылжы Май!

Төгіл көктен

Күн нұры!

Төкі

Безендір!

Тағы да алда төгерсін.

Шырқа, достар!

Сайра, майдың бұлбұлы!

Жан рақатқа,

Жүрек жырға бөленсін!

Оттай ыстық балалық шақ жалынды,  
Күле, жырлай көз алдымнан ағылды,  
Тұрып мен де сұқтана бір қарадым,  
Шын әдемі келбетіне баланың...  
Бәрі де жас.

Шықты үйден тізіліп,  
Тапжылмастан қарадым мен үзіліп,  
Уа, балалық!

Бір минутке бері кел!  
Бірге ойнайық,  
Ойыншығың бері бер!

Бақ ішіне сансыз күлкі төгілді.  
Бала жаны алды билеп өмірді...  
Тау орнады,  
Талай үйлер салынды,  
Кеме жүзді.  
Талай арық қазылды...

Үй-үйлерге:  
Телефондар құрылды.  
Құм тасылды:  
бәрі де іске жұмылды.  
Сәби ойлар өмірмен тез қабысты,  
Бұзды... кұрды...  
Жақындатты алысты.

Кейбіреуі жүгіреді бетімен,  
Кейі тізіп ойыншығын ретімен...  
Бірі зырлап машина боп кетеді,  
Бірі озса, бірі қуып жетеді.

Кызық билеп, ұмыттым мен басқаны,  
(Дәл кұрдастай солармен бір жастағы)  
Балалықпен бірге қайта жаралдым...  
Тіл жетпейтін қуат алдым, нәр алдым.

Алаңы жоқ думан қызды, лепірді.  
Жас бөбектер өлмес өмір секілді —  
Ойынымен, сауығымен жарасты  
Өзіндей жас болашаққа қарасты.







Көкшем менің, бесігінде тербедің,  
Алыс кетсең сағынамын кел дедің,  
Сүйдім сені нәрестендей елжіреп,  
Әйтпегенде анам менің дер ме едім.

Өз балаңмын жылда қайтып келемін,  
Көліңде ойнап, нуда жидек теремін,  
Көкірегіме сен толтырған жалынды  
Саған сақтап,  
саған ғапа беремін.

Құшақта, сүй, көбелегің болайын,  
Ора гүлге нақ ортаңа қонайын,  
Тыңдайыншы жан құмары қанғанша  
Әнге бассын көлдерің мен тоғайың.

Тау мұнары, сұлу Көкше сағымы  
Тан қалдырар адам тұрсын тағыны,  
Жандырады қалың өрттей лаулатып  
Жүрегіңнің қалса титтей жалыны.

Сүйем, Көкше,  
маужыраған түніңді,  
Тыңдайын мен, шертші кәне сырынды,  
Қада, жаным, көкірегімді ашайын,  
Орманыңда еркін өскен гүліңді!

*7 апрель 1958*





Ұқсамай ма партияға арнаған  
Махаббатты елдің берік антына,  
Рас, солай!

Халықтары елімнің  
Шексіз сүйер партиясын Лениннің  
Берік,

нығыз,  
бар майданда сыналған  
Тұтастығы Отанымның, жерімнің.

1958

## СӘЛЕМ САҒАН, АСТАНАМ

Мен қазақпын!

Ескі казак емеспін.  
Кремльде талай еркін кеңестім,  
Өнерлімін, аштым ғылым сырларын  
Еркін өстім, Отанымда тең өстім.

Европадан оздым, ұшқыр заманым,  
Өлшеу бермес менің басқан қадамым,  
Жеңістермен кеттім тағы ілгері  
Партия алда! Қасында орыс ананың.

Қолға тұрды Ульба, асау Сырлар да,  
Завод, қала қаптады шет, қырларда,  
Данқым асты дүниені жаңғырттым,  
Ленин туы астында өткен жылдарла.

Москва сен!

Қуат бердің, дем бердің  
Тұнып жатқан көзін аштың кеңдердің,  
Астанасы туысқандық, бірліктің  
Жүрегісің сан рулы елдердің.

Сын еді бір Қазақстан жұрты үшін  
Айырған шақ тың даланың қыртысын,  
Қол бердің сен,— Москвалық ұл, қыздың  
Қос басында естідім жыр, күлкісін.

Вагон, вагон тиелген ән, гүл саған!  
Ең аяулы дастандармен жыр саған!  
Ойы, арманы байтақ қазақ халқының  
Махаббаты партиямен бір саған!  
Уа, Москвам, Отанымның тынысы,

Сен мен үшін ұлылардың ұлысы,  
Жаса мәңгі,  
Бізден сәлем жалынды!  
Баста ілгері, көтере бер бағымды!

*1958 жыл, декабрь.*

Лениншіл комсомол!

Қатарында болдым мен де жалынды,  
Бесжылдықтар белестерін бірге астым,  
Құрдым завод,

бөгестім зор ағынды,  
Бар майданда бірге аттадым,  
бір бастым.

Сенен алдым үлгілерін еңбектің,  
Бөгеттерді қиратуды күреспен  
Үйреттің сен,

қиыр шетке мен кеттім,  
Шахтада ауыр, жүрдім нін тірескен.  
Қаздым жерді, кен қыртысын қопардым,  
Екпінді боп топтың алдын бермедім,  
Арман еттім көркеюін Отанның,  
Құлашымды шығандарға сермедім.

Лениншіл комсомол!

Ленинге сен еліктедің,

оқыдың,  
Ұлымын деп атадың да өзіңді,  
Сөзін, ісін жүрегімде тоқыдым,  
Сол бір атпен бөледім бар сезімді.

Жастар жапын Ленин аты қыздырды  
Күн нұрындай қуатымен, жазымен,  
Құмайттарға септік сұлу біз гүлді,  
Шырқадық ән жаңа өмірдің сазымен.

Күреспенен, еңбекпенен өстің сен,  
Ленин ұлы — комсомолым, батырым.  
Қырық жасыңды құттықтайды өлеңмен  
Өз ұяңнан ұшқан бір кез ақының.

## ӨТКЕН ЖАЗДА

Өткен жазда .  
                                қыз шахтермен танысты,  
Сүйді қатты,  
                                шығарып сап, қыз қалды.  
Сүйген жарын                   барлық жұрттан қызғанды,  
Қимаса да                       кете алмады,  
  ермеді.  
Ақыл жеңді,  
                                жүрекке ерік бермеді.

Поезд кетті...  
                                Арттан ұзақ қарады,  
Алқынғандай тым жиі дем алады. . .  
Қалшы, қал деп шақырғысы келеді,  
Жаны өртте,  
                                жаспенен су себеді.

Жүрегімен доңғалақтар дүрсілі,  
Бірге қақты,  
                                бір жүрісі, бір сыры.  
Жүйрік сезім паровозбен жарысты,  
Қыз бишара  
                                махаббатпен алысты...

Кешікпеді  
                                қыз оқуға оралды,  
Ұмыттырды сағынышты, азды-көп.  
Бірақ жалын жүрегінде сөнген жоқ.  
Жазды бұлар: бақыт санап, күн санап.

Хаттар ұшты жерменен де, көкпенен,  
Сыр қалмады жүректерде төкпеген,  
Ол да жазды, бұл да жазды күн санап,  
Кей мезгілдер ұйқтамады түн санап,



## МАЙ ДАБЫЛЫ

### I

Табыс,  
байлық  
жолымен  
келді майға  
Отаным

Күн бе,  
ай ма,  
СССР кетті зырлап.

Жер серігі,  
баллистiк ракета,  
әлем көрді,  
Мен оны жатпан жырлап,

Саналмайды атомдық бомбалардың  
Жаңа түрі,  
Тоқтаттым,  
Бұзылмасын: мектеп ұя,  
Қырылмасын соғыстап  
Адам ұлы,

Біздегі ұран  
Бастаған  
Компартия.

— Кәне сен,  
Неге мұнша қиналасың,  
Даллес мырза!

Атомдық бомбаларды  
Тоқтат!  
Несін ырғалып,  
Жырғаласың.

Көбейтелік:  
Заводты,  
Домналарды.

Даллес мырза,  
Қазақтың  
Ақынына  
Ғафу ет,

Сыймайды  
Адамдықтың  
ақылына  
сұм ниет.

Білем сені,  
Ежелден алтын құлы,  
Дүние пұлы  
қалтаңда,  
Торлар құрып,  
Ақшаға алам дейсің  
Арды  
жанды,  
бостандықты —  
Бәрін де  
матап  
жығып.  
Қаптарға сықап,  
теңдеп  
долларыңды  
Жөнелтесің  
Болашақ «құлдарына?»  
— Тоса бер,  
Ей, бишара  
Жондарыңды!  
Қойдым атом  
Бомбасын  
Жолдарына,  
деп сақылдап күлесің  
өз үйінде.  
Сөз, күйінде  
тұрақ жоқ  
Сенің бірақ  
Отаршылдық сайраны  
Қалды жырақ,  
Енді Азия  
бұрынғы «ескек»  
Емес.  
Түс-тұста  
Бостандықты  
Еткен талап  
Ел саған  
Мамығы бар  
Төсек емес,—  
Найза!  
Мылтық!  
Соқтықсаң  
Түсер тіліп.

## II

Келді алақай!  
Бізге май,  
бейбіт,  
нұрлы,  
Мен жырладым  
Қазақтың жүрегінен  
Күштіміз біз,  
Тас, берік,  
Бірлік сапта!  
Ту астында  
халықтар легінен;  
Тұтас біткен  
бір дене  
сезіледі,  
Бөлінбейтін:  
ұрса да дауыл боран.  
Бұққан онан  
қаһарын  
Бізге тіккен  
Талай жау,  
абалаған  
талай сұмдар.  
Антанта,  
Гитлер,  
Өліктері  
арандаған  
дала да  
қалды тау-тау,  
Осыны дүниеге  
айтты жылдар..  
Май сайында  
тұр әне  
тракторшы.  
Жанар,  
Иван,  
Микола  
Күлім қағып.  
Жақын баршы  
Олардан сұрап,  
Білші  
Айтсын саған.

Колхозды ауыл:  
Өрлеуде  
Қырға жаңа,  
Электрдің шамдарын  
Жатыр жағып,

СССР  
Коммунизмге  
Ұран сала,  
Нық басып,  
Табыстармен  
Тартты сапар.

Бір білектей  
кимылдап:  
Ауыл, қала  
Вахталарда,  
Фахталарда,  
Тұрады,  
Тұтас,  
қатар!

Май сапында  
Біз тұрмыз:  
Құрыштай,  
нық  
Кеуделері  
тік,  
жұмыскер  
Ту ұстаған.

Біздің қадам  
Марспен өлшенеді,  
Адал ниет  
Бар адам  
Туыс маған.

Коммунизм:  
Қалтқысыз  
ел сенеді,  
Соғыссыз-ақ бастайды  
Компартия.

Қалайша  
капитализм  
Тең келеді.

Ескі дүние  
Алыста  
Қалған кия.

Өмір шебер!  
Тындамас,  
Қаудай егер — Жер үстіне,  
Ұрығын!

Сол ұлы күн  
Шұғыласымен бөлеген:  
Шаңқай жарқын  
Партияның келбеті.

Біз жеңеміз  
Бар майданда  
Өнермен,  
Марксизм  
Ленинизм:  
Жер тамыры,  
Жер беті.

1958  
«Соц Қазақстан»



## ЕСІМДЕ

Есімде, менің есімде,  
Жаздың сұлу кешінде,  
Маңайымда жел ғана,  
Құшағымда сен ғана...

Есімде менің бүгіндей,  
Даланың қызыл гүліндей,  
Алған демің білінбей,  
Қарай бердің күлімдей.

Теңіз бе, өрт пе біз кештік,  
Жүрекпен ғана тілдестік,  
Тамырда оттар ойнады,  
Денені бір күш жайлады...

Жалғастық ыстық сезіммен,  
Өзің боп кеттім өзінмен,  
Тірлік те, жан да бір болды.  
Жалынды жастық жыр болды.

Есімде әлі есімде,  
Жаздың қоңыр кешінде,  
Маңайымда жел ғана,  
Құшағымда сен ғана...

## ҚЫЗҒАЛДАҚ

Қызғалдақ күнге қарады  
Жымың етті,  
Күдіретті  
Күн күлді,  
Кім білді,  
Бұл сырды!  
Қызғалдақ жерде,  
Күн көкте.  
Жайды алақан  
Не сұрады?  
Неге сонша жалынды?  
Дүние мез,  
Па, шіркін, жаз.  
Күн жігіттей  
Көзбен атты  
Қызғалдақты.  
Сұлу, сұлу  
Ойнап-күлу  
Күн құмары,  
Ғашық жары,  
Мыңдаған...  
Көздер қысқан,  
Ымдаған...  
— Қызғалдаққа не керек?  
Көктем келді:  
Әдемі бел,  
Жаңбыр суы,  
Самалды жел,  
Енді аспанда  
Маужыраған күн керек.

1959



## ЭНГЕ АЙНАЛҒАН АДАМ

(Мұса Жәлел жайында)

Зар болып кең дүниемен тілдесуге,  
Отырды ол соңғы түнек түрмесінде.  
Біледі көп ұзамай үні өшерін,  
Біледі табылмасын мүрдесі де.

Қу сүйек уыз тәні боршаланған,  
Әлі жоқ қимылдауға шаршағаннан.  
Дейді ол — тәнім тұтқын болғанымен,  
Дұспан жоқ рухымды қоршап алған.

«Ұлы Отан, арқа тұттым ұраныңды,  
Қолтықта арпалысқан ұланыңды!  
Самалын туған жердің күй қаныма.  
Тосайын ән-күйіңе құлағымды».

Қажытып әрекетсіз минут, сағат,  
Ғазиз жан қиналғанда таппай тағат.  
Қиырдан шалқып жеткен аққу үні  
Ақынның кеудесінде қақты қанат.

Құлағы оның бір сәт шуылдады,  
Қан қайнап, тұла бойы дуылдады.  
Көңілін бесік жыры билегенде,  
Еріксіз өзі де оның ыңылдады...

Деді де бір мезгілде — мені тыңда!  
Айрауық ащы дауыс шықты шыңға.  
Шарқ ұрған сергек сарын қайсар жандай,  
Түрі жоқ дес беретін мұхит мұңға.

Па, шіркін, татарлардың «Қара орманы»!  
Сыйыпты саған жұрттың көп арманы.  
Үмітін сан көңілдің жетекке алған  
Лебізің қай түкпірге таралмайды!..

Сүйгендей оң көзінен ғашық жаны,  
Шалқыды шабыттанған ақын жаны.  
Маржан көл, мөлдір бұлақ, марқа таулар  
Тізіліп көз алдында тұрды бәрі.

Талдым деп босаңсыған тәніне қас,  
Жүрегі секілді еді әлгіде тас,  
Жан тәні ыстық үнге балқып кеткен  
Жәлелдің мөлтілдейді көзінде жас.

Ажалдың ызғары жоқ мерейінде  
Жыр толқын тұрды лықсып көмейінде.  
Жарқ етті көзінен от,— соңғы сөзді.  
Дегенде — қанмен сызып көрейін де.

## АЛҒЫС САҒАН, ПАРТИЯ

Қазақ едім, надан едім, тар едім,  
Теңдікке де, бостандыққа зар едім.  
Компартия канат бердің, әл бердің,  
Тек кеуде де шыбыны бар жан едім.

Қырық жылымда талай астым қырқадан,  
Өмір кештім көк дауылдай бұрқаған,  
Күрестер мен жеңістерден өткіздің  
Естіді әлем дауысымды ән шырқаған.

Завод қаптап, колхоз, совхоз гүлденді,  
Қырық жыл бойы қазақ елі түрленді,  
Данқы кетті көтеріліп аспанға  
Таң-тамаша бүкіл дүние білді енді.

Ғылыммен де, байлықпен де кенелдім,  
Жер жүзінде өнерлі елге теңелдім,  
Кең дала да машинамен зырладым,  
Керек болса аспанға ұша жөнелдім.

Соның бәрін бердің маған, түлеттің.  
Ауылымды сайран еттің, жыр еттің,  
Компартия саған рахмет, мың алғыс  
Оттай ыстық түкпірінен жүректің.

Алғыс саған Қазақстан елінен.  
Қала, завод, кен, мұнайлы жерінен,  
Алғыс саған сексендегі анадан,  
Жігіт, қыздан, пионерден, баладан.

Алғыс саған малдағы озат шопаннан,  
Жұмыскерден көмір, жезді қопарған,  
Құрышшыдан көк болатты илеген,  
Өнер, күшпен өмірді алға сүйреген,  
Мың-мындардан тың даласын айдаған:  
Отанға күш, халыққа нан сайлаған.  
Мұнайшыдан, балықшыдан, үйшіден,  
Ақындардан, артистерден, күйшіден,  
Оқымысты қазақтардан, бәрінен,  
Республика жастарынан, кәріден —  
Алғыс саған: әкем, анам өзімнің,

Қарашығы, нұр жарығы көзімнің,  
Алғыс, алғыс мерекелі күнімде,  
Партия аты жүрегімде, тілімде.  
Жасы мәңгі, жаса жүздер, мыңдарды,  
Атта алдағы биіктерді, шыңдарды,  
Жер жүзінде сүйіспендік орнасын,  
«Соғыс» деген індет мүлде болмасын!  
Ұлы еңбекпен белестерден өтейік,  
Коммунизм күніне тез жетейік.  
Аспандағы айға да жол ашайық,  
Бар әлемге көктен гүлдер шашайық.

## РАПОРТ БЕРДІ ҚАЗАҚСТАН

Бұл жеңісте барлық совет елі бар,  
Бұл цифрда көп мындардың тері бар.  
Орыс-қазақ, украин, болгар да,  
Түн ұйқысын бөлді күзгі таңдарда.

Қызу істе бәрі дос боп табысты,  
Минский мен Москвалық жарысты,  
Алматы мен Киев қонды іргелес,  
Қос басында туындады жыр, кеңес.



\* \* \*

Көл лебі,  
    орман демі,  
Тербетер ортаға алып      таудың желі  
                                 күнде мені.





Өрістеп бейбітшілік жаңа жылда,  
Жер жүзі шаттықпенен толсын жырға.  
Бар елдер арасында достық қаптап  
Мызғымай тарта берсін сан ғасырға.

## АЗҒЫН

Тәңрің сенің табынған  
Бакыт пенен көк көйлек.  
Жыртылар кезі кездесе.  
Кетуің оңай өгей деп.  
Ой салмаған бұл жолға  
Аптығып жейтін нан салған.  
Адам аттас айуансың  
Ақиқат саған «нан» емес.  
Тырсиган мерез ордасы —  
Тамырың толған қан емес!



Қаһарлы жылдар жадымда... Украинадағы М. Маслованың үйі.

1954 жыл. Ақын апалы-сіңлілі Масловалармен бірге.





Көңілде жүрген көп ойлар.

Ол кездердің өшпес даңқы...





Киев, 1954 жыл.  
Жумағали Саин.

Туган әдебиет жайлы толганда.





1958 жыл. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы онкүндігі.

1954 жыл. Украинаның Россияға қосылуының 300 жылдығын тойлау кезі. Солдан оңға қарай: В. Инбер, М. Әуезов, Ж. Саип және С. Олейник.



Шық төріме!

Қарындасым, қарағым,  
Мұнды көзбен неге маған қарадың?  
Досым деп кет,

махаббатың сәнбесін.  
Қызғаныштың мазағына

көнбесін!

Кетерсің сен, мен қалармын

қоштасып,

Жүрейікші баяғыша достасып,  
Қалсын менің дастаным боп жазбаған  
Екі жалын бір жүректе маздаған.

\* \* \*

Жалынды менін жүрегім  
От болып лаулап бір жанар,  
Бойымда тұнған толқындар  
Дария болып шайқалар,  
Өр біткен өжет көкірек  
Дауылдар тұрсын, өрт тұрсын.  
Жасқанбай сөзін айта алар.



## ЕСКЕ АЛУ

Қыс, борасын,  
ызғырық жел еседі,  
Азынаған суық қарып көшені,  
Мен келемін,  
әлдекімді іздеймін,  
Көрінбейді ол,  
күдерімді үзбеймін!

Осы көше,  
осы ақ үй — мектебім,  
Осында ойнап,  
осында ер жеткемін.  
Осы арада балалар мен алысқам,  
Осы алаңда құйын менен жарысқам,  
Өткен жылдар  
келші бері жақында!  
Сағындым мен,  
сен ыстықсың ақынға.  
Көкшетауым!  
айтшы маған, сырласшы!  
Ұзақ жылдар мен ұмытқан сырды ащы!  
Балалықты берші менің қолыма!  
Сәт сапарын төсей қойшы жолыма!



Қар қамалы жан-жақтан қамалайды,  
Темірдей жентектермен сабалайды.  
Етегіңнен, жеңіңнен жұла тартып,  
Байлаудағы төбеттей абалайды.

\* \* \*

Мен қазақпын.  
Ескі қазақ емеспін.  
Советтікпін,  
СССР-де тең өстім.  
Тен өстім мен,  
емін-еркін кең өстім.

Бейбітшілік!

Бар адамның тілінде  
Өміріндей — өзі туған жеріндей.

Бейбітшілік!

Бар адамның үйінде  
Қелешегін сақтайтұғын сенімдей.

## ДОС ТУРАЛЫ ЖЫРЛАР

Сұлу көктем  
таңғы шағы,  
жел тынық,  
Нұрын төккен  
алабына  
күн шығып,  
Жан-жағында  
жасыл теңіз  
шайқалған,  
Шарбағында  
толып жеміс  
жайқалған  
Өмірге сен  
жаңа қарап  
күліп ең,  
Аяғыңмен  
енді тәй-тәй  
тұрып ең!  
Уа, бауырым!  
Ұлы арманың көп еді!  
Самғай берсін қуаныштың өлеңі!

Бадырайып іздерім  
жатыр менің,  
Өмірде ұрланып бір  
басқаным жоқ.  
Не десен де  
партия білед мені  
Өзінің сапта тұрған  
солдатындай.  
Өсек айт!  
Жап жаланы —  
аяма, соқ!  
Селт етер,  
секем алар.  
бір жерім жоқ.  
Өсек тұрсын,  
сүюден Отанымды  
Қарсы атылған кеудеме  
бұралмады оқ.

Айтпаймын мен көп алдында сүйем деп  
Айтпаймын мен жалынына күйем деп,  
Айтарым бар бір басыңа өзіңнің  
Жалғаны жоқ мөлдір таза сөзімнің.

Айғайлауды жек көремін лепіріп,  
Салмағы жоқ арзан сөзбен көпіріп.  
Тексерейік сезім күйіп жан тілін  
Тек оңаша біз екеуіміз отырып.

Айтар сөздің бір жалғаны болмасын,  
Жүректерге ұшқындап шаң қонбасын.  
Таңдап алсын граниттей мызғымас  
Екі жүрек мәңгі сүйер жолдасын.

## ПАРТИЯ БІР БӘЙТЕРЕК АСҚАҚТАҒАН

Партия бір бәйтерек зәулім, биік,  
Күн сүйген төбесі тұр көкке тиіп,  
Ленинизм бұлағы қан мен жаны  
Күш алады тамырға сонан құйып.

Соқсын дауыл, борандар, «е» демейді,  
Ұшқан әлсіз бұтағым елемейді,  
Көгереді, гүлдейді одан әрі,  
Өмірге таза тұқым себелейді.

Қабындар бұтақтары мықты, құрыш,  
Өтпес боран, сілтеген кеспес қылыш,  
Әлемде еңбекші адам бақыты үшін  
Бар майданда тайсалмай салады ұрыс.

Женеді күрескенді қоймай тежеп,  
Құлаған талай ділмәр тілін безеп —  
Парасат майданынан жығылғанда  
Байқаған мылтық атып, қылыш кезеп.



Қайнар көзі мендегі  
өлең-жырдың,  
Ұрығы: Бақшамдағы өскен гүлдің;  
Октябрь, Компартия қызыл тулы  
Мен тұтас ақынымен Октябрьдің.  
Онсыз жоқ: Тынысы да, алар демі,  
Жаны бар пәнде екен деп ұқпа мені.  
Тек Октябрь күні мен ауасында  
Мен жыршымын көрікті келешегі.

# ПОЭМАЛАР

## АЛТАЙ

Тітіреп дүние жүрегі  
Өмір мен өлім сілкіскен,  
Айтарым соғыс жыры еді,  
Аунап тарих бір түскен.  
Айтарым, елім,

өз күйін  
Сен кешкен ұлы жорықтар.  
Жырларым менің өз жырың:  
Сурінсем өзің жолға сал!  
Жазшы деп мені билеген  
Адамдық арым бойдағы,  
Сөйледім саған жырменен  
Сырымды көптен ойдағы.  
Олақтау жанмын,

тіл қысқа,  
Оқи көр, жұртым, кешіре!  
Қалсын да менен бір нұсқа,  
Жазды деп сөкпе несіне,  
Есінде ұста, достарым!  
Өмір бар, мұнда жалын бар.  
Өз тұсымнан қосқаным,  
Менің бір тамшы қаным бар.

*Ұрыс алдында*

### I

Сонау, сонау жылдарда,  
Оқ жастанып, от басқан.  
Отан майдан шебі боп,  
Ұйқысынан ел қашқан.  
Кек жалыны кернеген.  
Көсем киіп шинелін,

Жауға қарсы ұрандап,  
Бастағанда өз елін:  
Байтақ елі советтің  
Сапқа тұрды тұс-тұстан,  
Аттанбаған кім қалды,  
Аламыз деп қанға-қан.  
Сол көптердің ішінде  
Қару ұстап кетті Алтай  
Ар мен намыс жұлдызын  
Мәңгі серік етті Алтай..  
...Майдан шеті, жау алда,  
Бір тірес те, бір күрес,  
Бірде ұтылып байқаусыз,  
Алатын шақ бірде үлес.  
...Тыныш өмір әзірше,  
Блиндажда тіршілік,  
Кірпік қақпай аңдыста,  
Түндер өтер, күн шығып,  
Анда-санда зуылдап  
Кезген оқтар маңайды.  
Мен «ажалың» дегендей  
Солдаттарды жанайды.  
Атасынан сыпырта  
Бір жіберіп боқтығын,  
Екі «очередь» сый тартып,  
Бұл көрсетер шоқтығын.  
Осындай жалқау бір кезең  
Басқалы талай болды шақ.  
Ұрыссыз тыныш тұрмыстан  
Солдаттар да жабырқап —  
Отырды бәрі... жылжыды,  
Жылжыды күндер тым жалқау..  
Қанды айқасты күтумен  
Қасарысып жатты жау.

\* \* \*

Анау шетте жас солдат  
Қисетіне үңілді.  
Көп отырды жабырқап,  
Басында ойлар жүгірді..  
Үңілді ойға жас солдат,  
Жарқ етті өмір, жарқ етті ел,  
Қарай қалды таңырқап,

Өмір не дер, ел не дер!  
...Қала. Есік алдында  
Әкесі тұрды аппақ шал.  
Қабағы қатқан шалдың да,  
Өңінде суық ызғар бар.  
Сыбанулы қос білек,  
Жарқылдап күнге шалғысы.  
Тұрды әкесі,  
— «Батько!» деп  
Келді айғайлап қалғысы  
Өтті, әкесі жоқ болды,  
Созылды алға тағы өмір.  
Қолхозын көрді, көп көрді,  
Талай күй өтті, талай сыр.  
...Тағы да оймен ұштасып,  
Алдына келді жас жары.  
Қолдарын қысып ұстасып,  
Есігін өмір ашқаны...  
Үш-ақ күн тұрды. үш-ақ күн...  
Басқан жоқ мауқын жүректің.  
Жау тиді елге болды сын,  
Үзілді жібі тілектің...  
Оның да өңі тым қатал,  
Бұзардай қиын қамалды.  
«Мойныңда сенің қарыз бар»—  
Дегендей бұған қадалды.  
Күрсінді солдат, арымен  
Осылай тіл қатқандай...  
Жан-жары,  
туғандарымен  
Қисетінде жатқандай...  
Автоматчик жолдасы,  
Бұған ашу шақырды:  
— «Сен несіне тұнжырап  
Бола қалдың ақылды!»  
— Жай  
әншейін есіме  
Түсіп кетті өткен күй.  
— Күй дегенше байғұс-ау,  
Турасынан десеңші «үй»  
— Үй де есімде.  
Ал мынау  
Жәйт еді басқарак.

Бастан өтпес сыр еді,  
Кеттім соны тастап-ақ.  
— Тастап кетпей немене!  
Қақпаңды жау шапқанда,  
Не табар ең шіреніп,  
Өз үйіңде жатқанда!  
Таптар еді сені жау  
Таптар еді үйінді.  
Құлым дер ед өзінді,  
Берер еді сыйынды...  
— Тастап кеттім дедім ғой,  
Сен өшіктің несіне?  
Бос отырыс, аз тыныс,  
Түсіргені есіме...

## II

Алтай келді окопқа,  
(Түрегелді бар солдат).  
Нақ әскери уставша,  
Алды рапорт қабылдап.  
— Отырындар,— деді Алтай.  
Қабағын аз шытынды.  
Солдаттар көз айырмай,  
Не айтар деп күтінді.  
Отырды өзі, жер де тар,  
Қауіпті майдан аспаны,  
Сұқтанған жұртқа қаз-қатар  
Жағалай көзін тастады...  
Андыса қалды барлық көз,  
Қуды тілсіз ойды ой.  
Үн қатты жүрек шықпай сөз,  
Жарқылдап ақыл жазды бой..  
Осылай біраз отырды ол  
Әлденеге бой ұрып,  
Ауыр жорық, ұзақ жол,  
Туғызғандай бір күдік...  
Өңінен ызғар кетпеді,  
Қабағы түндей жабылып,  
Ешкімге зәрін төкпеді,  
Қынжылмады «аһ» ұрып,  
Бетіндегі екі дақ,

Көріңді кектің зіліндей.  
Зыр қақты ойы шымырлап,  
Тұңғиық дария түбіндей.  
Көлденең тартқан автомат,  
Көзге ерекше шалынды.  
Белінде екі гранат,  
Жүзі де бүгін жалынды.  
Бұл айғағы жорықтың,  
Алтай солай әрқашан,  
Тағынар барлық қаруын,  
Күтер болса зор майдан.  
Сондықтан сержант көз алмай,  
Телміріп ұзақ қадалды.  
Білгенше жайды төзе алмай,  
Тұйыққа талай қамалды,  
Қауіпті күнді бір кешкен,  
Серіктер еді сыналған.  
«Өлерміз бірге біз» дескен,  
Достар еді сыр алған.  
Тапқандай ойдың шешуін,  
Сержантқа Алтай тіл қатты.  
— Күзетті күшейт сен бүгін  
Қауіпті аса түн қатты.  
Соңғы хабар, соңғы «тіл»,  
Бастамақ дейді шабуыл.  
Шолар олар түнде бір,  
Сақ бол, сержант, дайын тұр!  
Өткен шайқас ойындай...  
Осынау сүрең тым қатал.  
Солдаттарын тұрсын сай,  
Бұл ұлы өткел, мезгіл тар..  
Сержант тұрып орнынан:  
— Мақұл, жолдас лейтенант!  
Серт еткендей бар солдат...  
Деді бейне окоптан —  
«Сережа!» деп кетерде,  
Сержантқа қол ұсынды  
Достыққа тіл жетер ме,  
Жүрек пен ойын түсінді.  
Барлық солдат қарады,  
Жорық, дауыл күткендей,  
Уақытты іштей санады.  
Бәйгеге басын тіккендей

Алтай, Алтай, уа, Алтай!  
 Мен келемін жүгіріп,  
 Қайда кеттің таптырмай,  
 Қалдың қайда кідіріп.  
 Іздегенім сен едің,  
 Окоптарды аралап,  
 Бір кездесер деп едім,  
 Осы маңнан шамалап.  
 Өзің келдің міне енді,  
 Баста майдан жолымен,  
 Баста тыңмен, жотамен,  
 Баста мені сонымен!  
 Ақын-дағы саптағы —  
 Солдат, сенсің әміршім!  
 Ақын-дағы жорықта,  
 Қару-жарақ тағынсын.  
 Сүюші ең қатты еліңді,  
 Жүрегіңмен, жаныңмен  
 Сүюші ең байтақ жеріңді,  
 Өміріңмен, барыңмен  
 Сүюші ең артық, өзгеше —  
 Көруші ең Отан арындай.—  
 Партияны. Ол десе —  
 Жайнаушы едің жалындай.  
 Мақсатың барлық тілегің  
 Арнаулы еді бір соған.  
 Жан едің таза білемін,  
 Дос едің көптен сен маған  
 Қара дауыл түнеріп,  
 Қарыса соқты күндіз-түн,  
 Қайран ерлер қан кешті,  
 Отанға сын, елге сын.  
 Сен де жүрсің жорықта,  
 Оқ себелеп жауып тұр.  
 Әлде талай сең өтер  
 Алда мың сан қауіп тұр.  
 Бірге өтелік, кел, достым!  
 Сынар жерім осы жер.  
 Тая шауып, мүлт кетсең,  
 Жығар жерім осы жер.

Кидім солдат шинелін,  
Алдым мылтық қолыма,  
Баста, Алтайым — өренім,  
Ердім міне соңыңа!

\* \* \*

...Окоптарды аралай,  
Алтай кетті тезінен  
Өмір көші бұлдырап  
Елес берді көзінен.  
Бүгін майдан кейіпі  
Бұрынғыдан басқарақ.  
Әр бұтадан, әр жерден  
Ажалды ажал баспалап,  
Түнере қалған бір күйді,  
Алтай көңлі сезгендей,  
Кірпік қақпай күн-түні,  
«Төсегінен» безгендей.  
Келе жатыр осылай  
Ойларымен тілдесіп,  
Жел де ойнады далада  
Бірде тоқтап, бірде есіп  
Мақпал қара көрпесін,  
Айқара жапты бүгін түн.  
Дүние тегіс мүлгіді,  
Тысыр еткен шықпады үн.  
Құндақтарды жастанып  
Солдаттар да қалғыды.  
Өлімнен де күшті боп  
Шіркін ұйқы жарлығы...  
Көз шырымын алмастан  
Күзеттер тұр жан-жақта,  
Шығар кейде жамырасқан,  
Мылтық даусы аулақта...  
Осынау қамал, осы күй,  
Ортаға алып қамалап...  
Келеді Алтай жолдармен  
Окоптарды аралап,  
Ұрыс емес бұл қалжың.  
Осылай соғыс ойыны.  
Сақылдап күлер алыстан  
Өлім боп екі қойыны...



...Блиндажға келді Алтай,  
 Жата кетті шалқалап,  
 Терең ойға енді Алтай,  
 Майдан жүгін арқалап.  
 ...Өтті алдынан біріндеп  
 Қиын-қыстау тар кезең,  
 Тұрды алдында дірілдеп  
 Қарулы ажал қанды өзен...  
 Өмір... өлім шайқасып  
 Бірін-бірі жеп жатты.  
 Тынымсыз қол айқасып,  
 Жаралылар кеп жатты.  
 Сатырласып штыктар,  
 Сабырсыз сілтеп

жан-жақтан.

Құныға бөкті жанға ажал,  
 Ыңыранып жерде жатты адам.  
 Аударып жүзін бұдан да,  
 Батысқа көзін тастады.  
 Айналды өмір тұманға,  
 Көрмеді көзі басқаны.  
 Түнеріп тұрды қара түн,  
 Көк жиегін бұлт басып,  
 Айғайы шықты ажалдың  
 Тұла бойы қан сасып.  
 Қара түннен бұлдырап  
 Көзіне бір зат шалынды:  
 Қас бөледей тұнжырап,  
 Қара шапан жамылды...  
 Екі беті долырып  
 Саусағынан қан тамды.  
 Жұтам деді еліріп,  
 Бар адамды, бар таңды.  
 Беріп жатты ажалға,  
 Европаның жандарын,  
 Айдап жатты қамалға,  
 Жұтып жатты қандарын...  
 Осылай Гитлер көрінді,  
 Қараңғы Батыс төрінен,  
 Жұтамын деп елінді,  
 Жұтамын деп сені мен...

Өтті алдынан бұл кезен,  
(«Уа, Россия, кең байтақ!»)  
Ардақты Отан көгінен  
Көз тастады болашақ.  
Көз тастады болашақ:  
Россиядан күн болып  
Тұрды бұлтсыз жарқырап,  
Тұрды өмірге нұр болып,  
Уа, Россия аспаны!  
Жігіт болып мен өскен,  
Елжіремес кім жаны,  
Кім шығарар сені естен!  
Кім шығарар сені естен,  
Кім сүймейді жерінді!  
Өз ұлындай тең өскен,  
Өз еліндей елінді.

\* \* \*

Уа, Россия күндізі!  
Туған жерім өзімнің!  
Арманы — бақыт жұлдызы,  
Мендегі бар сезімнің  
Қаныммен сіңген жүрекке  
Кең байтақ қазақ еліндей,  
Бастадың ұлы тілекке  
Өзіңнің келешегіндей.

\* \* \*

Командирлер взводтан  
Келді. Ой да жоғалды.  
Оянғандай ұйқыдан,  
Тұрды да Алтай қол алды.  
— Отырыңдар, достарым!  
Не жаналық, не хабар!  
Таң да таяу,  
Төрт жарым...  
Тездетелік уақыт тар!..  
Қал-қара аспан сұрланып,  
Қос қабағын түйіп тұр.  
Әлдекімнен ұрланып,  
Бұлт нөсерін жиып тұр.  
Құяр селін таңменен,  
Аянбас жау алам дер!

Тұншықтырып қанменен  
Өкпеңе қол салам дер!  
Оқпен қарсы алындар!  
Өлім күшсын,  
Жер болсын!  
Оқпен аузын қарындар!  
Кірер жері көр болсын!  
...Сөз бітті, үнсіз қарасты,  
Жүректер тіл қатқандай...  
Серт етті... бәрі тарасты  
Ұрыста жеңіс тапқандай,  
Кетті достар қоштасып,  
Блиндажда қалды Алтай,  
Ерлікпен ой ұштасып  
Автоматқа оқ салды Алтай...  
Дауылда

## I

Таң бозарды. Жок, достым,  
Таң атқан жок, төнді түн.  
Жердің жүзін шаң басты,  
Көріне алмай қалды күн.  
Тастар-дағы атылды,  
Көк түтін боп топырақ;  
Дүниеге ажал шақырды,  
Осы кезең... осы шақ...  
Теңселді жер шыдамай,  
Теңіздей дала бұрқанды  
Шатырлап бомбы снаряд  
Дүниені қою бұлт алды.  
Жер де, көк те оқ болып  
Ойнады өлім жанменен.  
Төңірек қызыл шоқ болып,  
Басталды ұрыс таңменен.  
Нәсердейін жауды оқтар,  
Автоматтар қолда ойнап  
Жұтамын деп төнді ажал  
Қарсыласты біздің шақ.  
Өкшелеп те, тұспалап,  
Жапырлап фашист қаптады.  
Бірін-бірі қыспалап  
Өлігін өзі таптады...

Ағылды жаулар ағылды,  
 Салды бәрін «алам» деп.  
 Құмырысқадай жабылды  
 Қайтсем «жеңіс» табам деп...  
 Тойтарыстан қалжырап,  
 Қақалса да қоймады.  
 Бастырмалап тағы да  
 Өлімменен ойнады,  
 Жауған оқтан бұқпалап,  
 Солдаттарын шұбыртты.  
 Қайта-қайта тықпалап  
 Цеппен алға жүгіртті...  
 Еселеп кетті фашистер  
 Оңынан, солдан, маңайдан,  
 Қайысқандай болды жер,  
 Қара будақ шықты шаң...  
 Болжау қиын сан жағын,  
 Батальон... Одан көп...  
 Жалмайтындай жан-жағын,  
 Жүре үртіс жаудырды оқ.  
 Өтті талай сағаттар,  
 Құтырды соғыс қызды ұрыс,  
 Азайды күш... ауыр хал,  
 Шабуылмен ауды түс...  
 Рота тұрды қарысып,  
 Табандады, таймады,  
 Жауға қарсы алысып,  
 Өлуге бел байлады.  
 Оң қанаттан бір хабар.  
 — Күш азайды, жау өктем!  
 Взводта он-ақ адам бар,  
 Шегінем бе?.. Мен қайтем?  
 — Қысқарт, неткен шегініс!  
 Қозғалмасын бір солдат!  
 Шыда қазір берем күш,  
 Қалғансын ба жабырқап?..  
 Кетті көмек... хабарла!  
 Қазір жетер, күте тұр!  
 — Автомат па?  
 — Автомат.  
 Ырық берме! Талқан қыл!

Сол канаттан бір хабар  
Келді тағы тым ауыр.  
— Түсті басқа кезең тар,  
Қайтем, жолдас командир?  
— Түсіндірші тәртіппен!  
Не боп қалды?..  
Сен қайда ең!  
Болмақпысың оңай жем.  
Шыда!  
Қазір мен жетем.

\* \* \*

— Сергей қайда? — Мен мұнда!  
— Уақыт тығыз, сен тыңда!  
Қаптап кетті әне жау,  
Қаламыз ба қырғында?  
Окоптарға кірді алды  
Сұмдық хабар, ауыр хал!  
Сенен басқа кім қалды.  
Оң канатқа өзің бар!  
Біздерде жоқ басқа жол!  
Өлім жауға болсын серт!  
Өл тобыңа берік бол  
Қаптаса да қалың өрт!

## II

Жинады Алтай ерлерін,  
Қарады үнсіз тесіліп,  
Кернеді бойын бір жалын  
Күннен де арман өсіріп,  
Өрт болып Алтай тұтанды,  
Күйдірер маңын жанасаң,  
Жалыны лаулап күн шалды,  
(Абайлап сырттан қарасаң)  
— Достарым!— деді жарқ етіп  
Көзінен ұшқын атылды.  
Жүрегін жанның тербетіп,  
«Отан» атын шақырды.  
— Тұрындар бәрің!  
— Жауынгер!  
Отанның адал ұлдары!

Артында өзің туған жер.  
Алдында Отан қырлары!  
Қасиетті ана сүтіндей,  
Алдында өскен топырағың!  
Алдында елің, бүтіндей  
Балалық өмір, жас шағың.  
Мейірімді, қымбат Украина,  
Тұр алдында бәріңнің,  
Тұр алдында бәріңнің,  
Тұр алдында жалынның...  
Өтпесін мұнда бір жауыз!  
Құтылмасын бір залым!  
Қабынсын өртке жүрегім  
Түспесін жерге бір жалын!  
От тимесін жеріме!  
Өрт шалмасын бір тал шөп!  
Жау кірмесін еліме!  
Жоламасын жалғыз оқ!  
Деді Алтай, ұранды —  
Отан үшін!— деп салды.  
Жүгірді алға, «Ұлы Отан»  
Деген даусы топ жарды.  
Алтай сөзі от болып,  
Тұтандырды жалындай,  
Алтай сөзі денеге  
Қуат берді қанындай.  
«Уралаған» дауыстан  
Жаңғырды дүние, аспан-көк,  
Жүгірді бәрі артынан  
Бұқпады, ешкім қалған жоқ.  
Майданды басты ғаламат  
Таң қалғандай көрген жан.  
Айқасты ерлер қат-қабат,  
Минут сайын ақты қан...  
Қоштасты мәңгі өмірмен,  
Жер құшты талай қыршындар  
Сағаттар өтті жылға тең,  
Қан жылап талай қалды жар.

\* \* \*

Оқ жаудырып қым-қиғаш,  
Тенді Алтайға бір топ жау...  
Өлмей бұзып шыға алмас

Алды ортаға тас қамау.  
Бұл да қарсы жаудырды оқ  
Әттең саулап ақты қан...  
Өлімге бас иген жоқ  
Әзер шықпай тұрды жан...  
Аңдысып өтті минуттер,  
Жау қысты, жара қинады,  
Кернеді намыс болды сел,—  
Көкірегіне сыймады...  
Сәуледен қоршап күн жағын,  
Үстіне қара киініп,  
Сұқтанып қанды тырнағын  
Ажал да тұрды түйіліп,  
Жарадан саулап ақты қан,  
Тынымсыз жұтты қара жер  
Қажыды білем қайран тән...  
Қажыды білем қайран ер...

\* \* \*

Сілкінді кәрі дүние  
Аршылды кірден — ұшты шаң —  
«Бермеймін, саған мен ие!»  
Деп майданда қалды адам.  
Жабысқан тәнге кетті шаң,  
Жоғалды түскен татсымақ  
Советтік жүрек — таза жан,  
Тұрды алмастай жарқырап,  
Өмірі үшін, ел үшін  
Ажалменен салды айқас.  
Өздері туған жері үшін,  
Өлімге де тікті бас,  
Соқты дауыл түнеріп  
Майдан ажал шақырды.  
Бірі ыңырсып, бірі өліп,  
Солдат басты тақырды...  
Сергей-дағы түнерген,  
Темір қалпақ басында  
Ұрыста жүрді, көрдім мен  
Жас солдаты қасында...  
Бұларға да талай топ  
«Өлтірем» деп жармасты.  
Қарсы шапты, көнген жоқ...  
Ұрысқа ұрыс жалғасты...

Екі етегін өрт шалды  
Безді өзі де жанынан,  
Бір оқ тиюге аз қалды...  
Бір оқ өтті санынан  
Бір оқ жұлып жөнелді  
Қалпағының төбесін.  
Бір оқ тесті шинельді,  
Бір оқ сызды денесін.  
Атасынан бері қарай  
Сыбайды бұл ызалы.  
Жібермейді есесін,  
Тынбай соғыс қызады.  
Пакетпенен жарасын  
Өзі қысып байлайды,  
Мә, саған деп қорғасын!  
Жетпіс бірден айдайды.

\* \* \*

Соғыс сөзі біреу-ақ,  
Өлтірмесен өлесін.  
Бір-ақ шешу, бір жауап  
Қондірмесен көнесін,  
«Жауды аяған жаралы...»  
Жаралы емес өлесін,  
Елің, үйің қаралы  
Құл боласын, көнесін.  
Өлтір, жауды жаныш, кес!  
Керек болса саған жан!  
Дипломаттық төр емес,  
Бұл жауған оқ. Қан майдан...  
Мен тигем жоқ, тиді өзі,  
Қан сұрады, алсын қан.  
Білеміз сосыс мінезі  
Осылай атам заманнан...

\* \* \*

Сергейменен жүрегім,  
Бірге соқты менің де,  
Білем бірге тілегін  
Ей, достарым, сенің де.  
Майдан деген тым қатал  
Белгілі күй бәріне...



Қаңғыған ок кейде ажал  
Жанап кетсе тәніңе...  
Ауыр жолы соғыстың...  
Ажал, ажал, тек ажал  
Сонда кілті жеңістің  
От, ажалдан тартып ал!  
Қызған шағы ұрыстың...  
Ортасында бұлар жүр.  
Жүрегіндей орыстың  
Отанға адал туған ұл.  
Міне үш фашист кенеттен  
Шыға келді.

Бақты олар,  
Құтқармады кезектен  
Оқпен жайын тапты олар.  
Басты ілгері тағы да  
Жалтармады ықпады,  
Қауіп қой деп жаныма  
Сескенбеді бұқпады!  
Орыс қолы осылай  
Тидің өзің өлесің!  
Соққан сені ол талай  
Ұмыттың ба! Көресің!

\* \* \*

Күшейді майдан тұтанды  
Қайтадан өрбіп өрт-жалын.  
Жанышты, сықты дұшпанды  
«Партия!» «Отан!» деген үн.  
Қанат бітті, жан бітті  
Жаралы тұрды орнынан.  
Жансызға қайта қан бітті,  
Қасиетті болды осы ұран.  
Басылар дауыл тынар жел  
Ышқына соқты қайтадан.  
Қаһарына мінді ел  
Қатуланды Ұлы Отан!  
Келді көмек, келді ерлер  
Сергей тобы тасыды  
Қырғындады әскерін  
Қайысты жау, жасыды..  
Минут сайын «уралар»

Күшейді теніз таскандай,  
Соқтығып жарға толқындар  
Дарияны дауыл басқандай...  
Есін жиып бір мезгіл  
Маңына Алтай қарады.  
Достар жоқ.

Алда қауіп тұр,  
Түн басқандай даланы.  
Жақындап қапты фашистер  
Жауыпты алдын қызыл қан.  
Елім деп туған есіл ер,  
Автоматқа жалма-жан  
Жабысты.

Қолы қысты әрең  
Құндағын. Қару от алды.  
Жау састы «өлді бұл» деген  
Жүре алмай оққа қақалды...  
Жалп етті бірі күтпеген  
Туар деп енді мұндай күй.  
Автомат сөйлеп, көлденең  
Ок себелеп тартты «сый»  
Үдеді атыс.

Қан қатқан  
Қайтпады жау, қасарды.  
Ысылдап оқтар жан-жақтан  
Күйіне басты қашанғы...  
Тұс-тұстан жау ентелеп  
Келе жатты тағы да,  
Бар тағдырын менде деп  
Құнықты өз қанына.  
Алтай да жан ұшырды.  
Атқылады тынымсыз.  
Тағы бірін түсірді,  
Тағы шықты бірі үнсіз...  
Орап кетті алды-артын  
Темір құрсау салынды.  
«Келді ме ажал енді шын,  
Сөнді ме өмір жалынды?  
Жоқ, сөнген жоқ өмірім  
Лапылдап оттай қаулады.  
Астында Алтай оғынын  
Әлі де Отан жаулары.  
Ақырғы тыныс келген жоқ,

Атылған жоқ ақырғы оқ!  
Айтылған жоқ ақтық сөз  
Жұмылған жоқ екі көз!»

\* \* \*

Сол кезде шықты күшті ұран,  
Жаңғыртып майдан даласын.  
Келді деп достар сағынған  
Ұмытты Алтай жарасын,  
Биледі мұны бір қуат.  
Секілді бұлттан шыққан күн,  
Қыздырды Отан деген ат,  
«Отан»— деп бұ да ұмтылды  
Үш тұрды қайта үш құлап...  
Қүлімдеп көкте күн тұрды,  
Кемсеңдеп қара түн жылап.  
Жығылды, тұрды тағы да,  
Жанталасты қысылды...  
Қарады жан-жағына.  
Құтылмасын түсінді...  
Қармады қолмен кабурын  
Пистолет... енді пистолет!  
— «Қош бол, гүлдей өмірім.  
Жүрегім оқты қабыл ет!  
Өлейін енді өлейін!  
Жау алмасын, жер алсын!  
Ал, өзімді берейін,  
Ажал алсын көр алсын,  
Тілемен жаным қалсын деп,  
Жау алдында қалтырап.  
Тұрмын ажал алсын деп  
Гауһардайын жарқырап...  
Салып ем соғыс бір кезде  
Айқасып ажал сенімен.  
Құрығандай жан өзге?  
Жарысып едің менімен,  
Қағып ем оқпен мен талай  
Жолатпап едім маңыма!  
Ендігі бетің деп былай,  
Келіп тұрсын тағы да...»  
...Ашылды кабур, тиді қол,  
«Пистолет, келші пистолет!  
Жас өмір, енді сен қош бол!

Жүрегім, оқты қабыл ет!  
Тулап ең талай сен тентек  
Бір өмір аздай бір саған,  
Менікі деуші ең келешек,  
Менікі деуші ең бұл заман!  
Тынасың енді соқпайсың!  
Тындырар ажал жалғыз оқ!  
Туламайсың тоқтайсың,  
Енді басар жерің жоқ!  
Тоқтадым мен де асаудай  
Бұғалық түскен мойныма.  
Кірейін мауқын басардай,  
Қара жер — анам қойнына...»  
Жұмылды көзі, кетті ерік  
Асау дене болды тас.  
Ес жисын баурың, дем беріп,  
Сүйеші басың, қарындас!..  
Жоқ, өлген жоқ ер Алтай  
Талып кетті қансырап...  
Қалар ма қолда япыр-ай!  
(Қалайша қияр жан шыдап!)

\* \* \*

Ұмтылды фашист, мерт болды ер  
Женді жара, женді өлім...  
Үрледі беттен қоңыр жел  
Ыныранып ашты оң көзін...  
Тұман ба дүние әлде түн  
Қараңғы гартты көз алды.  
Жарқ етіп кенет бір ұшқын  
Сөнді ме қайта жоғалды...  
Жақындап қалды-ау фашистер  
Алады-ау ерді қапыда,  
Сүйей бер басың, туған жер,  
Дак салма Отан атына!

\* \* \*

Отан, Отан, сен Отан!  
Отансыз өмір қара түн.  
Отансыз жанның несі адам.  
Отансыз суық шыққан күн.  
Отанмен өмір базары  
Отанда бақыт, махаббат,

Отансыз халық азалы,  
Отанда адам деген ат.  
Отаным менің бесігім.  
Жүрегімдей, арымдай,  
Сүйікті Көкшем, Есілім  
Туғанымдай, жарымдай.  
Көп айтамын атыңды  
Мың қайталап, жүз толғап,  
Алармын демді ақырғы  
Жүректен ыстық жыр жолдап  
Қуатымсың, әлімсің  
Отан, Отан, сен Отан!  
Денемдегі қанымсың.  
Сенсіз бар ма менде жан.  
Ақынмын сенің нұрынды  
Өзіме сәулет нұр еткен,  
Ақынмын сенің жырынды  
Азық еткен, жыр еткен.

\* \* \*

Алтай, Алтай, деп Алтай!  
Келді Сергей жүгіріп,  
Бір асудан аса алмай,  
Қалып еді кідіріп...  
Жетті Сергей атыспен  
Жау шегінді, жау састы...  
Қайтты өрлеген бетінен  
Қайта қашты, жау қашты.  
Күшейді біздің шабуыл  
Қиратты жауды шулатты.  
Орасан жеңіс болды бұл.  
Серейіп қырда жау жатты.  
Сілкінгендей болды жер  
Дірілдеді бар аймақ!  
Күдіреттенді қызыл ер,  
Жау шегінді қалжырап...  
Қуа соқты артынан  
Құтқарман деп біздің жақ,  
Майданда сұмдар берді жан.  
Тұтқындар тұрды қалтырап...  
Құшақтап басын Алтайдың  
Отырды Сергей түнеріп,  
Қызарып батпай тұрды күн,

Кетейін деп бір көріп.  
Жел де тынды жым-жырт боп  
Долы ашуы басылып.  
Мөлдір зеңгер тұрды көк  
Қап-қара бұлт ашылып.  
Сергей үнсіз үнілді.  
Қимылсыз Алтай бетіне  
Ойы мыңға құбылды...  
Батқандай жара етіне.  
«Алтай!» деді үн қатты  
Сөзіне жауап таппады,  
Майдандас досы қымбатты,  
Ес жиып, тіл қатпады...  
Жүрегі баяу тыныс ап,  
Үнсіз ғана жатты жан.  
Қалғандай бір қатты ұйықтап  
Шаршап ауыр жорықтан.  
Ұзақ жатты осылай,  
Тыныштық бойдан жоғалды.  
Жара тыныс таптырмай  
Қысылды... ауыр дем алды,  
Тына қалды бір мезгіл,  
Тірліктің оты сөнгендей.  
Үзіліп жерде қызыл гүл  
Өмірсіз қурап семгендей.  
Ыңыранды, тісін қайрады  
Сыртына ашу тепкендей.  
Айқасып жаумен қайдағы  
Тағы да азап шеккендей...  
Көзін ашты, қадалды...  
Тұрды дүние күлімдеп,  
Жұтты соққан самалды,  
Сөйледі өмір біріндеп,  
Қалжырады ер, кетті ерік,  
Төңкерді көзін тағы бір.  
Тоқтады жүрек, болды өлік,  
Қиылды солай қызыл гүл.  
Қош деді Сергей, төгілді  
Көзінен жасы тамшылап,  
Тербетті сөзбен өмірді,  
Тұра алмады жан шыдап.  
Советтік алтын бесігім,  
Сапта тұрып саналы!

Аттанды сенен ер бүгін,  
Солдатың еді жаралы.  
Майданда кетті, жан берді,  
Бермеді жұртын сақтады,  
Өз жарындай сүйді елді,  
Адам атын ақтады.  
Өтсендер ұрпақ қасынан  
Танырсың, сәлем берерсің,  
«Отан»» деп жанған жасынан  
Жүрегін ердің көрерсің!

\* \* \*

Күшейді біздің шабуыл  
Күйретті жауды, шулатты...  
Орасан жеңіс болды бұл,  
Өз сазайын жау тартты.

\* \* \*

Қаралы ажал, қанды ажал!  
Алам деген барды ажал!  
Жұтам деген жанды ажал  
Жұта алмады қақалды —  
Қақ тіліп адам жүрегін,  
Жұта алмай қанды, шашалды.  
Сол адамның тілегін,  
Жұта алмады өмірді,  
Жұта алмады күн көзін.  
Жұта алмады темірдей  
Женем деген ел сөзін!  
Тұрды ажалдан жоғары  
Өмір, адам жұлдызы,  
Тұрды ажалдан жоғары  
Женіс туы қырмызы,  
Тұрды ажалдан жоғары  
Отан, ұрпақ болашақ.  
Тұрды ажалдан жоғары  
Өмір нұры жарқырап.

Бірінші бөлім

I

Жарық бөлме,  
 Ақ халаттар қаптаған.  
 Бір құпия іштеріне сақтаған  
 Түрлері бар, өндеріне қарасаң —  
 Көрші сен де, көремін деп қаласаң.

Кең маңдайлы, қара көзді, қыр мұрын,  
 Жатыр науқас, көрмеген жан біз бұрын.  
 Өң, қабағы: тартыс, майдан жолдары,  
 Тас түйлі жұдырығы — қолдары.

Әр әжімнен, әр құбылыс түрінен  
 Баяу ғана әлсіз шыққан үнінен —  
 Байқап тұрсаң, жан азабы келеді,  
 Қинап жатқан, бұзып жатқан денені...

Қайран сабаз іштей азап тартады,  
 Шыдамменен сабырға қол артады,  
 Қиналса да шығармайды дыбысын,  
 Оқтын-оқтын үзеді кең тынысын...

Шын құрыштан құйғандай-ақ денесің,  
 Тұлғасына тоймай қарай бересің,  
 Ажарында бір сүйкімді нұры бар,  
 Жүрегінде оның қандай сыры бар!..

Жатыр жұмбақ...  
 Аянышты халі бар,  
 Тек шықпаған кеудесінде жаны бар.  
 Жалыныш жоқ. Тағдырға бас имеген.  
 Қысылшаң кез...  
 Сонда да өзін билеген.

Еркін, күшті, құдіретті, салмақты  
 Адам жатыр, адам жатыр ардақты...  
 Адам үшін біздің дүние жаралған,  
 Өлмес өмір сол адамнан нәр алған.



## II

Істе бәрі, кимыл бұйрық түрінде.  
Бір діріл бар бас хирург үнінде.  
Қорқыныш пен үміттің таласы.  
Науқас ауыр. Ауыр ескі жарасы...

Айқас... Тартыс... Бөлме майдан секілді,  
Анды, байқа, жау қай жерге бекінді.  
Берме адамды, берме жауыз өлімге,  
Сал ұрысты, шақыр жарық өмірге.

Өлім жау ғой. Жауды аяған жаралы,  
Сол жарадан ақыр қаза табады.  
Тек аяусыз күрес қана жеңеді.  
Жеңіс қана өмірге жан береді.

Хирургтың осы заны табынған,  
Нысанасы — арманы бар сағынған.  
От мінезді қарсы келсең күйесің  
Туған жандай лапылдаған жалыннан...

Кесім біреу: ажал қайда, мерт қайда?  
Табу жолын, құру соған бір айла.  
Сылып тастау... Алған бетін тойтару,  
Дәл со жолда барлық жігер, бар қару.

Ыңыранба, қиналма адам, торықпа!  
Осы дәрігер бір сен үшін жорықта  
Күрескені, қорғағаны жалғыз сен,  
Илан бауырым, ақиқат сол, білем мен.

## III

Адам жатыр қыспағында өлімнің,  
Көрем бе деп бір сәулесін өмірдің,  
Тағдыры оның хирургтың қолында,  
Күрес, тартыс: құтқарудың жолында.

Ол кім жатқан?

Мен де таныс емеспін.

Адам, жолдас, азаматы кеңестің.  
Герой да емес, ғалым да емес жай шығар  
Мүмкін өмірі оқиғаға бай шығар...

Білмеймін мен. Жаным, сен де сұрама?!  
Ая менше, егілме де, жылама!  
Күдіретті адам тұрсын мәңгі, кетпесін,  
Өшсін өлім, жанды мазақ етпесін!

#### IV

Қиын болды. Хирург та қысылды.  
(Істің жайын бәрі де тез түсінді.)  
— Оқ жүрекке қалған екен таянып,  
— Тоқта, әуелі қауіп ізін жоялық!

Өкпе, жүрек шекарасын ашалық,  
Содан әрі тағы ілгері басалық.  
Сақтық керек, сақтық керек бұл жерде  
Қауіп күшті, ескертемін сіздерге...

Осылайша кесім жасап көрді де,  
Жоғарыдан оқ жолын бір бөлді де,  
Хирург тез пышағына жабысты,  
Өлімменен тағы қайта алысты.

#### V

Ажал, адам қарсы келді, алысты.  
Бір-біріне улы қанжар салысты,  
— Бермеймін мен!  
— Аламын мен! десті олар,  
Жан өмірін қанжарменен шешті олар..

Адам ұстап алқымынан ажалдын:  
— Тоқта сұмырай, деймісің сен аз алдым!—  
Деді-дағы қақты ажалды жүректен,  
Секілденді сонда науқас дір еткен...

Ажал сол сәт жылжып жолын жасырды,  
(Тағы алдады, бір қулығын асырды.)  
Тоқтамады, қуды дәрігер, талмады,  
Алқымдады артынан бір қалмады...

Жүрек маңы... қауіп, үміт, таласты:  
Аңдып бақты, ызаменен қарасты.  
Бір-бірінен қанды көзін алмады,  
Айқас қызды, кідірмеді, талмады.

Кейде ажал бұған қарсы атылды,  
Қысты қатты, тырнақтарын батырды...  
Көрді бір кез толқын ұрған кемесін,  
Бой шымырлап, суық алды денесін...

Тоқтамады, берілмеді, көнбеді,  
Бөгет қиын... жүрісі де өнбеді.  
Ақыл, өнер бұған ерді жүптеді,  
Адамшылық ұлы міндет жүктеді.

Қарысты бұл, өмірді ұстап бермеді,  
Тар жолдармен бір санлауға өрледі...  
Жарық бар деп кара түнек ымдады,  
Сенді соған жетемін деп, тынбады.

Бір сынығын қолына ұстап металдың  
Доктор тағы шолып өтті бет алдын.  
Содан кейін тікті кескен жарасын,  
Әлпештеді, ардақты адам баласын.

## VI

«Палата 5».

Жатыр науқас қимылсыз,  
Күзет отыр. Қоңыр салқын, үйде үнсіз.  
Ашық күрес айналғандай аңдысқа.  
Үй ішінде: сұрау, бұйрық бар қысқа.

Сұры кеткен, көз жұмылған, бейне тас  
Жатыр науқас тағдырына иіп бас.  
Соның тілсіз бейнесіне үніліп  
Ұйқы көрмей отыр біздің қарындас.

Махаббаттай нәзік, таза, жалынды —  
Бір қараса елжіретер жаныңды.  
Екі көзі, кірпіктері қадалған,  
Мінсіз, ғажап, о да ерекше жаралған.

Бетінде нұр ойнап тұрған: қызғылт, ақ,  
Жанары бар барқыт-сынды жұп-жұмсақ.  
Май айында гүл тәрізді құлпырған,  
Жан сұлуы, жар сұлуы бұл тұрған.

Әрі ашық, әрі ұстамды, салмақты:  
Бұртан, қисық мінезі жоқ, әр жақты,  
Бір көргенде жылы тартқан адамды.  
Осындай жан көркейтеді заманды.

Орта бойдан сәл-сәл ғана аласа.  
Қызғылықты күлкісі бар балаша,  
Тал шыбықтай өскен таңға таласа,  
Шығып келе жатқан күндей тамаша.

Бұл хирург. Үш күн тыным таппады.  
Тапжылмастан осы науқас баққаны.  
Қарашы сен қайғы ізі бар өңінде,  
Қорқынышы, күдігі бар көңілде.

Түнде осында, науқастан бір кетпейді,  
Тындамайды, ешкім сөзі өтпейді,  
Қей мезгілде тамаққа да бармайды,  
Тек науқастан екі көзін алмайды...

Күбірлейді кейбір түнде ішінен  
Тіл қатысып сөйлескендей кісімен:  
— Тым болмаса бір қарашы бұрылып.  
Кеткенің бе тіршіліктен түңіліп?

Көзінді ашшы, бір қарайын үңіліп,  
Аңсап жұтқан нәрдей болсын сіміріп.  
Жанып тұрған сен де көрші отымды,  
Дыбыс берші, дыбыс бер деп өтінді.

Тындамады, науқас жауап қатпады,  
Қара тастай сырын ішке сақтады.  
Әлсіз ғана тамырлары соғады,  
Мен мұндамын деген жандай болады.

Дәрі құйып ем жасайды дамылсыз,  
Аурудан ол тіл күтеді сабырсыз...  
Бірақ ажал босатпайды шеңгелін,  
Сезінбейді шіркін адам жеңгенін.

## VII

Таңға жақын. Қайран әйел жүрегі,  
Шыдамады сөнер жандай тілегі.  
Жеңді қайғы, құлағандай қансырап,  
Қара көзден кетті жастар тамшылап...



Өтінемін, сөкпе мені, достарым!  
«Айтпадың — деп, — кім туралы дастаның?»  
Талай ақын адам атын тізіпті,  
Герой керек, герой керек қызықты!

Енді ғана соған бара жатырмың,  
Түгел жазу міндеті ғой ақынның,  
Қайдан табам, кім айтады, не білем,  
Іздеймін де, өз үйінен, елінен...

Күт шыдаммен, асықпай күт үйіңде.  
Болған жайды жазармын сол күйіңде.  
Оқырсың да не күйініп, күлерсің,  
Я болмаса қалтаңа сап жүресің...

Әйтеуір мен тастамаймын қаламды,  
Сүйе берем, сүйе берем адамды,  
Қарапайым, жандарды мен жырлаймын.  
Боз торғайдай өмір бойы тынбаймын...

## Е к и н ш і б ө л і м

### I

Жер үстінде белес те көп,  
Қыр да көп,  
Тыңдай берсең естімеген жыр да көп.  
Тарау-тарау сен жүрмеген жолдар бар,  
Қабат-қабат сен қазбаған тондар бар,

Талай тарих:  
Жер қыртысы,  
Жер асты,  
Өлшеп қара! Адам қанша бел асты,  
Сен келгенше дүниеден кім кетті?  
Сен өскенше адам қалай ер жетті?...

Болған талай уақиғаның куәсі:  
Тілін тап та қарт еменнен сұрашы?  
Мыңдар жылдың шежіресін ақтарсың.  
Тында соны!

Есте берік сақтарсың!

Жазылғаннан жазылмаған жырлар көп.  
Айтылғаннан айтылмаған сырлар көп.  
Білем десең: кез өмірді,  
кез елді,  
Суларды кеш, атта қиын кезеңді!  
Жаяу да жүр, түн ұйқыңды қашырып!  
Кез дүниені!

Жатқан сырын жасырып.  
Шаршасаң да,  
Қиналсаң да тоқтама!  
Қарлы боран,  
Жанбыр,  
Шалдық,  
Соқтада!

Еңбек жолы әрқашан да тар, қиын:  
Рақат та бар,  
Дөңгелектер бар құйын.  
Тас-табандап тұрсаң ғана жеңесің,  
Өзің ексең: жемістерін тересің.

## II

Жыр да бір кен.  
Зерттелмеген ашылып.  
Тас түйін боп жатыр барын жасырып.  
Сол кендерді ақтарамын, жырды ашам.  
Әр таспенен мен де оңаша сырласам...  
Тілсіз болса, тілін іздеп табамын.  
Нұрсыз болса,  
Нұр беремін, жағамын.  
Жан бітірем кеудесіне өліктің.  
Шерттіремін кебін өткен жорықтың...

## III

Сөкпе мені ұрпақтарым! Жалынам.  
Сені сүйем,  
Саған, жаным, табынам.  
Уатамын, бесігіңді тербетіп,  
Күтем жігіт болуыңды ер жетіп.

Жылтам сені жүрегіммен жалынды.  
Саған ғана берем бойда барымды,

Ойла өскенде қойған күнді атыңды?  
Еске ал менің:  
Сүйген махаббатымды.

Ақындар көп.  
Бәрі тынбай жырлайды,  
Трубаштар бар,  
Үндер де бар сырнайлы,  
Біреулері қазақ сөзін қырнайды,  
Енді бірі орышадан ұрлайды...

«Жаналық» деп тағы бірі шығады,  
Жокты, барды көмейіне тығады,  
Оның ылғи сөзі даңғыр келеді,  
Жырмен емес, айғайменен жеңеді...

#### IV

Солай, достым!  
Өмір теңіз,  
Түбі кең.  
Водолаздай ортасында тұрмын мен,  
Түбінде енжу таспен бірге бітеді,  
Жылдар бойлап алушысын күтеді...

Мен де сүңгіп теңіз түбін кеземін,  
Талай қауіп,  
Қатер барын сеземін.  
Кейде шындар бөгет болар жолыма,  
Кейде балшық ілінеді қолыма...

Тоқтамаймын,  
Шаршасам да талығып,  
Таптырмайды, күтем талай зарығып.  
Ұйықтамаймын,  
Өмірге, ұзақ қараймын,  
Сөйтіп жырдың қабырғасын қалаймын.

Тыным таппай  
Түндер өте береді,



Қірпік қақпай,  
Ақын өмірге енеді.  
Тұңғыықтан сөз тізбегін тартады,  
Ауыр жүгін терең ойға артады.

Жан бауырым?

Ақын жолы:  
Тар, қатал!  
Болады түн: бір жол тартпай таң да атар,  
Тамшы қаны сия болмай жүректің,  
Жемісі жоқ орындалар тілектің...

Отырмын мен.

Іздеймін мен,  
Сандалам.  
Есуастай кейде өзіме таң қалам.  
Әр адамның тағдырына күйемін...  
Әр адамның шаттығына иемін.

Су мен орман,

Құстарды да сүйемін,  
Олардың да жырың ішке түйемін.  
Тіршілік жоқ маған сырын ашпайтын,  
Менің титтей жүрегімді баспайтын...

Бәріне ортақ менің ыстық жүрегім,  
Жырын жырлап, тілеймін мен тілегін.  
Еңбекші адам, саған арнар жаным бар,  
Сендер үшін жерге тамған қаным бар.

Бар деміммен,

Бар ойыммен,  
Жаныммен,  
Тамырдағы қайнар ыстық қаныммен —  
Туғам сенен, салмағыңды көтерем!  
Сен жоқ болсаң ақын болмай өтер ем!

## V

Күндер өтіп,

Түндер, талай ауыстың.  
Мен де екшедім,  
Сансыз ойды тауыстым.

Талайлардын қарадым мен іздерін,  
Азаматты сұрау салып іздедім:

Неткен із көп:  
Жер үстіне қарасаң,  
Таусылмайды,  
Жылдар бойы санасаң,  
Бір іздерге,  
Бір із кеткен қосылып...  
Қейбір іздер жатыр әлі жосылып.

Айғыз-айғыз адам ізі басылған:  
Ғасыр бойлап жердің үсті жасырған.  
Тау-тау болған күрестердің белесі.  
Қыраттарда құрбандардың денесі...  
Жатыр үнсіз:

Пугачевтар,  
Мараттар!

Қанды күрес,  
Шеккен қиын сағаттар.  
Айқастары өмір менен өлімнің,  
Тар жолдары.  
Қысылыстың,  
Сенімнің...

## VI

Өтсең талай соқпақтардан  
Тар қылдан,  
Ленин жолы кездеседі алдыңнан:  
Революция дауылдары еседі,  
Енді дәуір жаңа қырға көшеді.

Өткендерден аттап бері келесің,  
Жарқын,  
Ашық,  
Жылы өмірге енесің.  
Жеңіс жолы қарсы алдында тұрады,  
Заман жаңа биігіне шығады.

Ардақты адам!  
Кемеліне келеді,  
Жемісі зор болашаққа сенеді.

Еңбек таңы қайнап жатқан гүрілдеп,  
Көкте сұлу күн тұрады күлімдеп.

Күрес, тартыс алып күшпен қызады,  
Ескі өмірді күсті қолдар бұзады,  
Қәрі дүние түрленеді, жайнайды,  
Көне татқан жүзіне нұр ойнайды.

Жаңа заман:

Өз дүниесін ашады,  
Зор адыммен асулардан асады,  
Жасартады,  
жаңғыртады өмірді  
Қызуыңда соғып қатты темірді.  
Мұнда да іздер:  
Алшаң басқан салмақты —  
Басқа іздерден көрінеді әруақты.  
Құрады олар қирағанды жаңартып,  
Жердің үстіне ескілерден тазартып.

Тынымсыз қол,  
Қимылдаған мыңдардың  
Күрестері  
Жаңа белес, жылдардың  
Дүниеге құрды жаңа дәуірді,  
Жасартты да,  
Өзгертті ескі ауылды.

Осы таңда,  
Ортасында өмірдің  
Таптым өзін — азаматтың —  
Темірдің.  
Туған екен аулында қазақтың,  
Тартқан екен бірталайын азаптың...

## VII

Қарлы, қиыр дала жатыр алдымда,  
Сидаланып түрі кеткен талдың да.  
Көк мұздар мен өзен бұлақ сірескен,  
Күртік қарға жер қойнауы тірескен.

Қыс.

Қатал қыс.

Күдіретті, айбатты

Тынықты ма!

Біраз марғау жай жатты.

Келе сала сорлы ауылды қыспады,

Сонда-дағы кейде үрейлі ұстады.

Бұрқыратты жердің қарын үйіріп,

Қабак шытып,

Тұрды кейде түйіліп.

Бұрқылдатып, борандатып ойнады,

Неғылса да қыс мінезін қоймады.

Шым үйлер тұр:

Қайғы, қапа басқандай,

Кенет келген бір апаттан сасқандай.

Ашып қалсан, ойбайлайды есігі,

Қар бүркеді терезенің тесігі...

Үйдің іші:

Азынайды, кернейді —

Бұрқасынның желі маза бермейді.

Пешін жақса бықсып оты жанбайды,

Үйі жылып,

мейірі бір қанбайды.

Сорлы ауылдың қарасаңшы түріне!

(Шым үйлердің бірі ұқсайды біріне.)

Жабылмаған,

Қымталмаған етегі,

Сокқан аяз өңменінен өтеді...

Жүдеу ауыл,

Жыртық ауыл денесі,

Онда тұрып өмір сүрдім демеші!

Өзі де арық,

Малы да арық адамның

Дәл өзіндей

сол бір күйзеу заманның!

## VIII

Қалтыраған арасында тобырдың:

Анау шеткі үйі болар Темірдің!

Жүр кірелік!

Жатсынбалық, қашпалық!

Қонақжай ел қағидасын баспалық.

— Кім бар үйде?

— Екі бала. Анасы.

Маздамайды от,

Жанып біткен шаласы.

Төсегінде ана көзін ілмейді,

Күн қай мезгіл болғанын да білмейді.

Ауру ана,

Екі бала қасында.

Жастығынан көтере алмас басын да.

Анда-санда әлденені сұрайды,

Жәрдем таппай өксіп-өксіп жылайды.

Балалар жас,       " "

Ана өмірі қауіпті,

Қап-қара бұлт үйдің үстін жауыпты...

Нажағайлы нөсер құймай басылмас,

Дауыл болмай қоршаған бұлт ашылмас!

Қара дауыл көк жүзінде ойнаған,

Қаһарланса қатты соқпай қоймаған.

Дәл осы үйдің төбесіне төнеді,

Сорлы жандар қандай апат көреді!..

Түп орнымен көтеріп ап аспанға

Лақтырар ма!..

Жерге допша тастар ма!

Қиратар ма,

Зым-зия жоқ етер ме!

Өткіншідей қатты жауып өтер ме!

Батты анаға талай күндер қиналған,

Ажырамай қойды бұлттар жиналған.

Кетер емес қайтсе-дағы бір соқпай.

Кегін алар дүниеде жан жоқтай!

Қысылды ана,

Күресті ана, зарықты.

Қажыды ана,

әлсіреді,

Тарықты,

Үміт шіркін кейде үзіліп, жалғанды,  
Жатты байғұс қуған жандай арманды.

Арман, кайғы араласты кезекпен,  
Тұрды алдында жас өмірі тез өткен.  
Елестеді екі сәби панасыз,  
Жүрегінде жер қалмады жарасыз...  
Қорықты ана,

Өксіді ана, жылады.

Қакшы ажалды деп құдайдан сұрады.  
Жалынды ана құдіретіне,

Егілді...

Қос теңіздей көзден жасы төгілді.  
Парлады жас:

Аққан арман секілді,

Ая тәңірі қос сәбиді,

Жетімді!

Ая жалғыз қорғансыздар панасыз?  
Сақта құдірет жетімдердің анасын?!

Мың қайталап өтінді ана тілегін,  
Аяныштың уы өртеді жүрегін,  
Қызды дене,

Демалысы тарылды,

Талықсыды,

Тағы аллаға жалынды...

Өмір жібі: тозған,

Мүлде шіріген

Үзілер ме шорт кесіліп түбінен!

Жанталаста кім алады жоғары,

Кім женеді,

Кімнің жолы болады?

Тағдыр, тағдыр!

Қайда ауысып тартасың!

Енді үмітті ана соған артасың.

Әттен, әттен!...

Халің неткен аяныш,

Қысылшанда таппадың-ау таяныш?!

Талып кетті,

Сөне қалды тынысы,

Жанталасқан тоқтады өмір жүрісі...

Оралар ма дүниеге қай  
Болжау қиын!  
Оны қалай айта алам!

## IX

Екі бала хабары жоқ «өлімнен»  
Отыр аулақ:

Қорқыныштан.  
сенімнен.

«Ауру!», «Ажал!» дегенді олар ұқпайды,  
Тек ананың маңайынан шықпайды...

Жаутаң-жаутаң қарайды ана бетіне,  
(Бірі төртте, бірі келген екіге)  
Нені аңғарсын!

Мөлдіреген көздері,  
Осындай жас болғаннан соң өздері.

Қайдан білсін «өлім» барын,  
«Зар» барын.  
Жазбен бірге қыста күрткі қар барын.  
Күрес, тартыс,  
Талас барын,  
Қан барын...  
Алыста бір елес берген таң барын...

Келді өмірге:  
Жап-жалаңаш, жылады.  
Жылаған жоқ,  
Жыланып нәр сұрады.  
«Мә!» деп, оған ана сүтін емізді,  
Бар адамға қарашығым дегізді.

Содан басқа тұрмыстан не аңғарды,  
Ұға алмады көп нәрсеге таңғалды,  
Нан сұрады,  
Жоқ дегенге нанбады,  
Қысты анасын,  
Соңынан бір қалмады:

«Берші, бер!» деп мазалады, қоймады,  
Үйінде нан толып тұр деп ойлады.

Ұқпады олар:

Нанның қайдан келерін,

Қолда жоқты кімнің әкеп берерін.

Ойлашы өзің!

Нәрестені,

сәбиді,

Нені көріп, өмірден не таниды?

Жанталаста жатыр ана қысылып,

Олар отыр жастық жүнін ұшырып...

## Х

Бала бейғам,

Бала жаны:

Таза, фәк,

Тот баспаған жас жүрегі сүттен ақ.

Дүниені кең менікі деп ойлайды,

«Жоқ» пен «бар» өмірге шек қоймайды...

Толып жатқан қауіп пенен қатерді

Білмеймін мен, өмірге кім әкелді!

Жәбір, зорлық, қасірет пен қайғыны

Адам ойлап шығарды екен қай күні!

Шіркін сәби!

Отырсындар қаперсіз,

Дүние қызық, бейне алдың қатерсіз!

Дәл төбеңде нажағай тұр гүрілдеп,

Құлағалы баспанаң тұр дірілдеп.

Сезесің бе?

Қаларыңды шырылдап?

Балалығың өткелі тұр зырылдап.

Қатал тағдыр құрды саған қармағын.

Иығыңа артар ауыр салмағын...

Шыда сонда!

Тәлтіректеп құлама!

Көтер бәрің!

Жабырқама, жылама!

Талай сенің жас қабырғаң қайысар,

Талай сенің жас бұғанаң майысар!



## XI

Ана жатты тіршілікті қия алмай,  
Сандырақтап сөйледі есін жия алмай.  
Тұла бойын өрттей қызу жайлады,  
Еркін алды,  
Тілін кейде байлады...

Жатты үнсіз...  
Бетіне мен қарадым,  
Мандайдағы әжімдері — сан ағым.  
Еңбек пенен тартыстардың жолағы  
Түйіскенде дәл осылай болады.

Бейне зердей ана жүзін қаптаған:  
(Өшірместен қалай ғана сақтаған!?)  
Қатар-қатар тұрды бәрі түрленіп,  
Кетті сол кез ана беті гүлденіп.

Бейнет, азап,  
Әжімдері күрестің,  
Былай тұршы!  
Сені санап түгестім.  
Қуаныш та, жеңістер де тұр сайрап,  
Шіркін ана ақ жүзінде гүл жайнай.

Берілмеген,  
Құл болмаған,  
Тік басқан!  
Ана жолы өмірдегі бір дастан.  
Сол дастандар шежіресі бетінде  
Сол күрестің қалған ізі етінде

Күс алақан:  
Тұтқасына өмірдің —  
Қатып қалған,  
Құрышындай темірдің.  
Білегі шарт үзілмесе шықпастай,  
Қарлы бөран, дауылдардан бұқпастай.

Жатыр ана!  
Асыл ана, ер ана.  
Боран бұрқап, азынап тұр сар дала.

Сөнер ме екен, батар ма екен түнменен,  
Әлде бірге шығар ма екен күнменен?

Ақтық минут.

Жан қысылды, таянды.  
Арпалысты, бір секундқа оянды...  
Шала-жансар...

Көзі ештеңе көрмеді,  
Қалды сұлде,  
Жеңбеді ажал, өлмеді.

Қысылды ана, саусағымен қарманды.  
Жоғалтқандай бақыты мен арманды,  
Іздеді ана күбірледі бала деп,  
Жүрегім қан толып кетті, жара деп.

Жан тапсырды!

Мойымады, көнбеді.  
Алса да ажал,  
Құл етпеді, жеңбеді.  
Қан майданның солдатындай шыдады,  
Ақтық оғын атып барып құлады...

Қалды артында:

Зорлық,  
Азап жалғаны.  
Қалды артында:  
Тынбай қуған арманы.  
Қалды артында  
Қатал жолы күрестің  
Өлді екен деп жоқтамады мұны ешкім!

## XII

Соқты боран терезені сабалап,  
Ұлыды жел,  
Құтырды иттей абалап.  
Қар жентегі желге мініп ысқырды!  
Жын қаққандай ішін тартты, ышқынды!  
Екі бала анасына тығылды,

Жансыз қалған кеудесіне жығылды,  
Жан анасы ұйықтап кеткен секілді.  
Құшағына ап екі сорлы жетімді...

Жатты екеуі:

Құшақтады, жылады,  
Қарны ашты,  
Апалап нан сұрады,  
Жалынса да оларға тіл қатпады:  
Үнсіз дене сырын тұйық сақтады.

Үйдің ішін қараңғылық жайлады,  
Боран ұйтқып төбесінде ойнады.  
Көмді қарға жентекпенен атқылап,  
Айғай салды тұс-тұсынан шапқылап...  
Күшейді жел,

Ойнады жел, ақырды,  
Долы боран кәрі ашуын шақырды.  
Соқты аямай қос жетімнің мекенін,  
Қайтсін дүлей панасыздар екенін...

Құлпырып жастық шақта жайнап тұрған,  
Аспанда алтын айға құлаш ұрған,  
Қартайып жас жеткен соң талай жүйрік,  
Қайтадан келер ме деп арман қылған.

Біреулер өзі сүйген сұлуды айтқан,  
Біреулер көппен ойнап, күлуді айтқан,  
Біреулер құрыш қанат көк дауылдай  
Аспандап шарқ ұрып жүруді айтқан.

Біреулер көмейдегі сөзін айтқан,  
Балғындай балаусалы кезін айтқан.  
Торғындай үлбіреген ақ маралдың  
Гауһардай жалтылдаған көзін айтқан.

Ал, біз айтсақ қызыл гүлдей күнді айтамыз,  
Жүректен ақтарылған сырды айтамыз.  
Ақыннан Саяділдей толқып шыққан,  
Балауыз, шырып дәмді жырды айтамыз.

Семейден Алматыға біз кеткенде,  
Сағынар, сағынысар күн жеткенде,  
Қайым-ау, сен де бізді еске аларсың,  
Досыңмен жүрек сырын тербеткенде.

Өрен жүйрік Саяділ, ақын Қайым,  
Өткізген біз бұл жерде жаздын айын,  
Әр кезде сағынышпен ойласын деп,  
Өлеңқып бір-екі ауыз жазған — Сайын.

*28 апрель, 1939 ж. Семей.*

## I Том

## Өлеңдер

**«Қолхоз жолына».** 1936 жылы «Бақыт жыры» жинағында 1962 жылы үш томдығында жарық көрді. Бұл — үшінші басылуы. Қолжазбасына қарағанда, өлең 1930 жылы жазылған тәрізді.

**«Бір сұлуға».** 1930 жылы жазылған. 1962 жылғы үш томдығына қолжазбадағы нұсқасы кірді. Өлең содан алынды.

**«Мәз емес».** Тұңғыш рет үш томдықта жарық көрді. Бұл — екінші жариялануы.

**«Тазаланған төре».** Ең алғаш «Кенес аулы» газетінде, онан соң «Бақыт жыры» жинағында, кейін ақынның шығармаларының бірінші томында басылды.

**«Дала».** 1931 жылы жазылған, «Дауыс», «Бақыт жыры», және үш томдық шығармалар жинағында жарияланды. 1938 жылы шыққан «Алтын таң» жинағында да бар.

**«Ақындарға».** Бұл өлең «Тап ақыны дайын бол» деген атпен «Жаңа әдебиет» журналының 1931 жылғы 5-санында жарияланған. «Бақыт жыры», «Алтын таң» жинақтарында және үш томдықтың I-ші кітабында «Ақындарға» деген атпен жүр. Соңғы түрі алынды.

**«Толқын».** 1931 жылы жазылып, «Бақыт жыры» жинағы мен шығармаларының үш томдығында сәл қысқартылып берілген.

**«Біздің майдан».** Ең алғаш «Жаңа әдебиет» журналының 1931 жылғы жетінші санында жарияланып, ақынның үш томдығына енгізілді. Журналға басылған нұсқасын ұсындық.

**«Жаңа жыр».** 1936 жылы «Бақыт жыры» жинағында, 1962 жылы үш томдық жинақта жарық көрді. Соңғы басылымнан алынды. Қай жылы жазылғаны белгісіз.

**«Дария».** Бұл өлеңнің тағдыры да жоғарғыдай.

**«Толғау».** Бұл — ұзақ өлең, «Әдебиет майданы» журналының 1935 жылғы бесінші санында «Жыр толғауы» деген атпен жарияланды. «Бақыт жыры» (1936 ж.), «Алтын таң» (1938 ж.), «Жорық жырлары» (1944 ж.) жинақтарындағы басылымдарында бұл өлең еш өзгеріске түспей, тек 1948 жылғы «Айғақ» атты жинағынан бастап «Толғау» деген атқа ие болған. Ақын өлеңін біраз өңдеп, едәуір қысқартса керек, 1934 ж. жазылған. Өлең соңғы нұсқасы бойынша жарияланып отыр.

**«Киров».** Жалынды революционер, ірі мемлекет қайраткері С. М. Кировтың қазасына арналған бұл өлең «Қайғы» деген атпен алғаш рет «Лениншіл жас» (1931 ж. VII—№ 280) газетінде басылған. «Бақыт жыры» атты тұңғыш жинағына да сол күйінде шықты. 1938 жылғы «Алтын таң» жинағынан бастап өлеңге «Киров» деген ат қойылды. Ақын ең соңғы басылуының алдында өлеңді қысқартып, едәуір өндеген.

**«Бақыт».** 1934 жылы жазылған, бұл өлең алғаш «Қазақ әдебиеті» (1935 ж. IV № 13) газетінде жарияланған. Кейін «Бақыт жыры», «Алтын таң» жинақтарына кірді. 1948 жылы ақын бұл өлеңіне қайта оралды, шамалы қысқартып, түзетті. Өлең «Жас достарыма» атты балаларға арналған кішкене кітапшаға және үш томдыққа енді. Сол кітаптардағы үлгіге сүйендік.

**«Айбала».** Бұл өлең ақынның 1959 жылы шыққан «Шығармалар» атты кітабы мен 1962 жылғы үш томдығына енді. Соңғы басылымынан алынды, өйткені ақын алғашқы «Бақыт жыры» жинағындағысынан гөрі мұнда бірсыпыра өзгеріс енгізген. Өлеңнің көркемдік сапасына зер салғандығы байқалады.

«Қорқыныш кернеп жүрегін  
Қаптады ойлар қамалап,  
Желпиді кейін желегін  
Жан-жаққа сөйтіп қаранад»—

деген шумағын, ақын былай өндеген:

Қорқыныш керісіп жүрегін  
Түнерген үрей қамайды.  
Желлиді кейін желегін,  
Жан-жағына қарайды».

Әрине, бұл алғашқысынан гөрі тілге оралым жинақы. Бұдан ақынның кейінгі кездері өз творчествосына деген жауапкершілігін арттыра түскендігі аңғарылады. Өлең 1934 жылы жазылған.

«Кесте». Бұл өлең Қазақстанның 15 жылдық тойына арналып 1935 жылы жазылған. «Қазақ әдебиеті» (1935 ж. X, № 29) газетінде басылған. Өңделгеннен кейін 1957 жылы «Самал» атты жинақта, үш томдығында басылған. Сол өңделген үлгіні ұсынып отырмыз.

«Саған, ана.» 1935 жылдың үлесіне жататын өлең «Бақыт жыры» жинағында 15 шумақ болып басылған. 1948 жылғы «Айғақ» атты жинағына ақын соның бес-ақ шумағын енгізуді мақұл көрген. Бес шумақ үш томдықта 1962 ж. жарық көрді.

«Түнде». «Бақыт жыры» жинағы мен үш томдық шығармаларынан алынды. 1935 жылы жазылған.

«Май сипаттары». Бұл да сол жылы жазылған. «Бақыт жыры», «Алтын тан» жинақтарында, үш томдығында басылды. 1948 жылы «Айғақ» жинағына енгізгенде, ақын өлеңінің соңғы бір шумағын алып тастаған. Осы жолы сол қысқартуы бойынша ұсындық.

«Жазғы сурет». Бұл өлең «Мен бақытты» деген атпен «Лениншіл жас» (1935 ж. IV № 52) газетінде жарияланған. Кейін «Бақыт жыры» кітабында да осы атпен басылды. Бірақ ақын бұл өлеңіне кейін қайта оралып, шығарма мазмұнын тек қана жазғы күні дала көрінісін суреттеу төңірегіне топтастырады.

Қазіргі нұсқасында «Жазғы сурет» атты бұл өлең шағын ғана бас-аяғы жинақы, оқырмандардың көңілінен шығып, жүрегіне жылу ұялайтындай тәп-тәуір шығарма. 1957 жылы «Самал» жинағына енген, онымен қоса үш томдықта жарық көрді. Біз содап алып отырмыз.

**«Сыншыларға».** Ілияс Жансүгіровтің ізімен жазған өлеңі. «Бақыт жыры» жинағында басылған, үш томдығынан алынды. Өлеңді «Қазақ әдебиеті» газеті 1935 жылы жариялаған.

**«Қалмақан»** Қазақтың белгілі ақыны Қалмақан Әбдіқадіровтің творчествосына он жыл толуына байланысты жазылған өлең, «Әдебиет майданы» журналының 1935 жылғы тоғызыншы санында жарияланып, үш томдықта басылды.

**«Інілеріме».** 1935 жылы жазылған. «Бақыт жыры» жинағы мен үш томдықта жарық көрді.

**«Метро»** Бұл да соңғы басылымнан алынды. Өлең алғаш рет «Алтын таң» (1938 ж.) жинағына енді. 1935 жылдың жемісі.

**«Бір ақынға».** Қолжазба күйінде үш томдыққа ұсынылған. 1935 жылы жазылған.

**«Қара теңізде».** Қолжазба күйінде үш томдықта жарияланған. Сол бойынша беріліп отыр. Жазылу нұсқасында 1935 жыл көрсетілген.

**«Жетім серті».** 1936 жылы жазылған бұл өлең «Гарту» деген атпен «Бақыт жыры» жинағына енгізілген. 1938 жылы «Алтын таң», 1944 жылғы «Жорық жырлары» жинақтарында осы атпен жүр. 1948 жылғы «Айғақ» атты жинағы мен үш томдығынан бастап (1961 ж.) «Жетім серті» деген атқа ие болады.

**«Қазақ қызы».** Совет Одағының халық артисі атақты әнші Күләш Байсейітованың орден алуына арнаған өлеңі. 1936 жылы жазылып, «Бақыт жыры» мен үш томдықта басылған.

**«Лагерь жыры».** 1936 жылы «Пионер» газетінде жарияланған. Сол жылғы тұңғыш жинағы «Бақыт жырына» енгізілген. Кейінгі жинақтарында әлденеше рет басылған көпшілікке кеңінен таныс өлеңі.

**«Мавзолейде».** 1936 жылы жазылып, әуелі «Бақыт жыры» жинағына, сонан соң үш томдыққа енген. Бірер



сөзі өзгертілген нұсқасы «Айғақ» жинағында бар. Бұл журналдық варианты.

**«Бұлбұл».** Бұл өлең қазақ — совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, көрнекті жазушы Сәкен Сейфуллинге арналған. Ең алғаш «Қазақ әдебиеті» газетінің 1936 жылғы 31 июльдегі санында жарияланған. «Бақыт жыры» жинағында, үш томдықта жарық көрді.

**«Кім болам».** 1936 жылы жазылған бұл өлең «Бақыт жыры» жинағынан кейінгі үш томдықтан алынды.

**«Ант».** Үш томдықтың бірінші кітабынан алынды. Басқа жинақтарында («Жас достарыма», «Айғақ», «Жорық жырлары», «Бақыт жыры») әлденеше рет басылған. 1936 жылдың еншісі.

**«Түн мен күн».** Өлеңнің әуелгі аты «Екі түн» деп аталған. «Бақыт жыры» жинағынан бастап, 1957 жылғы «Самал» атты жинағына дейін осы атпен басылып келді. Бұл жинағында ақын өлең текстіне қайта оралып, өрлей түседі сәл толықтыра енгізеді, атын да осы жолы өзгертеді.

Жалпы алып қарағанда, қай уақыт, қай жағдайда болмасын, ақын өз творчествосына дүние деңгейі замана талабына сай жауапты қарап отырған.

**«Ей, кешегі жетім бала».** «Бұл — 1935 жылы жазылған өлең», «Бақыт жыры» жинағында «Шырқа, шырқа!» деген атпен әнге арналып шыққан. Сондықтан да:

«Ал, талапты ұл!  
Тербе жырды.  
Тербе жырды  
Лирикалат!»

Я болмаса:

«Бүгін шерсіз,  
Шерт күйінді  
Шерт күйінді  
Лирикалат!»—

сияқты қайырмасы бар болатын. Кейін ақын бұл өлеңді жинаққа ыңғайлап, қайта өндеген. Соңғы басылымда өлең, «Ей кешегі жетім бала» деп аталады.

**«Ақын досыма».** «Бақыт жыры» жинағында 1936 жы-

лы жарық көрген. Бұл жинақтағы нұсқа үш томдық бойынша беріліп отыр.

**«Алло-алло!».** 1936 жылдың туындысы. Өлең 1938 жылы «Алтын таң» атты кітабы мен 1962 жылы үш томдығында шықты.

**«Өлім жоқ».** Николай Островскийдің қайтыс болуына байланысты 1936 жылы жазылған. «Алтын таң» мен үш томдықта жарияланған.

**«Бұтақтардан алма қақтым».** 1936 жылы жазылған. «Алтын таң» мен үш томдықта басылған.

**«Мөлдір бұлақ».** 1936 жылы жазылып, 1938 жылы «Алтын таңда» шықты. Ақын бұл өлеңін кейін едәуір қысқартып, «Айғақ» (1948 ж.) жинағына енгізген. Үш томдықта басылды. Содан алдык.

**«Міне ауыл».** Үш томдық бойынша беріліп отыр.

**«Өкініш біреу, ой тоқсан».** Ең алғаш «Айғақ» жинағында, сонан соң үш томдығында жарияланған. Жылы белгісіз.

**«Ер жүрек бар, есер бар».** Қай жылы жазылғаны мәлім емес. Алғаш рет 1952 жылы «Таңдамалы шығармаларында» жарық көрді. 1961 жылғы үш томдығынан алынды.

**«Деуші ем сені саналы жан».** 1936 жылдың үлесіне тиеселі. «Жылдар» (1954 ж.) атты жинағында және үш томдықта жарық көрді.

**«Өмір қызық, тұрмыс шат».** «Пионер» газетінің 1936 жылғы 7 ноябрь санында жарияланған. Үш томдыққа енген.

**«Ұмытпаймын».** «Қазақ әдебиеті» (1937 ж. III, № 14) газетінде жарияланған. «Алтын таң» жинағына енген. Бұл жинақта өлең үш томдық бойынша ұсынылып отыр.

**«Арнау».** Пушкинге арналған. 1938 жылы «Алтын таң» жинағында басылды. Өлең 1937 жылы жазылған. «Айғақ» атты жинағына ақын тоғыз шумақ өлеңнің төртеуін-ақ енгізген. Әрі ықшам, әрі жинақы, әрі ұтымды

шыққандықтан, өлеңнің соңғы нұсқасы үш томдықта жарық көрді. Біз соған сүйендік.

«Пилот қызға». Ең алғаш «Лениншіл жас» (1937 ж. III, № 33) газетінде жарияланған. Содан кейін «Алтын таң» жинағында шықты. 1959 жылы «Шығармаларына» ақын бұл өлеңін мейлінше қысқартып береді. Мәселен, он бес шумақтан алтау-ақ қалған. Жаңа вариантты үш томдықта жарияланды. Біз сол қысқарған түрін ұсынып отырмыз.

«Туғанмын бақыт нұрында». Бұл өлеңнің өзіндік тарихы бар. 1937 жылы жазылып, алғаш «Қазақ әдебиеті» (1938 ж. III, № 14) газетінде басылады. «Алтын таң» жинағына енген. 1952 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» «Ұлымның өлеңі» деген тақырыппен жүр. 1954 жылғы «Жылдар» атты жинағында да осы күйінде. 1957 жылғы «Самал» жинағында ақын бұл өлеңінің бастапқы тақырыбына қайта оралып, мүлдем басқаша жазып шығады. Яғни, өлеңнің алғашқы екі шумағын ғана қалдырып, тақырыбына сәйкес, жаңадан бес шумақ қосады.

«Адамша бастым алшандап  
Өмірді, дүние жалғанды  
Жүрсем де алыс жер шарлап,  
Тастамадым балғамды.

Балғамен ауыр төске ұрдым —  
Темірлер нанша иленді.  
Қамалда киын мен тұрдым,  
Асаулар қолға үйренді»—

тәрізді динамикалық жолдар сол өңдеудің арқасында пайда болған. Осы жаңа түрі ақын шығармаларының үш томдығының бірінші кітабынан алынды.

«Жаз еді». Бұл өлең 1937 жылы жазылып, «Алтын таң» жинағына «Ақынның ойы» деген атпен енген. 1948 жылғы «Жас достарыма» кітапшасында шамалы қысқарған «Жаздыгүні» деген түрі жүр. Ақынның соңғы кездегі қолжазбасында «Жаз еді» деп өзгертіліп, үш томдығында басылған. Біз соны ұсындық.

«Көкшетау». «Алтын таң» жинағына шыққан. 1937

жылдың еншісі. «Жас достарыма» деген кітабы мен үш томдығында жарияланған. Сол түрін жіберіп отырмыз.

**«Бала»** Бұл «Алтын таң» жинағындағы «Ертегі» деп аталатын, кейін «Балықшы» атанған поэмасының алғашқы шумақтары. Жеке өлең ретінде «Жас достарыма» атты кітабына енгізіпті, кейін үш томдығында да жарық көріпті. Поэmanın өзгерген соңғы нұсқасында бұл шумақтар жол болғандықтан, біз де мұны жеке өлең түрінде пайдаландық.

**«Балалық».** «Жас достарыма» (1948 ж.) атты жинақтан алынып үш томдығында басылған. Соңғысынан алынды.

**«Айқас».** «Әдебиет майданы» журналының 1937 жылғы жетінші санында жарияланған. Жинақтарына кірмей, тек үш томдығында ғана жарық көрген.

**«Біз еркесі өмірдің».** «Октябрь балалары» (1937 ж. 21 март) газетінде, үш томдықта басылған.

**«Ленин дана».** Ең алғаш «Вожатыйға көмекші» (1938 ж. № 1—2) журналында жарық көрген. «Алтын таң» атты жинағы осы өлеңмен ашылған. Ақын өзінің «Айғағына» бұл өлеңді едәуір қысқартып, өндеп енгізген екен. Үш томдықтағы нұсқасын ұсынамыз.

**«Серго».** Белгілі партия — мемлекет қайраткері Серго Орджоникидзенің қазасына арналып жазылған өлең. «Лениншіл жас» (1938 ж. III, № 40) газетінде жарияланған. 1952 жылғы «Таңдамалы шығармаларында», 1962 жылғы үш томдығында шықты.

**«Горький».** Пролетариаттың ұлы жазушысы Алексей Максимович Горькийге арналған. Ең алғаш «Лениншіл жас» (1938 ж. III, № 71) газетінде, сонан соң үш томдығында басылған.

**«Қош келдің».** Жаңа жылға арналған бұл өлең «Лениншіл жас» (1938 ж. I, № 3) газетінде жарияланған. Қысқартылып үш томдығына ұсынылған. Содан алынды.

**«Жанаса кеткен ат озар».** Жылы белгісіз. «Жорық жырлары» жинағы мен үш томдығына енгізілген.

**«Шіркін қымбат жар құшағы — жанға жәй».** Қолжазба бойынша үш томдықта жарияланды. Еш өзгеріссіз сол күйінде жіберіліп отыр.

**«Есіл».** «Лениншіл жас» (1938 ж. 12 август) газетінде жарық көрген. Өлеңнің жазылу түрі өзгеше. Қазақ поэзиясында бұрын-соңды бола бермейтін түр. Жаңалыққа талпыну, іздену бар. Біз үш томдықтағы нұсқасына сүйендік.

**«Тілсіз ғана сезім билер тар бір шақ».** Қолжазбасынан алышып, тұңғыш рет үш томдығында жарық көрді.

**«Сүйемін қызыл гүлді».** Бұл өлең «Гүлім менің» деген атпен «Лениншіл жас» (1938 ж. 12 август) газетінде басылған. Ақынның қолжазбасындағы қысқартылған, өңделген түрі үш томдықта жарық көрді. Соны беруді жөн көрдік.

**«Екі жігіт».** Бұл сюжетке құрылған ұзақ өлең 1938 жылғы «Алтын таң» жинағынан алынып 1962 жылғы үш томдықта шыққан.

**«Тіршілік сені сүйемін».** «Әдебиет және искусство» (1940 ж. № 10—11) журналында жарияланған. Өлең 1938 жылдың үлесіне тиісті. «Самал» атты жинағына ақын бұл өлеңін шамалы өзгертіп, «Сүйемін» деген атпен енгізген екен. Мұның жаңадан қосылған соңғы бір шумағы пайдаланылып, «Жорық жырлары», «Айғақ» жинақтарындағы нұсқасы үш томдығында басылды. Соны ұсындық.

**«Комсомол сөзі».** «Лениншіл жас» газетінің 1938 жылғы 29 октябрь санында жарияланған. Үш томдығының бірінші кітабынан алынды.

**«Құлыншақ».** 1939 жылы жазылған. «Жорық жырлары» (1944 ж.) кітабынан алынып үш томдықта басылды. Сол нұсқасы жіберілді.

**«Құлпыра берші кең дала».** 1939 жылы жазылып, «Жорық жырлары» кітабы мен үш томдықта басылды.

**«Күй қозғап»**, Үш томдық (1962 ж.) бойынша беріліп отыр.

... **«Арманы көп»**. Ең алғаш «Жорық жырлары» кітабында, кейін үш томдықта басылған.

**«Қош, бауырым»**. Валерий Чкаловтың қазасына арналған өлең. «Әдебиет майданы» (1939 ж. № 1) журналында, үш томдықта жарық көрген.

**«Жауыз ойлап жалған күлме»**. «Жорық жырлары» (1944 ж.) кітабынан соң үш томдыққа енгізілген. Қай жылы жазылғаны белгісіз.

**«Ғабиден сұрап едім насыбайды»**. Қазақтың көрнекті жазушысы Ғабиден Мұстафинмен Жүмекеннің әзілдесе беретіні баршаға белгілі болған. Бір тарақ ақ қағаздың бір бұрышына қарындашпен жазылғанына қарағанда, бұл өлеңді ақын жиналыс үстінде, я әлдеқалай атүсті жаза салғанға ұқсайды. Үш томдығынан алынды.

**«Қарындас»**. Бұл «Әдебиет және искусство» (1940 ж. № 10—11) журналында «Тіршілік сені сүйемін» деп басталатын өлеңімен бірге «Екі өлең» деген атпен жарияланған болатын. «Жорық жырлары» кітабында «Қаракат көзді қарындас», болып басылды. Ал «Айғағында» «Қаракат көзін» алып тастап «Қарындастың» өзін ғана қалдырған. 1959 жылғы соңғы, «Шығармаларына» шамалы қысқарту енгізген екен, бірақ үш томдығындай, бастапқы жинақтардағы толық нұсқасы жіберілді.

**«Екі өзен»**. Қолжазбасынан алынып үш томдықта басылған. Аяқталмаған өлең тәрізді. Өйткені тақырыбына сәйкес, екінші өзен жайында ақын ештеңе айтпайды.

**«Біреуге»**. Ақынның қолжазба дәптерінен алынып үш томдығында шыққан. Жылы көрсетілмеген.

**«Айрылысқан досқа»**. Үш томдық бойынша ұсынылып отыр.

**«О, Мүсекең, Мүсекең»**. Ақын архивіндегі бір тарақ қағаздан шыққан бұл өлең үш томдықта жарияланған. Кімге арналып жазылғаны анықталынбаған. Экспромтпен жазыла салған тәрізді.

**«Менменге»**. Үш томдықтан алынды. Одан бұрын еш жерде жарық көрмеген.

**«Жабықсаң жаман қасында».** Қолжазба бойынша үш томдықта шыққан. Жылы белгісіз.

**«Сап, сап!».** Бұрын жарияланбай үш томдыққа енгізілген.

**«Күрес, тартыс алып күшпен қызады».** Қолжазба бойынша үш томдықта басылған. Қай жылы жазылғаны белгісіз.

**«Шалқар, Шалқар!»** Басы, аяғы табылмаған өлең. Қай уақытта, қандай жағдайда жазылғаны бимәлім. Қолжазба бойынша үш томдыққа ұсынылған.

**«Доспен сырласу».** Бұл өлең де аяқталмай қалған тәрізді. Ақынның кіммен сырласып отырғаны да ашылмайды. Өлең орта белінен үзіліп қалады. Үш томдықтан алынды.

**«Жүр менімен енді ілгері сен бірге».** Көңіл сазын шертетін өлең. Үш томдықта жарық көрді. Осы өлең жазылған қағаздың бір бегінде үнді ақыны Робиндранат Тагор жайлы ақынның бір пікірі жүрген көрінеді. Соған қарағанда, бұл өлеңнің өзі соған арналмады ма екен деген ой туады. Бұған тағы бір дәлел: «Білмей қалдым тірілерін өткеннің» деген өлеңнің соңғы жолы.

**«Одан да биік аспандап».** Қай уақытта жазылғаны белгісіз. Бітпеген өлең болу керек. Қолжазбасынан алынып үш томдықта басылған.

**«Жел болсам тегіс құшып обар едім».** Бүктетілген дәптердің екі бетінен табылған. Көңілді бір кеш үстінде қолма — қол жазылғанға ұқсайды. Достық туралы жылы лебіз бар. Қолжазбасы бойынша үш томдыққа енгізілген.

**«Көзіме не елестейді алыста».** Көшіп-қонып жүрген сығандардың өмірі жайында. Қай жылы жазылғаны белгісіз. Еш жерде жарияланбай тек үш томдыққа кірген. «Цыганы шумною толпой, по Бессарабии кочуют» деп келетін Пушкиннің өлеңін еске түсіреді. Ж. Саин, әрине, өзінше жазған.

**«Лапылдаған жалыны бар кеудемнің».** Лирикалы өлең. Ақындық жүрек, муза, шабыт туралы толғайды.

Кейінгі жылдары жазылған сияқты. Қолжазбасы бойынша үш томдыққа ұсынылған.

**«Тітірейді, қалшылдайды жер мен көк».** Жылы белгісіз. Ойға құрылған лирикалы өлең. «Жалын болмай өмірдің не сәні бар» деген сияқты жолдары акынның творчестволық қасиетін аңғартқандай, Үш томдықтан алынды.

### Поэмалар

**«Пилот сыры».** Поэmanın қысқартылған түрі ең алғаш «Күнмен кеңес» деген атпен «Социалды Қазақстан» (1935 ж. № 190) газетінде жарияланған. Толық күйінде «Бақыт жыры» жинағында басылды. Кейін «Айғаққа» да шыққан. 1962 жылғы үш томдығынан алынды. Бір айта кететін жәйіт: «Самал» атты жинағында «Жаз қойнында» деген дербес өлең жүр. Осы поэmanın алғашқы шумақтары екен. Сондықтан өлең жеке түрінде еш басылымына енгізілмеген.

**«Балықшы».** Бұл поэма аңыздың алғашқы нұсқасы «Ертегі» деген атпен «Алтын таң» жинағында жарияланды. 1954 жылғы «Жылдар» атты кітабында «Балықшы» боп, біраз қысқартылып басылды. 1959 жылғы «Шығармаларында да» сол күйінде жүр. Тек жыл анықтауда сәл алшақтық бар. «Алтын таңда» 1938, соңғы «Шығармаларында» 1934 жыл көрсетілген. Соңғысы қате сияқты. Өйткені, 1936 жылы шыққан «Бақыт жыры» атты алғашқы жинағына бұл аңыздың кірмей қалуы мүмкін емес. Біз, ықшамдалған түрін, яғни соңғы үш томдықтағы басылуын ұсынып отырмыз.

**«Бақыт құшағында».** Ең алғаш «Социалды Қазақстан» (1936 ж. 11, № 46) газетінде жарық көрген. «Бақыт жыры» жинағына енген. «Айғақтан» бастап мейлінше қысқартылып басылыпты. Біз «Бақыт жырындағы» толық нұсқасын, үш томдықтан алып ұсындық.

**«Ырыспайдың әңгімесі».** Бұл хиса «Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы 12 санында жарық көрген жә-



не соңында жалғасы бар деп ескертілген. Бірақ журналдың кейінгі сандарынан кездестіре алмадық. Ақынның үш томдығына ғана енгізілген. Сірә, ақын үлкен бір көлемді дүние жазбақ болып, кейін белгісіз бір себептермен аяқсыз қалдырса керек.

**«Досыма хат».** «Әдебиет және искусство» (1939 ж. № 3) журналында жарияланған. Ең алғаш рет «Жорық жырларында» шамалы қысқартылып берілген. Поэmanın сюжеттік желісіне, көркемдік сапасына пәлендей нұқсан келмегендіктен, ақынның соңғы редакциясын мақұлдап үш томдықтан алдық.

**«Күләнда».** Бұл ақын творчествосының бір биік беле-сі күрделі де көлемді шығармасы. Үлкен өмірді ауқымды қамтитын тынысы кең, қуатты дүние. Ең алғаш (1938 ж. № 2, 3, 10), «Әдебиет және искусство» (1939 ж. № 5) журналдарында жарияланған. Өз алдына жеке кітап болып, 1945 жылы шықты. Содан былайғы кітаптарында (1952 жылғы «Тандамалы шығармалар», 1954 жылғы «Жылдар», 1939 жылғы «Шығармалар» 1962 жылғы «Үш томдық») үзбей басылып тұрды. Поэмасын ақын 1940 жылы аяқтаған. Ж. Саинның бұл көлемді еңбегі сыншылардың әдебиет зерттеуші ғалымдардың назарын өзіне әлі де аударып келеді.

## II Том

**«Аттанайық майданға».** Ең алғаш «Лениншіл жас» газетінің 1941 жылғы 27 июнь санында жарияланған. Ақын бұл өлеңін кейін едәуір өзгертіп 1944 жылы шыққан «Жорық жырлары» атты кітабына енгізеді.

Біз 1962 жылғы үш томдығынан алып отырмыз.

**«Есіңе ал мені, есіңе ал».** Бұрын еш жерде жарияланбай үш томдыққа енген. Жылы белгісіз. Бірақ өлеңнің лебіне қарағанда Ұлы Отан соғысының алғашқы жылына қатысы бар тәрізді.

«**Аттанарда**». 1941 жылы жазылған. Ақынның майданға аттанардағы қоштасу өлеңі. Туған еліне деген патриоттық сезімін паш етеді. Отанға қауіп төнген қатерлі сын сағатта, өлеңін «Саған төнген қауіпке қарсы аттанып, Ақ жолында өлуді арман еттім» деп түйюі ақынның шын махаббатын танытады. Өлең 1948 жылы «Айғақ» атты жинағында жарық көрген. Үш томдықтан алынды.

«**Шайқасқа кеттім ел үшін**». Бұл да сол шамада жазылған өлең.

«**Жабыға берме, жан сәулем**». Қолжазбасының ішінен бір тарақ қағаздан табылып, үш томдыққа енгізілген. Аяқталмай қалған тәрізді.

«**Аждаһа — Гитлер**». Бұл ұзақ өлең «Лениншіл жас» газетінің 1941 жылғы 8 июль санында жарияланды. Ақын обыр жауыз Гитлерді біресе мыстан кемпірге, біресе аждаһаға теңеп, дұшпанға деген тілдің уытын аямай төккен.

«**Маған күш бер**». Украина әдебиетінің классигі Иван Франконың өлеңі. «Лениншіл жас» (1941 ж, № 122, 28 май) газетінде жарияланған. Үш томдықтан ұсынып отырмыз.

«**Моисей**». Бұл да Иван Франкодан аударылған. 1905 жылы жазған «Моисей» атты поэмасынан. «Лениншіл жас» (1941 ж. 28 май) газетінде шықғы. Үш томдықта басылған.

«**Қайратқа жеңдір қайғыңды**». Ер басына күн туған ауыр күндерде қайрат, жігер беретін жалынды өлең. «Жорық жырлары» (1944 ж.) жинағына орай үш томдықтан алдық.

«**Алтыны бар да гүлі жоқ**». Дәл қай уақытта жазылғаны белгісіз. Әйтеуір, Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарында жазылғаны даусыз. Философиялық мәні бар өлең. «Жорық жырлары» жинағында үш томдықта жарияланған.

«**Өзгеден ерек шын адам**». Ақын парасатты шын адам туралы толғайды. Үлкен ойға құрылып жазылған өлең.

1948 жылғы «Айғақ» атты жинағындағы нұсқасы үш томдықтан алынды.

**«Қулығың ба айтып тұрған».** 1942 жылы жазылған. «Айғақ» атты кітабында ақын «Сұмдығың ба айтып тұрған» дегендегі алғашқы бір сөзін «қулығың ба» деп өз қолымен түзеткен екен. Сол күйінде жібердік.

**«Алты сөз».** Философиялық ойға құрылған өлең. «Жорық жырлары» (1944) жинағында үш томдықта шыққан.

**«Түн қатады партизан».** Ең алғаш («Социалистік Қазақстан»). (1944, V, № 106) газетінде басылды. 1944 жылғы «Жорық жырлары» кітабынан бастап, бірнеше жинағында жарияланған. 1945 жылғы «Жылдар» атты таңдамалысында бұл өлең «Партизандар» деген атпен шығады. Біз үш томдық бойынша алғашқы тақырыбымен жібердік.

**«Сендерді терең ойға алсам».** 1943 жылдың үлесіне жатады. Ақын бұл өлеңін Совет Одағының Батыры, жазушы Мәлік Ғабдуллинге арнайды. «Жорық жырлары» кітабындағыдай үш томдықтағы толық нұсқасын ұсынып отырмыз. «Айғақ» атты жинақта бұл өлең «Жаралы партизан жырлары» циклының үшінші жыры боп жарияланған және едәуір қысқартылыпты.

**«Сағындым сені достарым».** Бұл өлеңді ақын 1943 жылы Луганск облысы, Пшеничный Хуторында, жаралы болып жау тылында жатқанда жазған. Біз «Жорық жырларында» шыққан алғашқы нұсқасын 1962 жылғы үш томдығынан алып ұсынып отырмыз. Кейін «Айғақтағы» «Жаралы партизан жырлары» циклына бірінші жыр болып енгізілген. Онда ақынның жаңадан қосқан мына бір-екі шумағы бар:

«...Сағындым сені достарым!  
Сағындым ерлер бәріңді!  
Сағындым күрес — майданды,  
Сағындым от пен жалынды.  
Тағдырымды бір қосқан

Сағындым орыс баласын!  
Сағындым достық құшағын,  
Сағындым орман — ағашын...»

**«Еске алу».** Бұл өлең «Айғақтағы» «Жаралы партизан жырлары» циклының төртінші жыры боп есептеледі. Украинаның ер жүрек партизандарына арналған. «Жорық жырлары» (1944 ж.) кітабындағыдай үш томдықтағы толық нұсқасын ұсынып отырмыз. Акын көз алдынан жорық жолдарын өткізіп, партизан достарына деген ыстық сағыныш күйін білдіреді. Солармен бірге сапта жүрмей, жарымжан бой дәрменсіз қалыпта жатқанын, өкінішпен жырлайды.

**«Айтылмай кеткен аманат».** «Айғақтан» бастап бір талай жинақтарында 1943 жылы жазылған делініп жүр. Ал, ең алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1944 жылғы 24 сентябрь санында жарияланды. Бұл ұзақ өлең Ұлы Отан соғысы дәуіріндегі қазақ поэзиясы інжу — маржандарының бірі. Отанын шын сүйген қарапайым солдаттың ер бейнесі жасалады. Акын өлеңін фашистогынан қаза тапқан Әбдеш Ғабдулов пен Василий Щербакөв есімді партизан достарына бағыштайды.

**«Қазақ жыры».** Сибирь казактарының өлеңі. «Жорық жырлары» кітабы мен үш томдықта басылған. Біз соңғы басылуынша «Қазақ» деп жібердік.

**«Жалынып қана сөз айтпа».** Шап-шағын ғана, мәтел болып кетерлік өлең. 1943 жылы жазылған. «Жорық жырлары» мен үш томдықта басылған.

**«Украина қызына».** 1943 жылдың үлссіне жатады. Жау тылында жатып жазылған өлең. «Айғақтан» бастап, кейінгі кітаптарында «Жаралы партизан жырлары» циклының екінші жыры боп жүр.

**«Донец».** Украинадағы өзенге арналған өлең. 1943 жылы жазылып, «Айғақ» жинағына енген. Кейінгі кітаптарында үзбей басылып келді.

**«Е. М. Масловаға».** Бұл өлең «Айғақ» жинағынан 1954 жылғы «Жылдар» аттың таңдамалысына «Жаралы

партизан жыры» циклының төртінші жыры ретінде енгізілген. Екі өлеңнен құралған бұл дүниесін ақын жаралы партизан кезінде жасырып, қамқор болған, ажалдан құтқарып, өмірін сақтап қалған украин қызына арпайды.

**«Шын алтындар жарқырап».** 1943 жылы жазылып, «Жорық жырларына», үш томдыққа енген. Философиялық үлкен ойдың түйінін шешеді ақын. Өте шебер қиыстырылған.

**«Өмір деп өксіп сен кеттің».** 1944 жылы жарық көрген «Жорық жырлары» кітабы мен үш томдықта бар. Ақын бұл өлеңін Ұлы Отан соғысы үстінде ерлікпен қаза тапқан досы Әбікей Жанұзақұлына арнаған.

**«Сияменен жазылған жоқ бұл сөзім».** 1944 жылы жазылған бұл бір шумақ өлеңін ақын «Жорық жырлары» кітабына эпиграф ретінде пайдаланады. Кейін ақын шығармаларының үш томдығында жарық көреді.

**«Қанжар».** «Жылдар» атты кітабында 1944 жылы жазылған боп жүр. Ең алғаш «Советтік Қарағанды» (1948 ж. 18 июль.) газеті мен «Айғақ» жинағында, үш томдығында жарияланған.

**«Ұрыстан кейін».** Бұл өлең де «Жылдарында» 1944 жылы жазылған делінген. Ал, ең алғаш «Пионер» журналының 1948 жылғы II-санында жарияланған. 1952 жылы шыққан «Таңдамалысынан» бастап, ақын өлеңнің соңғы екі шумағын былай өзгерткен екен:

«...Өлік жатты қасында  
Көк шинельге оранған,  
Жалғыз айғақ осында  
Жаңағы өткен бораннан...  
Езу тартты қызыл ер  
Автоматын асынып,  
Өлім іздеп келгендер  
Жатты аяққа басылып».

**«Айғақ»** жинағында шыққан алғашқы нұсқасын үш томдықтан алып ұсындық. Өйткені онда адамгершілік қасиеттің сипаты берілген.

**«Майданда кездесу».** 1944 жылдың үлесіне тиесілі бұл

өлең «Үн қатпай жүрек сырласты» деген атпен «Әдебиет және искусство» (1945, № 4) журапында жарияланған. Соңғы «Таңдамалыларынан» алып жіберіп отырмыз.

**«Жауынгер сөзі».** «Социалистік Қазақстан» газетінің 1944 жылғы июль айында (№ 156) шыққан. Сол жылы «Жорық жырлары» кітабына да енгізілген. Біз үш томдық таңдамалысынан алдық. Мұнда ақын өлеңінің соңына жаңадан бір шумақ қосыпты.

**«Днепрге қарады».** Ең алғаш «Лениншіл жас» (1948 ж. 28 январь) газетінде жарияланған. Бұл өлең сол жылғы «Пионер» журналының II-санында да шықты. Ал, «Жылдар» кітабы мен үш томдығында 1944 жылдың белгісі жүр. Қарапайым солдат бейнесін сипаттайтын лирика.

**«Биік шың».** 1944 жылдың үлесіне жататын табиғат лирикасы. Үш томдықтан алынды.

**«Сенімен мен».** Жұғымсыз мінезі бар әлдебір адамға арналған өлең. Ақын өз бейнесін қарсы қойып жырлайды. «Жорық жырлары» жинағынан кейін үш томдықта басылған. Бұл өлеңнің 1944 жылы жазылғаны қолжазбасынан анықталды.

**«Бір ақынға».** Жоғарғы өлеңнің жалғасы, яғни екінші түрі есепті. Ақын оның алғашқы шумағын пайдаланып, сол екпін, сол желіспен басқаша сырлар шертеді. Өлең екінші рет жарық көріп отыр.

**«Елді сүйсең, беріле жүрепкен сүй».** 1945 жылы жазылған осы бір шумақ өлеңмен «Айғақ» атты жинағының беті ашылады. Ақын мұнда өзінің міндет-парызын паш етеді. Творчестволық программасы тәрізді.

**«Киев жырларынан».** «Әдебиет және искусство» журналының 1947 жылғы 8-санында жарияланған. «Айғақтан» соң үш томдыққа ұсынылған.

**«Мен келдім».** Бұл да «Әдебиет және искусство» (1947, № 8) журналында шыққан.

**«Сен қожа».** «Киев жырлары» циклына жатады. «Әде-

бнет және искусство» (1947, № 8) журналында басылған. Екінші рет жарияланады.

**«Оқ тескенде көкірегімді қанталап».** Бұл өлең еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасынан алынып үш томдыққа кіргізілді.

**«Бақыт деген немене».** Бұл өлеңнің тарихы да жоғарыдағыдай.

**«Сен айтпа менің жайымды».** Жылы белгісіз. Үш томдықтан алынды.

**«Жеңіс күні».** «Советтік Қарағанды» газетінің 1948 жылы 18 июль санында жарияланған. Өлең 1945 жылы жазылып, 1948 жылы өңделген сияқты. «Айғақ» жинағында екі жылдың да белгісі бар. Үш томдығында да солай жүр.

**«Гүлжансың-ау, Гүлжансың».** Ат-үсті, экспорт жазыла салған өлең сияқты.

**«Дала боран».** Бітпей қалғанға ұқсайды. Қай жылы жазылғаны белгісіз. Басылу тарихы жоғарыдағыдай.

**«Ей, туған жер, туған жер».** Бұл өлең бұрын басылмай, үш томдығына ғана енгізілді. Осылай басталатын бір шумақ өлеңі бар ақынның. Ол кітаптарында шыққан. Ал мынау одан басқа.

**«Қарақат көз құралайым».** Әдемі, сазды, шағын лирикалық өлең. Үш томдықтан.

**«Москва».** Ең алғаш «Әдебиет және искусство» журналының 1947 жылғы 9-санында «Шамшырағым» деген атпен шыққан. Үш томдығындағы нұсқасын ұсындық.

**«Есімде Айдар өзені».** Бұл — ел аузында жатталып кеткен, ақынның атақты өлеңі. Украина мен қазақ халқының үлкен достығын сипаттайтын өрелі ойға толы, әсерлі жыр. Кезінде жұртшылықтың әділ бағасын алған. Ақын творчествосының бір шоқтығы. Ең алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1947 жылғы 2 август санында жарық көрген. «Айғақ» жинағынан бастап кейінгі кітаптарында үзілмей басылды.

**«Достық жыры».** Жылы белгісіз. Қолжазбасы бойынша жіберілген бұл өлең үш томдықтан алынды.

**«Туған жерім сен, Баян».** «Әдебиет және искусство» (1947 ж. № 11) журналында жарияланған «Айғақ» жинағы мен үш томдықта жарық көрген.

**«Қолхоз түні».** Ең алғаш «Социалистік Қазақстан» (1947 ж. 6. IX) газетіне шықты. 1948 жылы «Айғақ» жинағына енген. 1962 жылы үш томдыққа енгізілді.

**«Қолхоз таңы».** «Социалистік Қазақстан» газетінің 1947 жылғы 26 август санында жарияланған. Үш томдықтағы нұсқасынан ұсындық.

**«Туған жер».** 1948 жылы жазылған. Ұсыну тарихы жоғарыдағыдай.

**«Тұлпардың сыны толар ма».** 1948 жылдың еншісі. Үш томдықта жарияланған түрін жіберіп отырмыз.

**«Сығалады ай, көкжиегі сөгіліп».** Бұл «Әдебиет және искусство» журналының 1947 жылғы II-санында басылған өлең. Ал, кітаптарында 1948 жылы жазылған боп жүр. Еңбек тақырыбына жазылған лирикалық өлеңдерінің ең тәуірінің бірі.

**«Бақташы мен бұлбұл».** Ең алғаш «Пионер» журналының 1948 жылғы 7-санында жарияланған. Сол жылы «Советтік Қарағанды» (18. VII) газетінде де шықты. «Айғақта» «Бақташы шал мен бұлбұл» болып басылған. Біз «Жылдар» атты таңдамалысындағы өлеңіне сәйкес үш томдықта шыққан түрін жіберіп отырмыз. Мұнда ақын өлеңнің соңына жаңадан бір шумақ қосқан.

**«Көсем туралы сөз».** «Социалистік Қазақстан» (1949 ж. ноябрь) газетінде басылған. 1952 жылы шыққан «Таңдамалы шығармаларынан» едәуір қысқартылып үш томдыққа берілген. Сол соңғы нұсқасы.

**«Россия туралы сөз».** Ең алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінің 1949 жылғы 10 июнь санында жарияланды. Үш томдығынан алынды.

**«А. С. Пушкин».** «Лениншіл жас» (1949 ж. 8 июнь) га-



зетінде шыққан. «Тандамалы шығармаларынан» соң үш томдықта басылған өлең.

**«Күздегі көріністер».** Бұл өлең «Октябрь таңында» деген атпен «Әдебиет және искусство» (1953 ж. № 10) журналында басылған. Осы атпен «Жылдар» атты кітабында да шықты, біз ақынның соңғы редакциясынан өткен, яғни 1959 жылғы «Шығармаларына» сәйкес үш томдықта шыққан нұсқасын ұсынып отырмыз. Мұнда өлеңге екі тақырыпша берілген.

**«Ленин».** Ең алғаш «Пионер» журналының 1950 жылғы 4-санында жарияланған. Үш томдық бойынша берілді.

**«Орыс халқына».** 1950 жылдың үлесіне тиесілі. 1952 жылғы «Тандамалы шығармалар» деген кітабынан кейін 1962 жылғы үш томдығында басылды.

**«Тарт қолыңды».** Америка тарапынан Кореяға қауіп төнген кездегі ақынның ашыну жыры. Алғаш «Социалистік Қазақстан» (1950. 26. VII) газетінде басылған.

**«Совет халқына».** Бұл өлең «Сайлаушыларға» деген атпен «Әдебиет және искусство» журналының 1950 жылғы 3-санында басылған. Бұл өлеңді үш томдықтан алып отырмыз. ♥

**«Сайлау күнгі қуаныш».** «Социалистік Қазақстан» (1950, 5 декабрь) газетінде «Совет адамдарының қуанышы» деген атпен шықты. Біз үш томдықтағы нұсқасын жібердік. Екі шумағы қысқартылған.

**«Орман туралы жыр».** 1950 жылдың үлесіне жатады. «Тандамалы шығармалар» кітабындағы түрі.

**«Ақта ата-ана борышын».** Бұл өлең «Мектепке» деген атпен «Пионер» (1947, № 9) журналында шыққан. «Жылдар» (1954) атты жинағындағы нұсқасы.

**«Партия туралы сөз».** «Әдебиет және искусство» журналының 1951 жылғы 12-санында жарияланған. Бұл өлеңінің алғашқы жартысын «Партия» деген тақырыппен, ақын «Жылдар» жинағының беташары ретінде пайдаланады. Біз толық нұсқасын ұсындық.

**«Комсомолдар».** «Пионер» журналының 1951 жылғы

6-санында шықты. Арнайы әні бар алғашқы үш шумағын «Жылдар» атты кітабына енгізген. «Таңдамалы шығармаларындағы» толық түрі үш томдығында бар.

**«Өлеңім менің».** Ақын өлең туралы сан алуан ойларын топшылайды, өз тұжырымын жасайды. 1952 жылы жазылған. «Таңдамалы шығармалар» жинағы осы өлеңмен ашылады. Ақынның үш томдық шығармаларынан алдық.

**«Никос Беллоянистің өліміне».** Жау қолынан қаза тапқан Греция коммунистік партиясының қайраткері Беллоянистің өліміне арналған. «Таңдамалы шығармалар» (1952) жинағына, үш томдыққа енгізілген.

**«Таң мен адам».** Көңіл күйімен қабысқан табиғат лирикасы. 1952 жылы жазылып, «Таңдамалы шығармалар» кітабына шыққан нұсқасын үш томдығынан алып жібердік.

**«Бақыт заңы».** «Социалистік Қазақстан» (1952, 5. XII) газетінде шыққан.

**«Тас бұлақ».** «Таңдамалы шығармалар» (1952) жинағында басылды. 1959 жылғы «Шығармалар» атты кітабынан соң үш томдығында берілді.

**«Ашығудың бесінші күнінде».** Атақты түрік ақыны Назым Хикметтің өлеңі. Саинның аудармасында «Әдебиет және искусство» (1952, № 4) журналында жарияланған. Содан алынып үш томдығында жарық көрген.

**«Тракторшы».** Шамалы қысқарған түрі «Әдебиет және искусство» (1952, № 5) журналында шықты. Біз «Таңдамалы шығармалар» атты кітабындағыдай үш томдықтағы толық нұсқасын жіберіп отырмыз.

**«Аяз ата».** Ең алғаш «Сталин жолы» журналының 1951 жылғы 12-санында жарияланған. «Жылдар» жинағынан алынып үш томдығында басылған.

**«Корея туралы жырлар».** «Әдебиет және искусство» (1953, № 6) журналында басылған. Екі ұзақ өлеңнен құралған бұл цикл Корея жұртының қажырлы, қайсар, ерлік бейнесін сипаттайды. «Жылдар» атты кітабына, үш томдығына енген.

«**Май күні**». «Пионер» журналының 1952 жылғы 5-санында «Май келді» деген атпен басылған. Біз үш томдық жинағынан алдық.

«**Кәрібай шал**». «Әдебиет және искусство» журналының 1952 жылғы 10-санында жарияланған үш томдық жинағындағы нұсқасын жібердік.

«**Достық туы**». 1953 жылдың үлесіне тиесілі өлең. Ақынның үш томдығынан алынды.

«**Жаңбырлы күні**». Табиғат суреті беріледі бұл өлеңде. «Әдебиет және искусство» (1954 ж, № 9) журналында, үш томдықта басылған.

«**Жолығар кезді мен күттім**». Бұл өлең «Жылдар» жинағында 1953 жылы жазылған боп жүр. Негізінде, ең алғаш «Әдебиет және искусство» журналының 1945 жылғы 4-санында жарияланған. Кейін осы журналдың 1953 жылғы 6-санында да шықты. Жылының неге өзгертілгені белгісіз. Біз жоғарыда аталған жинақтағы нұсқасын үш томдық бойынша бердік.

«**Мені есіңе ал! Сен-дағы сол бір шақта**». Орыстың ұлы ақыны Лермонтовтан аударылған. Үш томдық жинағынан алынды.

«**Тоқта жүрек, болды мезгіл**». Бұ да Лермонтовтың өлеңі.

«**Май жыры**». «Лениншіл жас» газетінің 1953 жылғы 1 май санында жарияланып, үш томдығына енгізілді.

«**Жаңа жылға тарту**». «Сталин жолы» журналының 1953 жылғы 12-санында шыққан. Сол журналдан алынып үш томдығына ұсынылған.

«**Қолхоз қызы Биғайша**». Лирикалы өлең. 1954 жылдың үлесіне жатады. «Жылдар» атты кітабынан соң 1962 жылғы үш томдықта жарық көрген.

«**Екі дос**». Бұл өлең «Социалистік Қазақстан» (1954 ж, 17 январь) газетінде «Жаса мәңгі, жасай бер» деген атпен шықты. Біз үш томдығындағы соңғы нұсқасын ұсынып отырмыз.

«**Кел, бауырым**». Ең алғаш «Социалистік Қазақстан»

газетінің 1954 жылғы 28 февраль санында жарияланған. Тың жерді игеруге алғаш келген жас патриоттарға арналған. «Шығармалар» (1959) атты таңдамалысында ақын алғашқы бір шумағын былай өзгертіпті:

«Кел, бауырым!  
Сен орыс мен қазақтың,  
Орыс сөзін есті аузынан қазақтың.  
Шаршағанда сүйенетін тірек бол,  
Жүрегіммен бір соғатын жүрек бол».

Біз үш томдықта берілген алғашқы нұсқасын жібердік.

**«Ресей қызы».** Саяси лирика. Ақын орыс қызының образын жасайды. «Социалистік Қазақстан» (1954 ж, 22 май) газетінде жарияланған. «Жылдар» кітабы мен үш томдығына енгізілген.

**«Жігіт пен қыз».** «Сталин жолы» журналының 1954 жылғы 9-санында жарияланған. Ұсыну тарихы жоғарыдағыдай.

**«Данаша».** Бұл өлең «Параша» деген атпен жоғарыда аталған журналдың сол санында шықты. Үш томдығы бойынша берілді.

**«Көз алдыма келтіремін Арқаны».** «Социалистік Қазақстан» газетінің 1957 жылғы 11 октябрь санында жарияланған. Ал, «Самал» атты жинағында 1954 жылы жазылған боп жүр. Үш томдығында да солай.

**«Біреу».** Ақын арамыздағы арылмай келе жатқан жұғымсыз қылықтарды өлеңіне арқау еткен. «Самал» атты жинағы мен үш томдығында шыққан.

**«Таңқы мұрын қара қыз».** Сатиралық пландағы өлең. Еңбексіз, уақытын босқа өткізіп жүрген, кейбір ерке қыздарға арналған.

**«Япыр-ау неткен жан едің».** Қолжазба бойынша тұңғыш үш томдығында жарияланды. Лирикалы өлең.

**«Түр бөпешім».** «Қазақ әдебиеті» газетінің 1959 жылғы 23 октябрь санында жарияланған. Үш томдығында берілген.

**«Шәрбанға».** Бұл өлеңді ақын 1956 жылы жазғанын қолжазбасы анықтады. Ең алғаш «Көкшетау правдасы» (1957, 16 июнь) газетінде жарияланған. Үш томдықтан алып жіберің отырмыз.

**«Қабылда Отан!».** «Қазақ әдебиеті» (1956 ж, 12 октябрь) газетінде басылды. Үш томдығында жарық көрді.

**«Қараш бойында».** Қолжазбасынан 1956 жылы жазылғаны анықталды. Ең алғаш «Қазақ әдебиеті» газетінің 1957 жылғы 1 январь санында жарияланған.

**«Қазақ қызы Жанарға».** Бұл — Қытайдың Үрімші өлкесінде тұратын ұйғырдың ақын қызы Құрбанова Хамардың өлеңі. Хамар 1956 жылы жазушылар делегациясымен бірге Алматыға келген болатын. Ақын сонда аударған. «Самал» жинағы мен үш томдығында бар.

**«Ойна, ойна балдырған».** «Әдебиет және искусство» журналының 1956 жылғы 10-санында жарияланды.

**«Түнде».** Еңбек тақырыбына арналған өлең. «Самал» жинағынан соң үш томдығына ұсынылды.

**«Ойласам бала кезімді».** «Әдебиет және искусство» журналының 1950 жылғы 10-санында шыққан. Үш томдықтан алдық.

**«Жаңа жыл».** «Самал» атты жинағынан алынып, 1962 жылы үш томдықта басылды.

**«Бұлақ сыры».** «Әдебиет және искусство» (1956 ж, № 10) журналында жарияланған. 1962 жылы ақынның үш томдық шығармаларының 2-ші кітабында басылды.

**«Ауыр, ұзақ жолдар өттім тамаша».** Бұл өлеңін ақын 1957 жылы шыққан «Самал» атты жинағына бет ашар есебінде жазған. Үш томдығынан алдық.

**«Сүйем дейсің, қалай ғана сенемін».** Ең алғаш «Көкшетау правдасы» (1957 ж. 16 июнь) газетінде жарияланды. Кейін «Лениншіл жас» (1959 ж. 16 май) газетінде «Жар сәлемі» деген атпен әнге арналып жарық көрді. «Самал» жинағындағы нұсқасы бойынша үш томдыққа енгізілген, сол вариантты ұсынып отырмыз.

**«Күлсаражан, Күлсара».** 1959 жылы шыққан. Үш томдығынан алынды.

**«Екі жалын бір жүрекке маздаған».** Бір кездегі сүйген адамына арналған. Сәтсіз махаббат жайлы нәзік лирика. Ақын сыршыл адал жүректі жырлайды. Үш томдығы бойынша беріліп отыр.

**«Қарамашы, қадамашы көзіңді».** Ақынның осы сөзіне жазылған лирикалы ән республика жұртшылығына кең таралып кеткен. Музыкасын Асанов деген жас композитор жазған. Ең алғаш нотасымен «Қазақ әдебиеті» (1957 ж, 1 январь) газетінде жарияланды. «Самал» жинағындағы нұсқасы ақынның үш томдығында шықты.

**«Шырт ұйқыда жатыр едім».** Бұл — ақынның ұйықтап жатқан төрт баласын көріп, тебіреніп жазған көңіл күйі. «Көкшетау правдасы» (1957 ж, 16 июнь) газетінде шыққан. Үш томдықтан алып беріп отырмыз.

**«Аққу әні».** «Социалистік Қазақстан» газетінің 1957 жылғы 16 май санында жарияланған. Ақынның үш томдығынан алынды.

**«Ленин атымен».** Бұл өлеңнің тарихы қызық. Қолжазбасынан «Күн астында» деген тақырыппен кездестірдік. «Жүрегімнің тынысы» болып, ықшам түрінде «Социалистік Қазақстан» (1952 ж, 12 февраль) газетінде, «Тынысындай жүрегімнің жалынды» болып, «Әдебиет және искусство» (1956 ж, № 7) журналында басылыпты. Соңғы рет, «Көкшетау правдасы» (1957 ж, 16 июнь) газетінде шыққан. Ақын жыл озған сайын өлеңіне қайта оралып, өзгертіп, тың шумақтар қоса бергенге ұқсайды. Кезінде «Самал» атты жинағындағы нұсқасы үш томдықта жарияланды.

**«Шың мен адам».** Ең алғаш «Социалистік Қазақстан» (1957 ж, 16 март) газетінде жарияланған. Сол жылы «Көкшетау правдасы» (14 июль) газетінде де шықты. Үш томдықтан алдық.

**«Май жыры».** «Әдебиет және искусство» (1956 ж, № 7) журналында «Мереке жыры» деген атпен қысқартылып

басылған екен. Біз үш томдықтағы толық түрін ұсынып отырмыз.

**«Бала думан».** «Пионер» журналының 1955 жылғы 6-санында «Біздің балалар» деген атпен жарияланған үш томдықтағы нұсқасын ұсындық.

**«Мұқаңа».** Лениндік сыйлықтың лауреаты, атақты жазушымыз Мұхтар Әуезовтың 60 жасқа толуына байланысты, 1957 жылы жазылған өлең. Қолжазба бойынша үш томдықта жарық көрді.

**«Алаулаған танды көрдім далада».** Ақынның 1962 жылғы үш томдығының 2-ші кітабынан алынды.

**«Көкшем менің, бесігіңде тербедің».** Бұл өлең 1958 жылы жазылған тәрізді. Қолжазбасы бойынша үш томдығында жарық көрді.

**«Шын сүйікті партиясы Лениннің».** «Қазақ әдебиеті» газетінің 1958 жылғы 21 ноябрь санында жарияланған. Кейін үш томдықта басылды.

**«Сәлем саған, астанам».** Бұл өлең қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада болған онкүндігі кезіндегі, 1958 жылы декабрь айында жазылған. Қолжазбасы бойынша ақынның үш томдығына ұсынылған.

**«Комсомолға».** «Жұлдыз» журналының 1958 жылғы 10-санында жарияланған. Қолжазбасы бойынша үш томдығында жарық көрген.

**«Май дабылы».** Бұл ұзақ өлең «Социалистік Қазақстан» газетінің 1958 жылғы 30 апрель санында жарияланды. Сол газеттегі нұсқасы үш томдыққа енгізілген.

**«Келдің бе сен баяғыдай жайдары».** Лирикалы өлең. Үш томдықтан алдық.

**«Есімде».** «Қызыл ту» (1960 ж, 3 июль) газетінде арнаулы әнімен басылыпты. Музыкасын Жомартов деген жазған. Біз 1962 жылғы үш томдықтың 2-ші кітабындағы нұсқасын жібердік.

**«Қызғалдақ».** «Балдырған» журналының 1960 жылғы 5-санында жарияланған. Үш томдығында шыққан.

**«Әнге айналған адам».** Совет Одағының батыры, есімі

аңыз боп кеткен татардың белгілі ақыны Мұса Жәлелге арналған өлең. Үш томдығынан алынды.

**«Алғыс, саған партия».** «Социалистік Қазақстан» (1961 ж, 10 январь) газетінде жарияланды. Қолжазбасынан үш томдыққа ұсынылған.

**«Рапорт берді Қазақстан».** Аяқталмай қалған өлең тәрізді. Бұл да қолжазбасынан алынып үш томдығында берілген.

**«Мен тарихқа ұмтылман сен арқылы».** Бұл да аяқталмай қалған. Ақын атаққұмар, араққұмар біреулерді мінейді. Үш томдығынан алдық. Жылы белгісіз.

**«Көл лебі».** Экспромтпен жазыла салған дүние тәрізді. Тұңғыш рет үш томдығында жарияланған.

**«Достық үні».** Өлеңнің мазмұнынан қарағанда 1960 жылдың ноябрь айында жазылған сияқты. Өйткені мұнда Ұлы Октябрь революциясының 43 жылдығы жайында, 81 елдің компартиясының жиыны жайында сөз болады. Үш томдықтағы нұсқасы беріліп отыр.

**«Азғын».** Қай жылы жазылғаны белгісіз. Сатылғыш, азғын адам туралы айтылады. Үш томдығы бойынша жібердік.

**«Шық төріме, қарындасым, қарағым».** Бұл — «Екі жалын бір жүреkte маздаған» дейтін атақты өлеңінің екінші түрі, я соның жалғасы тәрізді. Үш томдығындағы нұсқасы.

**«Жалынды менің жүрегім».** Мәтелге айналып кетерліктей ойлы, орамды шумақ. Үш томдығынан алдық.

**«Еске алу».** Көкшетауға арналған өлең. Аяқталмай қалған тәрізді. Қай жылы жазылғаны белгісіз. Қолжазбасы бойынша үш томдыққа ұсынылған.

**«Қар қамалы жан-жақтан қамалайды».** Бұл бір шумақ өлең қолжазбасының ішінен шыққан. Әлдебір өлеңге қатысы бар сияқты. Әйтсе де өз алдына мағына беріп тұрғандықтан үш томдығында жарияланған. Мұнда боранның суреті беріледі.

**«Мен қазақпын».** Бұл да бір өлеңнің басы тәрізді. Өз



алдына бір ой түйінін беріп тұрғандықтан бұның да ұсынылу тарихы жоғарыдағыдай.

**«Бадырайып іздерім жатыр менің».** Қай жылы жазылғаны белгісіз. Қолжазбасы бойынша үш томдықта шыққан.

**«Айтпайым деп көп алдында сүйем деп».** Махаббат лирикасы. Ақынның қойын дәптерінен алынып үш томдыққа ұсынылды.

**«Партия бір бәйтерек асқақтаған».** Саяси өлең. Аяқталмаған тәрізді. Екінші басылымы.

**«Қайнар көзі мендегі өлең-жырдың».** Жылы белгісіз бұл өлеңі қолжазбасы бойынша үш томдықта жарық көрді. Мұнда ақын өзінің жарқын поэзиясын тағы да бір дәлелдейді. «Көрікті келешегі бар елімнің жыршысымын» деген абзал ойын алдымызға тартады. Ақын коммунистік партияның программасы жарияланатынын сезіп жазғандай.

#### Поэмалар

**«Алтай».** Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған поэма. Ақынның осы тақырыпқа қалам тартқан дүниелерінің ең ірісі. Уақиға желісіне қарағанда, ақын о баста көлемді бір полотнаның жоспарын сызған секілді. 1950 жылдың үлесіне жатады. 1962 жылы шыққан ақынның шығармаларының үш томдығынан алып ұсынып отырмыз.

**«Азамат».** Бұл да желісі тартылған үлкен еңбектің басы. Ақын екі-ақ бөлімін жазып үлгіріп кеткен. Алғаш үзінділері «Әдебиет және искусство» журналының, 1955 жылғы 10-санында жарияланған. Сол жылы «Көкшетау правдасы» (7 август) газетінде де үзіндісі басылды. Біз 1957 жылы шыққан «Самал» атты жинағына еніп үш томдықта басылған.

## МАЗМҰНЫ

### ӨЛЕҢДЕР

Аттанайық майданға . . . . .	3
«Есіне ал мені, есіңе ал» . . . . .	4
Аттанарда . . . . .	5
«Шайқасқа кеттім ел үшін» . . . . .	7
Жабыға берме, жан сәулем . . . . .	8
Аждаһа — Гитлер . . . . .	9
Маған күш бер . . . . .	13
Мойсей . . . . .	14
Қайратқа жеңдір қайғыңды . . . . .	15
«Алтыны бар да, гүлі жоқ» . . . . .	16
«Қулығың ба айтып тұрған» . . . . .	17
Өзгеден ерек шын адам . . . . .	18
Алты сөз . . . . .	19
Түн қатады партизан . . . . .	20
Сендерді терең ойға алсам . . . . .	22
Сағындым сені достарым . . . . .	24
Еске алу . . . . .	25
Айтылмай кеткен аманат . . . . .	28
Қазақ жыры . . . . .	33
«Жалынып қана сөз айтпа» . . . . .	35
Украина қызына . . . . .	36
Донец . . . . .	38
Е. М. Масловаға . . . . .	39
Шын алтындар жарқырап . . . . .	41
Өмірден өксіп сен кеттің . . . . .	42
«Сияменен жазылған жоқ бұл сөзім» . . . . .	43
Қанжар . . . . .	44
Ұрыстан кейін . . . . .	45
Майданда кездесу . . . . .	46
Жауынгер сөзі . . . . .	47
Днепрге қарады . . . . .	49
Биік шын . . . . .	50
Сені мен мен . . . . .	51
Бір ақынға . . . . .	52
«Елді сүйсең беріле жүрекпен сүй» . . . . .	53
Қиев жырларына . . . . .	54
Мен келдім . . . . .	56
Сен қожа . . . . .	57
«Оқ тескенде» . . . . .	58
«Бақыт деген немене» . . . . .	59

«Сен айтпа» . . . . .	60
Женіс күні . . . . .	61
«Гүлжансың-ау» . . . . .	62
«Дала боран» . . . . .	63
«Ей, туған жер» . . . . .	64
«Қарақат көз» . . . . .	65
Москва . . . . .	66
Есімде Айдар өзені . . . . .	67
Достық жыры . . . . .	68
Туған жерім — Сен Баян . . . . .	69
Қолхоз түні . . . . .	70
Қолхоз таны . . . . .	72
Туған жер . . . . .	73
«Тұлпардың сыны толар ма?» . . . . .	74
Сығалайды ай көк жиегі сөгіліп . . . . .	75
Бақташы мен бұлбұл . . . . .	76
Көсем туралы сөз . . . . .	77
Россия туралы сөз . . . . .	78
А. С. Пушкин . . . . .	82
Күздегі көріністер . . . . .	83
Ленин . . . . .	86
Орыс халқына . . . . .	87
Совет халқына . . . . .	88
Сайлау күнгі қуаныш . . . . .	89
Орман туралы жыр . . . . .	90
Ақта ата-ана борышын . . . . .	91
Партия туралы сөз . . . . .	92
Комсомолдар . . . . .	95
Өлеңім менің . . . . .	96
Никос Беллоянистің өліміне . . . . .	98
Таң мен адам . . . . .	99
Бақыт заңы . . . . .	100
Тас бұлақ . . . . .	101
Ашығудың бесінші күнінде . . . . .	102
Тракторшы . . . . .	104
Аяз ата . . . . .	106
Май күні . . . . .	109
Қәрібай шал . . . . .	110
Достық туы . . . . .	112
Жаңбырлы күні . . . . .	113
Жолығар кезді мен күттім . . . . .	114
«Мені есіне ал» . . . . .	115
«Тоқта, жүрек, болды мезгіл» . . . . .	116

Май жыры . . . . .	117
Жаңа жылға тарту . . . . .	118
Қолхоз қызы Биғайша . . . . .	120
Екі дос . . . . .	121
Кел бауырым . . . . .	123
Ресей қызы . . . . .	125
Жігіт пен қыз . . . . .	127
Бір түнде . . . . .	129
Данаша . . . . .	130
Көз алдыма келтіреді Арқаны . . . . .	131
Біреу . . . . .	133
Тапқы мұрын қара қыз . . . . .	134
«Япыр-ау неткен жан едің» . . . . .	136
Тұр, бөпешім . . . . .	137
Шәрбанға . . . . .	138
Қабылда, Отан . . . . .	139
Қараш бойында . . . . .	141
Қазақ қызы Жанарға . . . . .	142
Ойна, ойна Балдырған . . . . .	143
Ойласам бала кезімді . . . . .	144
Бұлақ сыры . . . . .	147
«Ауыр, ұзақ жолдар өттім тамаша» . . . . .	149
«Сүйем дейсің, қалай ғана сенемін» . . . . .	150
«Күлсаражан, Күлсара» . . . . .	151
Екі жалын бір жүректе маздаған . . . . .	152
«Қарамашы, қадамашы көзінді» . . . . .	153
«Шырт ұйқыда жатыр едім» . . . . .	154
Аққу әні . . . . .	156
Ленин атымен . . . . .	157
Шың мен адам . . . . .	160
Май жыры . . . . .	161
Бала — думан . . . . .	165
Мұқана . . . . .	166
«Алаулаған таңды көрдім далада?» . . . . .	167
Көкшөм менің, бесігінде тербедің . . . . .	168
Шын сүйікті партиясы Лениннің . . . . .	169
Сәлем, саған, астанам . . . . .	172
Комсомолға . . . . .	173
Өткен жазда . . . . .	174
Май дабылы . . . . .	175
«Қелдің бе сен баяғыдай жайдары» . . . . .	180
Есімде . . . . .	181
Қызғалдақ . . . . .	182

Әнге айналған адам . . . . .	183
Алғыс саған партия . . . . .	185
Рапорт берді Қазақстан . . . . .	187
«Мен тарихқа ұмтылман сен арқылы» . . . . .	188
«Көл лебі» . . . . .	189
Достық үні . . . . .	190
Азғын . . . . .	192
«Шық төріме, қарындасым, қарағым» . . . . .	193
Жалынды менің жүрегім . . . . .	194
Еске алу . . . . .	195
«Қар қамалы жан-жақтан қамалайды» . . . . .	196
«Мен қазақпын» . . . . .	197
Бейбітшілік . . . . .	198
Дос туралы жыр . . . . .	199
«Бадырайып іздерім жатыр менің» . . . . .	200
«Айтпаймын мен көп алдында сүйем деп» . . . . .	201
Партия бір бәйтерек асқақтаған . . . . .	202
«Қайнар көзі мендегі өлең-жырдың» . . . . .	203

## ПОЭМАЛАР

Алтай . . . . .	204
Азамат . . . . .	226
Түсініктер . . . . .	247

**Жумагали Саин**

**СОЧИНЕНИЯ**

*(в трех томах)*

**ТОМ II**

*(На казахском языке)*

Редактор *Д. Канатбаев*, Художник *А. Смагулов*.

Худож. редактор *Т. Мухатов*. Техн. редактор *Р. Карымсакова*.

Корректор *С. Бектлеуова*.

**ИБ 744**

Сдано в набор 22.09.78. Подписано к печати 01.12.78. Формат 84×108<sup>1/32</sup>. Бумага тип. № 1. Печ. л. 8,75. Усл. п. л. 15,2. Уч.-изд. л. 11,17. Литературная гарнитура. Высокая печать. Тираж 10 000 экз. Заказ № 1424. Цена 1 руб. 50 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480091, г. Алма-Ата, проспект Коммунистический, 105.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.